*Аңдатпа. Жұмыста жасөспірімдердің жас ерекшеліктері және олардың мінез-құлыққа әсері толеранттылық тұрғысынан қарастырылған. Жастар - кез-келген қоғамның бүкіл әлеуметтік жүйенің көбеюі мен жаңаруын қамтамасыз ететін басты стратегиялық ресурсы деген тұжырым жасалады. Жастар әлеуметтік топ ретінде ең белсенді әлеуметтік топтардың бірі болып саналады, ал олардың әлеуметтік белсенділігі әрдайым сындарлы бола бермейді, өйткені жастардың толеранттылық санасының төмен деңгейі деструктивті сипаттағы әлеуметтік белсенділіктің көрінуіне ықпал етеді.*

ӨОК 372. 811

Ғазиз Ж.Х., Торина М.Б.  
«Ю.Н. Павлов №35 ЖББОМ» КММ қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдері

**ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУ МӘСЕЛЕСІ ЖӘНЕ ОНЫ**  
**ШЕШУ ЖОЛДАРЫ**

*Аңдатпа. Мақалада қазақ тілін оқушыларға дұрыс сөйлеп, сауатты жазу дағдыларын қалыптастыру жолдарын көрсеткен. Әр оқушымен әр түрлі деңгейде жүргізілетін жұмыс түрлерін айқындап берген. Орыс мектептерінде қазақ тілі өз дәрежесінде өткізіліп жүргені туралы айтылған.*

Қазақ тілі – түркі тектес елдердің ішіндегі ең бай, келешегі келбетті, болашағы зор , ауқымды тіл. Қазақ тілінің құдіретін айтып жеткізу мүмкін емес. Өмір бойы адамға эстетикалық ләззат беретін, рухани азық болатын құдіретті тіл.

Әр ұлттың жан дүниесін, табиғи бітім-болмысын, мінез-құлық, іс-әрекетін, тұрмыс-тіршілігін танытатын – оның тілі. Ғылыми-техникалық прогресс пен өркениетті даму дәуіріне бет бұру кезеңінде жаңа қоғамға лайықты саналы, білімді, мемлекеттік тілді жетік білетін тұлға қалыптастыру бүгінгі мектеп алдында тұрған негізгі міндет.

Мектеп қабырғасында өз бетінше білім жинай алатын, өз алдына мақсат қойып, оны шешу жолдарын айқындап, проблемаларды шеше алатын өзіндік ой-тұжырымдамасы бар ұрпақ тәрбиелеу жолға қойылуда.

Орыс мектептерінде қазақ тілін жүргізу көп дайындықты қажет етеді. Өйткені оқу орыс тілінде жүргендіктен оқушылардың ойлау қабілеттері де басқаша болды. Қазақ тілін екінші тіл ретінде оқытуда әдіс-тәсілдердің маңызы зор. Әдіс-тәсілдерді баланың жас ерекшеліктеріне, ойлау қабілеттеріне қарай дұрыс таңдап, тиімді пайдаланғанда ғана мақсатқа жете аламыз. Сондықтан да мұғалімдер сабақ үстінде оқушының жүйелі жұмыс істеуіне мүмкіндік туғызып, сабақтың тақырыбына сай міндет қоя білу керек. Өз бетімен жұмыс істеуге оқушылар зор ынтамен, үлкен қызығушылықпен қатысады. Мұндағы ерекшелік оқушы білімді саналы меңгереді, логикалық ойлау қабілеті артады, салыстыру, дәлелдеу дағдылары қалыптасады. Өздік жұмыс оқушының білімін, көзқарасын тереңдетеді, өздік ойын, көзқарасын қалыптастырады. Бала жас кезінен еркін ойлауға, алдына қойған істі жоспарлап, оны соңына дейін жеткізуге, кедергілерге қарсы тұруға бейімделгені жөн.

Қазақ мектебіндегі қазақ тілі мен орыс мектебіндегі қазақ тілін оқытудың айырмашылығы өте үлкен. Екеуі – екі бөлек, екі түрлі мәселе. Қазақ мектебіндегі балаға лингвистикалық білім беріліп, тілдік қарым-қатынастағы сөйлеу мәдениеті жетілдіріп, қазақ тілінде оқытылады. Орыс мектебінде балаға өз ойын басқа біреуге дұрыс жеткізе білу үшін коммуникативтік дағды мен білік игеріліп, тіл үйретіледі. Орыс мектебінде қазақ тілінен сабақ беретін мұғалімдер еңбегінің табысты болуының бірден-бір қайнар көзі қазақ тілімен орыс тілінің арасындағы ұқсастық пен айырмашылықтарды есепке ала отырып оқыту. Орыс мектептерінде қазақ тілі мен әдебиеті оқушыларға әр түрлі жолдармен үйретіледі. Кейбір оқушылар үшін қазақ тілі өз ана тілі болғандықтан, қоғамдық ортада өз көзқарасын білдіріп оны дәлелдеп, қазақша тілдік қатынасты жан-жақты игеретіндей білім беруге тура келеді. Кейбіреулері үшін қазақ тілі екінші тіл болып саналатындықтан, оқушыларға қазақ тілін дұрыс сөйлеп, сауатты жазу дағдыларын қалыптастыру арқылы үйретіледі.



Қазіргі заманда мұғалім жаңаша ойлап, батыл шығармашылық ізденістерге талпына білу керек. Сабақтарда білім оқушыларға дайын күйінде берілмеу қажет. Әр оқушы өз бетінше білім алып, бар жан дүниесімен қызығушылығын ояту мұғалімнің шеберлігіне байланысты. Мұғалім оқушыға сабақ барысында дұрыс бағыт-бағдар беріп отырса, сонда ғана шәкірт алдында мақсат қойып, жаңа материалды игеру үшін амал-тәсілдерді іздеп тауып, іске кіріседі. Өз бетімен алған білім тиісті нәтижесін береді. Сондықтан да қазақ тілі мен әдебиет сабақтарында тіл үйренуге жағымды уәж тудырып, жағдай жасаса, оқушының да тілге деген сүйіспеншілігі артып, қызығушылығы оянады. Баланы өздігінен жұмыс істеуге, өздігінен ізденіп білім алуға үйрету – ең тиімді жол.

Оқушылардың өз бетімен орындауына берілген тапсырмалар олардың сабаққа дайындық деңгейін, бойында бар белгілі бір қасиеттерін, танымдық қызығушылықтары оянатындай етіп әдіс-тәсілдер қолданған абзал. Әр оқушы мен жұмыс әр түрлі деңгейде жүргізіледі. Қарапайым және бастапқы деңгейдегі күтілетін нәтиже: түсінікті сөйлеу дағдысы мен сауатты жазу дағдысының қалыптасуы арқылы күнделікті жағдаяттарда қарапайым тілдік дағдыларды өз мүмкіндігінше пайдаланып, қазақ тілінде қатысымға түседі. Орта деңгейде күтілетін нәтиже: қазақ тілінде дұрыс, орынды, сауатты сөйлейді және жазады, ойын еркін әрі түсінікті жеткізеді. Жоғарғы деңгейдегі күтілетін нәтиже: оқушылар сөйлесім әрекетінің түрлерін әлеуметтік ортада орынды қолдана біліп қана қоймай, өз ойын, пікірін дәлелдеп жеткізе біледі.

Кейінгі жылдары орыс мектептеріндегі қазақ тіліне сағаттар көбірек бөлініп, мемлекеттік тілді меңгеру мәселесі өз дәрежесінде жүріп жатыр. Егер де осыдан бірнеше жыл бұрын оқушылар қарапайым жаттығулар орындап, мәтінді аудару сияқты тапсырмалармен шектелсе қазіргі таңда әр түрлі деңгейдегі тапсырмаларды орындап, қазақ тілінде пікір-талас ұйымдастырып, шығарма, ой-толғау, эссе жазу сияқты шығармашылық жұмыстар орындайды.

Орыс мектебіндегі қазақ тілі арқылы біз халқымыздың тарихын, әдебиетін, мәдениетін, ұлттық салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, болмысын таныта аламыз. Осы мақсатқа жетсек қана егеменді елдің саналы азаматын тәрбиелейміз.

#### ***Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:***

- 1.«Қазақ әдебиеті және мемлекеттік тіл» ғылыми-әдістемелік журнал №3(27) , Алматы, 2011 жыл*
- 2.«Білім ғылыми-педагогикалық журналы. №6 Алматы, 2011жыл*
- 3.«Мектеп» республикалық ғылыми-әдістемелік, педагогикалық журнал №05(81), 2010 жыл*
- 4.«Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде» республикалық ғылыми-педагогикалық басылым №10 Алматы, 2009 жыл*

**Ғазиз Ж.Х., Торина М.Б.**

### **ПРОБЛЕМА ПОВЫШЕНИЯ КАЧЕСТВА ОБРАЗОВАНИЯ В ОБУЧЕНИИ КАЗАХСКОМУ ЯЗЫКУ И ПУТИ ЕЕ РЕШЕНИЯ**

***Аннотация.*** В статье показаны способы формирования у учащихся навыков правильного и грамотного письма по казахскому языку. Определяли виды работ, проводимых с каждым учеником на разных уровнях. Отмечается, что в русских школах проводится казахский язык в хорошей степени.

ӘОК 47.56

Daýenova M.A., Makajanova M.T.  
«Akademik E.A. Býketov atyndaǵy jalpy bilim beretin mektebi» KMM  
Qaraǵandy qalasy, Qazaqstan Respýblıkasy

### **TULǴANY DAMYTÝDYŇ PSIHOLOGIALYQ- PEDAGOGIKALYQ TÚRLERİ**

***Аһдатпа.*** Bul maqalada tulǵanyń psihologialyq – pedagogikalıyq erekshelikleri men sanasyn qalyptastyruý ádisteri kórsetilgen. Sonymen qatar, avtorlar qazaq tilin oqytý arqyly oqyshylardyń jeke qasmetterin damytýǵa bolatyndyǵyn anyqtaıdy.

Búgingi zaman aǵymy bolashaq urpaqtyń oı – órisiniń shyńdalǵyn, jeke tulǵa retinde qalyptasýyn talap etýde. Oqytý men damýdyń ózara qarym-qatynasy barlyq ýaqytta pedagogikalıq ózekti másele bolyp otyr. Ia A. Komenski eńbeginen bastap, oqytýdyń ǵylymı negizin izdestirý bastalǵan, sonıń negizinde árbir oqýshynyń jeke múmkindikteri men olardıń jasynyń damý úrdisindegi ózgeristerin eskere otyryp damyta oqytýdyń ǵylymı negizin izdestirý bastalǵan.

Tárbielenetin de , oqytylatyn da adam abstraktılı emes. Ol barlyq ýaqytta ádette ulttyq sana men ózindik sanasynyń ulttyq tanymynyń , seziminiń jáne erkinin erekshelegen adamdardyń basqa bir adamdarmen ózara qarym –qatynastary men qarym – qatynastaryndaǵy ulttyq ulttyq kelbetiniń ideialyq erekshelekteri tán bolatyn qandaı da bir ulttyń ókili. Qazirgi tańdaǵy didaktikalıq júie, eki jaqlyly oqytý men oqý - oqytýdyń is – áreketin quraıdy, olardıń didaktikalıq qarym – qatynasy didaktika pánin quraıdy degen tujyrymdamadan negiz alady. Qazirgi tańdaǵy damyta oqytý teoriasynan, psıhikalıq damýǵa baǵdarlangan tujyrymdamany jáne tulǵalyq damýdy eskeretin tujyrymdamany erekshe ataǵa bolady[1].

Búgingi zaman aǵymy bolashaq urpaqtyń oı – órisiniń shyńdalǵyn, jeke tulǵa retinde qalyptasýyn talap etýde dep oǵaryda aıtyp ótken bolatynbyz. Osy oraıda uly pedagog Ýshinski diń «Bala – balqytylǵan altyn » degen uly sózi eske túsedı. Jańa tehnologiıalardyń jıntyǵy bolyp tabylatyn , bilim berýdegi jańa format tásiliniń teorıalyq negizderine súiene otyryp tájiribege engizilip júrgen jeti modúlden quralǵan baǵdarlamanyń bizdiń ómirimizde alatyn orny erekshe bolyp tabylady. Álemdik tájiribege negizdele otyryp jasaqtalǵan bul baǵdarlama oqýshylardyń qalaı oqý kerektegin úrenip, sonıń nátjesinde erkin, ózindik jetkize alatyn, senimdi, synı pikir – kózqarastary júeli damyǵan, tanymdyq qyzyǵyshlyǵy men múmkindigi joǵary tulǵa qalyptastyrdy maqsat etedi. Bul modúldardyń barlyǵy da qazaq tili men ádebieti pándesinde qoldanýǵa yǵaıly , ári tiimdi. Sabaqtarymyzda klaster qurý, «avtor oryndyǵy», olaryn erkin jetkizý, INSERT kartasyn, diskúsialıq kartany jáne Venn diagramasyn qurastyru sqaqy jumystardy jii bashylyqqa alamyz.

Syn turǵysynan oılaý strategiasy boıynsha júrgiziletin jumysta oqýshylardyń tiisti deńgeide:

1. Óz betinshe tujyrym jasap, qorytyndy shyǵary
2. Problemany sheshe bilý
3. Pikirtalasta óz oıyn dáleldei bilý
4. Uqsas qubylystar arqyly arasynan tiimdisin tańdaı bilý[2].

Alǵa qoıǵan mindetterdi sheshý úshin jeke tulǵanyń sanasyn qalyptastyru ádisteri qoldanylady. Bul toptaǵy ádisterdiń sezimderi, kónil –kúı emosiasyn qalyptastyru da mańyzy zor. Eger oqýshylar pedagogikalıq áserge jaýap bermese, jeke tulǵalyq qasıetterdi qalyptastyru júzege aspady. Oqýshylardyń tárбие mazmunyna saı is-áreketke belsenditúrdi aralasýqajetiligi bolǵan jaǵdaıda ǵana alǵa qoıylǵan maqsat oryndalady. Osylaısha, jeke tulǵanyń sanasyn qalyptastyru ádisteri oqýshylardy alǵan bilimderin kúndelikti tájiribede belsendi qoldanýǵa , iaǵni minez – qulyq ádetterin qalyptastyruǵa daıyndaıdy. Belgili bir ádetterdi qoldanýdyń qajetiligin túsiný tárбие úrdisinde ár túrli ádisterdi qoldaný arqyly júzege asyrylady.

Ádisterdiń árqaisysynyń ózindik erekshelekteri men qoldaný aiasy bar. Syrttaı ońaı bolyp kóringenimen, olardıń árqaisysy muǵalimniń joǵary bilimin talap etedi. Olar túrde bir – birimen tyǵyz bailyysta qoldanylady. Etikalyq tapqyryptaǵy áńgime, kóbinese, orta synyptarda qoldanylady. Bul degenimiz adamgershilik mazmuny bar derekter men oqıǵalardy áserli de qyzyqty etip aıtu. Jaqsy áńgime oqýshylarǵa minez –qulyqtyń adamgershilik normalaryn túsinýge kómektesedi, sezimge áser etip, áńgimedegi oqıǵalarǵa degen oqýshylardyń oń ne teris qatynasyn qalyptastyrady. Etikalyq taqyryptaǵy áńgimeniń nátijeli bolýy tómenдеgi jaǵdaılarǵa bailyysty:

- Áńgime mazmunynyń oqýshylardyń jas erekshelekteri men olardıń áleymettik tájiribesine saıkes bolýy.

- Áńgimeniń qyzyqty, áserli, túsinikti bolýy, onda adamgershilik oı-pikirlermen qosa mysaldardyń, jaǵdaıardyń bolýy.

- Áńgime oqý barysynda áńgime-suhbattyń júrgizilýi; oqýshylardyń áńgimeni taldaýǵa atsalsysyp, ózderiniń oı-pikirlerin bildire alýlary óte mańyzdy.

- Áńgimege qosa sýretterdi qoldaný (beineleý óneriniń týyndylary, fotografialar).

- Áńgimeni durys qabyldaıda mýzykanyń orny erekshe.

- Mazmundama tiliniń ádebi saıatty bolýy.

Etikalyq áńgimeni qabyldaıda bólme ishiniń jabdyqtalýynyń da mańyzy bar. Josparlangan áńgimeler jaıly bólmelerge, oqýshylar eshqaida asyppaǵan erkin jaǵdaıda júrgiziledi. Etikalyq

áñgimeden keiın oqýshylar mazmuny men kónil-kúii jaǵynan ózgeshe bir iske (mysaly, sportyq jarys) kirisip ketse, áñgimeniń tárbielik máni tómendeidi[3].

Ǵylymı –tehnikalıyq álemniń damýyna baılanıstı jeke tulǵanyń ómir súrııne jańa áleymettik talaptar qoıyla bastady. Oıyn indýstriyasynyń jańa túri – kómpúterlik oıyndardıń paida bolýy jeke tulǵaǵa, onyń ereksheliklerine qatty áser etýde. Sondyqtan balalarǵa ártúrli zıandy jáne qayıptı oıyndardan saqtandıruymız qajet[4].

Qazirgi zaman talabyna saı quziretti , ıaǵni ana tiliniń bazalyq qundylyqtaryn meńgergen , memlekettik jáne basqa da tilderde mádeni áleymettik ózara qatynasqa daıyn, amalasyndaǵy adamdarmen aıyızsha jáne basqa quraldarmen jumys jasaýǵa qabiletti tulǵany qalyptastyruı ár muǵalimniń alǵa qoıǵan mindeti bolyp tabylady.

#### ***Paidalanylǵan ádebietter tizimi:***

1. *Ustaz tilegi //Ǵylymı-ádistemelik jýrnal. – A.: 2019, 9-bet*
2. *Sultanbekova Q.T. Zamanayı álemdegi ǵylym men bilim –Q.2013, 261-bet*
3. *Manteeva R. H. . Zamanayı álemdegi ǵylym men bilim –Q.2013, 207 bet*
4. *Qorjymbaeva M.B. Naýka i obrazovanie v sovremennom mire.-Q.; 2015, 393-bet*

**Дауенова М.А.,Макажанова М.Т.**

#### **ПСИХОЛОГО – ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ РАЗВИТИЯ ЛИЧНОСТИ**

*Аннотация. В данной статье представлены психолого – педагогические особенности и методы формирования сознания личности. Кроме того, авторы определяют, что посредством обучения казахскому языку возможно развитие личностных качеств учащихся.*

ӨОК 375.10.01

Даулиева А.Р.

Магистрант, «Volashaq» академиясы, Қарағанды қаласы, Қазақстан Республикасы  
Ғылыми жетекшісі:п.ғ.к., доцент Асакаева Д.С.

#### **ТҰЛҒАНЫ ЖЕТІЛДІРУДЕ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУ**

*Аңдатпа. Мақалада креативтіктің тұлғалық аспектісі қарастырылады. Креативтік құндылық-бағдарлы тұлғаның көпбағдарлы білімі мен қабылдағыштығы, мәселелерге сезімталдығы, жаңалықтарға ашықтығы мен жаңалықты жасау үшін қалыптасқан стереотиптерді жаңғырту мен өзгертуге бейімділігі қарастырылады.*

Креативтік пен шығармашылық ойлауды дамыту және қалыптастыру мәселесі психологтардың зерттеулерінде неғұрлым ашылған. С.Л. Рубинштейн, Б.М. Теплов, М.Г.Ярошевский, Б.М. Кедров, А.М. Матюшкин, Я.А. Пономарев, А.Н. Лук, А.В. Брушлинский және басқалар адам психикасының қасиеті мен әрекетінің өзара байланысын, шығармашылық механизмін ойлау әрекетінің-өнімді және өнімсіз жақтарының бірлігі ретінде қарастырады. Психологияда тұлға қабілеті жөнінде Б.Г. Ананьева, Н.Д. Левитова, Н.С. Лейтес, В.Д.Шадрикова және басқалардың жұмыстары орындалған. Тұлғаның шығармашылық әлеуеті мен шығармашылық әрекеттің мотивациялық аумағын дамыту мәселесі А.М. Мелик-Пашаев, Ю.А. Полуянов, Л.И. Божович, А.Н. Леонтьев зерттеулерінен көруге болады.

Креативтік маңызды және ерекше феномен болатын бұрынғы зерттеулермен қазіргі зерттеулерде креативтікті әр тұлғаның зияттылық және тұлғалық ерекшеліктері ретінде қарау беталысы айқындалады. Бұл креативтік мәселесіне деген әр түрлі бағытталғандықты көрсетеді: ол әрине, барлық тұлға бірдей жете алмайтын креативтік қорытындысы емес, (бұл мәселе күрделірек, өйткені қорытынды ретінде тек ғалымдар мен жасампаздар жететін объективті әлеуметтік маңызды жаңа қорытынды қарастырылады), рефлексия және субъектінің өз-өзін бағалауы негізіндегі тұлғалық маңызды жаңа сапа деп зерттеледі.

К.А. Абульханова іс-әрекет субъектісі бола алған тұлғаның сапалық өзгерістерін қарастырып, адам бойында өтетін трансформациялардың үшеуін ажыратады. Біріншіден, барлық қасиеттер, қабілет, кейіп тұлғаның өмірдегі тірлігі мен іс-әрекетін қамтамасыз ету құралы ретінде қолданылады. Екіншіден, барлық әрекеттер тұлғаның іс-әрекетіне бағынышты болатын жеке-даралықтың байқатады. Үшіншіден, тұлға субъект болған соң бойындағы өз

шамасына, қабілеттері мен мүмкіндіктеріне қарамастан өмірдегі және іс-әрекеттегі өз стратегияларына арқалана бастайды. Міне, сондықтан өзінің ерік-күшін, зерде-зиятын, қабілеттерін өмір сүру мағынасынан айырылып қалған адам іс-әрекет пен өзін-өзі жүзеге асыру үшін қолдана алмайды. [ 1, 68 б.].

Креативтік - жаңа өнім немесе шығармашылық ойлау нәтижесі (К.Тейлор [2], В.Г.Терехова [3], О.Тихомиров [4]) деп көрсетеді. Басқа зерттеулерде шығармашылық үдерістің басымдылық нәтижесі жаңаны ойлап табу (П.Я.Гальперин [5], А.В.Брушлинский [6, б. 227]). Бұл В.И. Андреев [7] еңбектерінен айқын байқалады «шығармашылықты сол нысанмен бақылауға болмайды, ол өндірілетін нәтиже. Креативтік – ол білімнің толық ашылуы, эвристикалық іс-әрекет деген атқа ие болады».

Шығармашылық психологиялық тұрғыдан алғанда, нәтижесінде жаңа материалдық рухани құнды дүние тудыратын әрекет. Ал педагогикалық тұрғыдан алсақ, шығармашылық дегеніміз – адамның белсенділігі мен өз бетінше жұмыс істеуінің жоғары түрі және ол әлеуметтік қажеттілігі мен өзіндік ерекшелігімен бағаланады. Американдық психолог Э.Фромм [8] анықтамасы бойынша шығармашылық дегеніміз – бұл, тани білу, жаңа бір нәрсені анықтауға ұмтылу және өз тәжірибесін терең түйсіне білу қабілеті.

Тұлғаның өзіне деген сенімін арттырып және іс-әрекетін демеп, қабілетін дамытып, шығармашылық жұмысының бастамасын дамытуға және тежеуге жағдай туғызатын шығармашылықты оқытушы. Жалпы педагогикалық үдерісте шығармашылық мәселесі маңызды орын алады. Озат ұстаз оқушылардың шығармашылық қабілетін қалыптастыруда барысында оқыту мен тәрбиелеу әдістерінің жаңа түрлерін іздей отырып, өзі шығармашыл тұлға болып дамиды. Республикамыздағы танымал ғалымдар Н.Д.Хмель [9, б. 45] еңбектерінің өзегі болып табылады. Педагогикалық еңбекті шығармашылық үдеріс ретінде қарастырған Талызина Н. Ф [10, б.15], Щукина Г.И [11, б.12] , Е.Н. Бурдина [12, б.18] зерттеулерінде ұстаз шығармашылығының психологиялық негіздері, педагогтің жеке шығармашылығын қалыптастыруда жолдарына талдау жасалады.

Белгілі білім немесе өнер түрлерін қалыптастыруға жалпы қабылданған дүниеге жаңалық жасау үшін талпыныс жасау. Сонымен қатар, сынға шыдамдылық, сонылығы, екі ұштылық, контексті көпшілігіне артықшылық береді. Шығармашылық қабілет тұлғаның ойлау қабілетінен олардың еңбек әрекетінен, өнер туындыларынан және материалдық жан дүние әрекетінен көрінеді. Креативті ұстанымның белгілерінің бірі – креативті ойлау. Біз іштен және сырттан қиялымызға әсер еткенде «ойлаймыз»; біз ойлағанда, жоспарлағанда, сезімімізді білдіргіміз келгенде «ойлаймыз»; біз мәселені шешуге тырысқанда, ойластырылғанды қайта қарастырғанда «ойланамыз». Мұның барлығы креативті ойлау, полюстері логика және қиял болатын белсенділік, тұлғашілік және тұлғааралық қатынастың қорытындысы. Бұл белгілі бір талапқа жауап қайыру, яғни қабылдаудың объективті анықтамасы. Осы үдерісті біз тепе-теңдік ретінде көрсетуімізге болады.

Ойлау полюстерді тепе-теңдікте ұстайды және қарама-қарсы көрінетін бірліктерді қосады. Студенттердің бақылай отырып, біздің аңғаратынымыз, олар көбінесе біз олардан күтетін жауаптар береді. Олар тек өздерінің толық сенімділіктегілерін ғана айтады. Бірақ, барлық жаңа креативтік анықталмаған, «ақылды және тапқыр» мәртебесіндегі бала, креативті болудан қашады, себебі өз беделін жоғалтып алудан қорқады. Ал мұндай жағдай механикалық ойлауға әкеледі. Бұл тұрақтылық, сонымен қатар жалықтыруды туғызады. Механикалық ойлау креативті ойлаудың ең үлкен қатері, яғни ол жаңаны сезініп, ашу мүмкіншілігін жояды. Келесі қатер алдын-ала айтылған сын болуы мүмкін. Көбінесе ерекше, дұрыс келмейтін байланыстыру шығармашылық ойлауға негіз болады, ал ерте айтылған сын жаңа дамуды тұншықтырады.

Рубинштейн С.Л. [13] шығармашылықты мәдени-тарихи аспекті ретінде қарастырса, 1914 жылы психолог Бондаревская Е.В [14] тұлға санасындағы ойлау үдерісі қызықтырды.

Тұлға креативтігін қалыптастыру мен шығармашылық қабілеттерін дамыту мәселесін зерттеу үшін күрделі болып табылады, бірақ мүмкін болатын барлық бағдарлар қазіргі кезде де өзекті. А.В. Морозов [15], Е.Е. Щербаква [16], Т.Н. Дронова [17] бұл мәселенің күрделілігін табиғат пен креативтік қабілеттердің көрінуімен анықталатын алуан жоспарлы факторларының санының көп болуымен байланыстырады. Негізінен бұл факторларды үш жалпы топтарға бөлуге болады.

Аталған бағыттардың біріншісінің дәлелі ретінде Д.Б. Богоявленская [19, б. 231] өзінің «Креативтік өріс» әдістемесінен алынған мәліметтерді келтіреді. Онда шығармашылық қабілеттер теориялық ойдың операциялды аппараты қалыптасқан балаларда ғана көрінгені дәлелденген. Бұл оның шығармашылық қабілеттер компоненті ретінде қажеттілігінен көрінеді.

М.И. Дьяченко [21] креативті үдеріс моделінде үш өзара байланысты құрамдастықты көрсетеді:

1) рефлексивтілік адамның жаңалықтардан айырмашылығын көрсететін, тіл арқылы әлемді талдау, жоспарлау, көрсету арқылы өзіндік сана, өзін-өзі бағалау негізгі үдеріс ретінде.

2) жақсыға өзгерту мүмкіндігіне сену ортаны нақты өзгертуге мүмкіндік беретін «ішкі және сыртқы» тәжірбиені ұйымдастыруға мүмкіндік беретін мақсатты бағыттылық.

3) мәдениет пен даралық ерекшелігі ұсынған немесе қайта ұйымдастыру тәсілдерін меңгеру.

Дж. Рензуллидің үш бірлігінің тағы бір компоненті – креативтік өлшемдерінің түрлілігімен ерекшеленді. Е.П.Торренс [20, б.112] төрт (жылдамдық, икемділік, сонылық, өңделгендік), Дружинин В.Н., Хазратова Н.В [21] сегіз (мәселені көре білу, жылдамдық, икемділік, сонылық, талдау мен жинақтауға қабілеттілік, идеяны ұйымдастырудағы құрылымның дұрыстық түйсігі) бөліп көрсетеді.

Шығармашылық әрекет мазмұнымен тікелей байланысты түрткілер басым (елігу, тілек, бейімділік, қызығушылық, қажеттіліктер), мотивациялық қажеттілік аумағының иерархиялық құрылымында бағыттылықты шығармашыл тұлғаның негізгі сипатының бірі ретінде ұсынамыз.

Құрылымында шығармашылық (өнімді) ойлау нышандар, қабілеттердің табиғи алғышарты, интеллекттің өзгешелігінің жиынтығын құрайды. Бұл үш бірлік моделінің құрамдасы Бубер М. [16] зерттеулеріне сәйкес қабілеттері орташа студенттерді алғанда, олардың әрекетінің табыстылығын қамтамасыз етеді және компенсаторлық функцияны орындайды. Ермолаева-Томина Л.Б [17] шығармашылық ойлау ұғымының орнына «креативті ойлау» ұғым – сөз тіркесін қолданады. Ол «біздің қиялымызға ішкі немесе сыртқы қозғалыс жасағанда біз «ойланамыз»; өз сезімімізді білдіргіміз келгенде, еске түсіргенде, жоспарлағанда біз «ойланамыз»; ойлағанда, мәселені шешуге тырысқанда, ойлағанды қалыптастырғанда біз «ойланамыз». Осының барлығы логика мен фантазия, ішкі және тұлға аралық қарым-қатынас полюсі болып табылатын креативті ойлау, белсенділік» – деп жазады.

Бірінші бағыт С.Л. Рубинштейн мектебімен қоса, классикалық психологиялық мектептерге тән. Екінші бағыт Дж.Гилфорд жұмыстары мен оның ізбасарларымен байланысты. Үшінші бағыт Д.Б. Богоявленская және т.б. зерттеулерімен байланысты (70-жылдардан бастап).

Бірінші жағдайда арнайы қабілеттердің барынша айқындалуы ретінде қарастырылады, яғни бірдей деп санады.

Екіншісінде – олар жеке факторға бөлінеді, дербес болады және ой қабілеттеріне параллель, тіпті қарама-қарсы бола алады. Сөйтіп, креативтік пен жалпы интеллектуалдық қабілет болып табылады, олардың әрқайсысы әртүрлі міндеттерді шешу үдерісін анықтайды, бірақ бұл үдерістің түрлі кезеңінде түрлі рөл ойнайды.

Үшіншісінде креативтіктің пайда болу жолдарын қарастыру.

Козленко В.Н [18] креативті үдеріс моделінде үш өзара байланысты құрамдасты көрсетеді:

1) рефлексивтілік адамның жаңалықтардан айырмашылығын көрсететін, тіл арқылы әлемді талдау, жоспарлау, көрсету арқылы өзіндік сана, өзін-өзі бағалау негізгі үдеріс ретінде.

2) жақсыға өзгерту мүмкіндігіне сену ортаны нақты өзгертуге мүмкіндік беретін «ішкі және сыртқы» тәжірбиені ұйымдастыруға мүмкіндік беретін мақсатты бағыттылық немесе интенционалдық.

3) мәдениет пен даралық ерекшелігі ұсынған трансформация немесе қайта ұйымдастыру тәсілдерін меңгеру.

Креативтіктің ғылыми «көпқырлылығы» оны кең мағынада өз бетіндік феномен, тар мағынада шығармашылыққа жалпы қабілеттілік деп қарастыруда негіз болады. Бұл тезис төмендегі теориялық ұйғарымды дамытуға мүмкіндік береді.

1. Егер креативтік шығармашылыққа жалпы қабілеттілік болса, онда оған әмбебап сипат болу керек, яғни креативтік әркімге тән.

2. Кез-келген басқа қабілеттілік сияқты креативтік жасырын болуы мүмкін. Креативтік байқалмайтын жағдаяттар мен уақытша мезгілдер болуы мүмкін, бірақ сонымен бірге жасырын немесе етек алу, пайда болу сатысында болады.

Жасырыну қасиеті – тестілеу кезінде тікелей өлшеуге келмейтін, бірақ мінез-құлық өлшемдерінің арасындағы байланыс құрылымын талдау нәтижесінде анықтауға болатын психикалық қасиет.

3. Демек, креативтік (белгілі қабілеттер) пен өзекті (белгісіз) креативтік ұғымдары тиімді анықталған.

Бірқатар авторлар креативті тұлғаның сапалық көрсеткіші ретінде анықтайды. Функционалдық жеткіліксіздігі себебінен осы сәтте әрекетте жүзеге аса алмайтын жоғарғы жетістік үшін әлеует ретінде нақты психикалық мүмкіндіктер әлеуетті креативті құрайды. Мамандар мен жақын қоршаған ортада көрінген нақты креативтікті «өзекті креативтік» деп атайды.

Кейде жасына қарай ерте және кеш креативтік болуы керек деп бөлуді ұсынады.

4. Креативтік кез-келген басқа қабілет (дамытын қабілеттер теориясының аясында) сияқты дамиды, әрекетте көрінеді және де дамиды. Демек, өзекті жағдай; жақын даму аймағымен жалпы қабілеттердің өзіндік дамуы деген контекст логикалық тұрғыда дұрыс. Сөйтіп, зерттеуге қатысты келесі шектеуді қабылдаймыз: креативті тұлғаның жалпы қабілеттерінің бірі өзіндік қабілет ретінде, атап айтсақ, арнайы қабілеттілік деп қарастырамыз, яғни, кейбір сөз тіркестері түріндегі ұғымдар тақырып мазмұнына жақын келетін болса да, осы ғылыми зерттеу пән аясынан шығып кетеді. «Шығармашылық қабілет» - креативтік феноменінен бөлек, біз оны айтамыз, теориялық саналы түрде аңғарамыз, бірақ эмпирикалық жолмен зерттемейміз.

#### ***Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:***

- 1 *Выготский Л.С. Проблемы развития психики / под ред. А.М. Матюшкина. Собр.соч.: в 6 т. – М.: Педагогика, 1983. – Т.3. – 368 с.*
- 2 *Пономарев Я.А. Фазы творческого процесса // Исследование проблем психологии творчества. – М., 1983. – С. 396.*
- 3 *Афанасьев В.Г. Общество, системность, познание и управление. – М.: Политиздат, 1981. – 432 с.*
- 4 *Шукишинов В.Е., Взятыешев В.Ф., Романков Л.И. Инновационное образование: идеи, принципы, модели. – М.: МНАВШ, 1996. – 63 с.*
- 5 *Архангельский С.И. Учебный процесс в высшей школе, его закономерные основы и методы. – М.: Высшая школа, 1986. – 368 с.*
- 6 *Гершунский Б.С. Философия образования для XXI века. – М.: Изд-во «Совершенство», 1989. – 608 с.*
- 7 *Сериков В.В. Личностный подход в образовании: концепция и технология. – Волгоград, 1994. – 368 с.*

**Даулиева А.Р.**

#### **РАЗВИТИЕ ТВОРЧЕСКИХ СПОСОБНОСТЕЙ В СОВЕРШЕНСТВОВАНИИ ЛИЧНОСТИ**

**Аннотация.** В статье рассматривается личностный аспект креативности. Рассматриваются многопрофильные знания и восприимчивость креативной ценностно-ориентационной личности, чувствительность к проблемам, открытость к новостям и склонность к воспроизведению и изменению сложившихся стереотипов для создания новизны.

ӘОК 373

Джумабекова С.М., Ахметова Н.Ш.

«№ 1 гимназия»КММ қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдері

#### **ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУ**

**Аңдатпа.** Автор мақаласында жалпы функционалдық сауаттылықты қалыптастыру туралы айтқан. Функционалдық сауаттылықты сырттай бағалау және іштей бағалау болатындығын дәлелдеп берген.

Қазіргі әлемдік білім кеңістігіндегі халықаралық стандарт талаптарына сай оқыту үдерісінің түпкі нәтижесі құзыреттіліктер болып белгіленуі білім беру жүйесінде функционалдық сауаттылықты қалыптастыру болып табылады. Жалпы функционалдық сауаттылық деген ұғым — адамдардың (жеке тұлғаның) әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы және өмір бойы білім алуына ықпал ететін негізгі фактор. Яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына қарай ілесіп отыруы. Сонымен, функционалдық сауаттылық адамның мамандығына, жасына қарамастан үнемі білімін

жетілдіріп отыруы. Мұндағы басшылыққа алынатын функционалдық сапалар: белсенділік, шығармашылық тұрғыда ойлау, шешім қабылдай алу, өз кәсібін дұрыс таңдай алуға қабілеттілік, т.б. Осыған сәйкес алған білімдері негізінде әрекет етуге қабілеттілік пен кез келген тілдік жағдаяттарда қарым-қатынасқа түсе алу даярлығын білдіретін құзыреттілікті қалыптастыру - үздіксіз білім беру жүйесінің маңызды буыны болып саналатын жалпы білім беретін орта мектептердегі қазақ тілі пәнін оқытудың басым бағыттарының бірі.

Білім беру саласының алдындағы негізгі мақсат – оқушы бойында білім-білік, дағдыларға қол жеткізу ғана емес, солардың негізінде жылдам өзгеріп жатқан өмірге бейімді, өзін-өзі дамыта алатын, өз бетімен кез-келген мәселені адамгершілік тұрғыда шеше алатын, өзіндік ойы бар жеке тұлға қалыптастыру. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі қазіргі таңда өзгермелі және өскелең талаптар мен қажеттіліктерді қанағаттандыра отырып, отандық білім жүйесі әлемдік білім кеңістігіне бетбұрыс жасауда.

Түсініп тыңдау деңгейде жан-жақты жүргізіліп, естіген хабарды қаншалықты түсінгендігі тексеріледі. Шағын әңгіме, үзінді, мақала мазмұндары оқылып, түсініп тыңдау мәтінді екі рет тыңдау арқылы екі – үш сөйлеммен мәтіннің мазмұнын айту жұмыстары жүргізіледі. Жұмыс барысында сипаттама беру, мәтін бойынша жоспар құру, сұрақ қол білу сынды жұмыстар тіл дамыту жұмыстарына негіз бола алады.

Оқу сауаттылығы - оқушылардың жазба мәтіндерді түсінуі және қолдануы, мәтін барысында ой- толғауы, жаңа білім игерудегі әдіс-тәсілдерді қолдануы, әлеуметтік ортаға бейімделуі.

Оқушылар өздері оқығандары мен тыңдағандарының ішінен оқиғаларды және фактілерді тауып, соған өздерінің көзқарасын қысқаша айтып берулері тиіс. Олар өз пікірін айту үшін мәтінді жоспар жазбаларын пайдалануына болады.

Қазақ тілінде тыңдағанын, естігенін түсіну біліктілігі басқа кісілермен сөйлесуге, тілдік қарым-қатынас жасауға қажетті жағдайлар тудырады. Шәкірттер тыңдап түсінуге арналған аутентті мәтіндермен түрлендіре жұмыс істеуге, сөйлеуге одан ары қарай жаттығады, баяндамалар жасайды. Функционалдық сауаттылықтың бір міндеті сырттай бағалау және іштей бағалау болып табылады. Іштей бағалау - оқу пәні бойынша оқыту сапасын диагностикалау. Ал сырттай бағалау - әрбір деңгейді аяқтау бойынша білім алушының оқу жетістіктерінің нәтижелері.

Оқушылар өздерінің түсініктерін құра алатын белсенді оқушылар болатын болса, онда мұғалімдер үшін де, оқушылар үшін де осы түсініктің мәнін білу қажет, өйткені ол оқуда алға қадам басуға және оған қолдау көрсету үшін керек. Соңғы зерттеу жұмыстары біздің ұғымымызда формативті бағалау үдерісінің едәуір дамуына және оны оқыту мен оқуды қолдау үшін пайдалану мүмкіндігіне ықпал етті. «Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау» атты модульді жиі қолдану оқушылардың білім алуында алға жылжуға септігін тигізеді. Сабақтарда осы модульді ауқымды түрде қолдансаңыз, нәтижесінде оқушылардың оқуға ынталары арттып және білім алуға қызығушылықтары оянады.

Бағалау модулінің тағы бір ерекшелігі, оқушылардың оқуға ынтасын арттыру мен қатар оқушыларды өздерін бағалауға үйрету болды. Мұғалім стикерді пайдалану арқылы формативті бағалауды жүргізуі нәтижесінде оқушылардың ынталары едәуір арта бастайды. Ең алдымен оқушыларды ынталандыру үшін ынталандыру сөздерін қолдану керек. Сабақ барысында оқушы берген жауапқа «Керемет» деген сөз жазылған стикер берсеңіз, ол оқушының ынтасының артқаны байқалды. Сол оқушы келесі сұрақтарға жауап беруде белсенділік танытады.

Оқушыларды формативті бағалау барысында әр түрлі стикерлерге «Жарайсың», «Өте жақсы», «Құнды идея», «Керемет» деген сөздерді пайдалану арқылы оқушылардың ынталарын арттыруға болады.

Біздің оқушыларымыздың функционалдық сауаттылығының төмендеуінің бір себебі – отандық оқулықтардың әлсіздігі. Мәселен, бұрынғы 6-7-8-сыныптарға арналған қазақ тілі оқулықтарында ішкі және басқа пәндермен байланысы, суреттер мен мәтіннің байланысы көрсетілмеген. Әрбір қарапайым сөйлемді дұрыс нақышына келтіре оқи білу, әрбір кейіпкер сөзін сол кейіпкер бейнесінде толғай білу, әрбір мақалдың негізгі ойын дұрыс айтып жеткізе білу, әрбір өлең жолдарын мәнімен, ұйқас, ырғақтарын ұғып тұрып жеткізу жолдарын үйретуге тырысамын. Ол үшін бала ең алдымен оқиын деп тұрған сөйлемнің, мақалдың немесе өлең жолдарының мағынасын, айтпақшы ойын анық түсіне білуі керек. Екіншіден, әрбір тыныс белгісінің мәнін ұғып, соны дұрыс пайдалана білуі тиіс. Үшіншіден, өлең сөздің ұйқас ырғақтарын, бунақ тармақтарын ажырата білуі керек. Демек, бұдан келіп шығатын қорытынды

нағыз мәнерлеп оқи білетін бала қазақ тілі мен әдебиеті теориясынан толық білімді болып шығады екен. Бұлай дейтін себебіміз, егер оқушы қазақ тіліндегі тыныс белгілерін (пунктуация) не үшін қойылатынын, әдебиет теориясында теңеу, эпитет, метонимия, метафора, т.б. сияқты ұғымдардың қандай жерлерде не мақсатпен жазылатынын білмесе, онда оқушының мәтін мазмұнын дәл ұғып, түсінуі қиындау болар еді. қазақ тілі пәнінен оқушының функционалдық сауаттылығын дамыту мәселесіне мынандай тұжырымдаманы ұсынуға болады:

1. Оқушыларға бірінші сабақтан бастап сөйлесім әрекетінің түрлерін (айтылым, жазылым, тыңдалым, оқылым, тілдесім) меңгерте білу
  2. Оқушылардың алған білімдерін өмірде, кез-келген жағдайда, әлеуметтік ортада қолдана алуға үйрету;
  3. Мемлекеттік тілде ауызша, жазбаша қарым-қатынас жасау;
  4. Әлеуметтік талаптарына сай келу үшін оқушының ақпараттық технологияларды қолдану және проблемалардың шешімін таба алуға үйрету;
  5. Оқушылардың өзгермелі өмірге бейімделуіне үйрету ;
  6. Оқушылардың жеке бас қабілеттерін дамытуы;
  7. Оқушылардың әлеуметтік-мәдени дағдыларын дамытуы ;
  8. Қазақ халқының салт –дәстүрі, мәдениеті, тарихын түсіну және құрметтеуге баулу;
- Қазақ тілі мен әдебиеті пәнін дұрыс жүргізе білудің маңызы зор. Педагогтың шеберлігі, яғни шығармашылық пен жауапкершілікті ұштастырып сабақ өтуі, бұл заман талабынан туындап отырған мәселе. Жоғары деңгейде сабақ беретін оқытушының алдынан шыққан оқушы – өмір айдынындағы өз жолын адаспай табады, азамат болып қалыптасады. Бұл ұстаз үшін үлкен абырой, әрбір мұғалім осыған ұмтылса ұрпақ алдындағы қарыздың өтелгені. Қазіргі жастарға тек білім беріп қана қоймай, сонымен бірге әлеуметтік бейімделу үдерісінде алған білімдерін пайдалана білуге үйретіп келеміз.

#### ***Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:***

1. *Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012 - 2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары. Астана. 2012 ж.*
2. *ҚР білім беруді дамытудың 2011-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2010.*
3. *ҚР Білім туралы заңнама. – Алматы, 2012.*
4. *ҚР білім беру жүйесін 2025 жылға дейін дамыту тұжырымдамасы. – Астана, 2004.*

#### **Джумабекова С.М., Ахметова Н.Ш. РАЗВИТИЕ ЧИТАТЕЛЬСКОЙ ГРАМОТНОСТИ УЧАЩИХСЯ НА УРОКАХ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА**

***Аннотация.*** Автор в своей статье говорит о формировании общей функциональной грамотности. Доказывает, что функциональная грамотность может быть оценена как внешне, так и внутренне.

УДК 159.9.07

Друзьяка И.А.  
Бакалавр, Академии «Bolashaq», город Караганда, Республика Казахстан  
[irina991805@mail.ru](mailto:irina991805@mail.ru)  
Научный руководитель к.п.н. Никифорова О.В.

#### **ВЫЯВЛЕНИЕ ЛИЧНОСТНЫХ ОСОБЕННОСТЕЙ У СТАРШЕКЛАССНИКОВ С РАЗЛИЧНЫМИ ТИПАМИ ГЕНДЕРНОЙ ИДЕНТИЧНОСТИ**

***Аннотация.*** Статья посвящена проблеме гендерной идентичности старшеклассников. Представлены результаты эмпирического исследования по выявлению личностных особенностей учащихся 10 классов. Отмечено важнейшее значение личностных особенностей.

В современном обществе проблема становления гендерной идентичности подростка стоит особенно остро в виду изменений в системе традиционных и культурных стереотипов в рамках системы половой стратификации касающихся изменений культурных основ о понимании феминности и маскулинности.



Все чаще в кругах психологического сообщества при изучении особенностей развития ювенального периода встает вопрос о необходимости изучения личностных особенностей старшеклассников через призму их гендерной идентичности.

Понятие идентичности, по Э.Эриксону, обозначается, как «твердо усвоенный и личностно принимаемый образ себя во всем богатстве отношений личности к окружающему миру, чувство адекватности и стабильного владения личностью собственным «Я» независимо от изменений «Я» и ситуации. Это способность личности к полноценному решению задач, возникающих перед ней на каждом этапе ее развития» [1].

Мы разделяем мнение Р.Столлера о том, что гендер – это понятие, которое базируется на психологических и культурных объяснениях достаточно независимых от тех, которые трактуют биологический пол [2].

При этом гендер, являясь фундаментальной и основополагающей характеристикой личности, указывает на социальный статус и на социально-психологические характеристики личности, связанные с полом, а также детерминирует выбор профессии в будущей профессиональной деятельности и выбор супруга в будущих семейно-брачных отношениях.

Именно поэтому целью нашего исследования является исследование личностных особенностей у старшеклассников с разными типами гендерной идентичности.

Достижение данной цели осуществляется через определение и решение следующих исследовательских задач:

- выявить психологический пол испытуемых;
- выстроить полученные результаты в процентном соотношении для сравнительного анализа гендерной идентичности старшеклассников;
- рассмотреть и изучить выраженность гендерных характеристик в зависимости от биологического пола у старшеклассников.

Объектом исследования выступает гендерная идентичность учащихся в ювенальный период, а предметом нашего изучения являются личностные особенности старшеклассников с разными типами гендерной идентичности.

Базой в нашей исследовательской работе выступают 18 испытуемых (8 юношей и 10 девушек), ученики 10 класса КГУ «Общеобразовательной средней школы №7» г. Шахтинска.

Методологическим основанием является представление о гендере как о социальном поле, сложном социокультурном конструкте, различающийся в ролях, поведении, эмоциональных характеристиках между мужским и женским, конструируемые обществом, организованной модели социальных отношений.

Мы полагаем целесообразным использовать в качестве методического инструментария «Полоролевой опросник» С.С. Бем для диагностики психологического пола и определения степени выраженности андрогинности, маскулинности и фемининности личности.

В результате выявления гендерного кода старшеклассников по методике «Полоролевой опросник» получены эмпирические данные, которые зафиксированы в таблице 1.

Таблица 1

Средние показатели исследования испытуемых определения психологического пола


Психологический пол	Количество испытуемых по гендерной модальности
Маскулинность	6≈33%
Фемининность	3≈17%
Андрогинность	9≈50%
Общее количество	18

Количественные результаты эмпирических данных, представленные в таблице 1, означают, что количество испытуемых с выраженной характеристикой по маскулинному типу составило 33%, по фемининному типу – 17%, по андрогинному – 50%.

На основании полученных данных, представленных в таблице 1, была построена диаграмма в процентном соотношении для сравнительного анализа гендерной идентичности старшеклассников, представленная на рисунке 1.

Рисунок 1. Результаты эмпирического исследования определения психологического пола у старшеклассников

Количественные результаты эмпирических данных в процентном соотношении,



■ Андрогинный ■ Фемининный ■ Маскулинный

зафиксированные на рисунке 1, подтверждает то, что больше всего испытуемых оказались в группе с андрогинным типом личности 50%, испытуемые с фемининным типом имеет 16% и испытуемых с маскулинным типом обнаружилось 33%.

Следовательно, на основании количественных результатов эмпирического исследования степени выраженности гендерных характеристик у старшеклассников мы можем заключить, что 50% от общего числа испытуемых имеют психологический пол по андрогинному типу, который означает проявление одновременно женских и мужских качеств, гармоничное сочетание в личности маскулинности и фемининности который характеризуется адаптивностью и гибкостью поведения, проявлением креативности и возможности выбора модели поведения в зависимости от ситуации.

На основании количественных результатов эмпирического исследования определения психологического пола старшеклассников составлены количественные показатели в абсолютном и процентном выражении по выборке подростков старших классов относительно их распределения по гендерному типу, которые представлены в таблице 2.

Таблица 2

Результаты испытуемых с выраженными гендерными характеристиками среди девушек и юношей

Психологический пол	Испытуемые с гендерной принадлежностью			
	Девушки		Юноши	
	Абсол.	%	Абсол.	%
Андрогинность	5	50	5	62,5
Маскулинность	3	30	2	12,5
Фемининность	2	20	1	25
Общее количество	10		8	

Исходя из данных, представленных в таблице 2, мы можем заметить, что результаты исследования испытуемых с выраженными гендерными характеристиками среди юношей и девушек в большей степени выраженности андрогинности преобладает над фемининными и маскулинными чертами характера.

В результате углубленного рассмотрения и изучения выраженных гендерных характеристик в зависимости от биологического пола у старшеклассников на основании полученных количественных результатов эмпирических данных нами выявлено, что количество девушек с выраженной характеристикой по андрогинному типу составило 5 испытуемых, по маскулинному типу – 3 испытуемых, по фемининному – 2. Количество юношей с выраженной характеристикой по андрогинному типу составило 5 испытуемых, по маскулинному типу – 2 испытуемых, по фемининному – 1.

Исходя из проведённого исследования, мы можем заключить:

1. У девушек (50%) и юношей (62%) превалирует степень выраженности гендерных характеристик по андрогинному типу, что означает сочетание в себе одновременно мужских и женских качеств, проявляющиеся в возможности выбора личности способа поведения в зависимости от ситуации.

2. Тип психологического пола по маскулинным характеристикам составил у юношей (25%) и девушек (30%) незначительный показатель, что говорит о наличии у данных испытуемых совокупности телесных, психических и поведенческих признаков, преимущественно относящиеся к мужским вне зависимости от биологического пола.

3. Гендерная характеристика по фемининному типу у юношей (13%) и девушек (20%) составила невысокие показатели, что свидетельствует о наличии у данных испытуемых совокупности телесных, психических и поведенческих признаков, преимущественно относящиеся к женским вне зависимости от биологического пола.

**Практическая значимость** нашего исследования заключается в том, что результаты исследования могут быть использованы в работе психологической службы школы для помощи в выборе профессии, потому что для тех, у кого доминанта феминного типа более склонны к гуманитарным специальностям, сфере обслуживания; маскулинные девушки и юноши – к специальностям, связанным с физико-математическими науками, электротехникой. У юношей и девушек андрогинного типа интересы разнообразны, начиная от специальностей с химико-биологическим уклоном, сферы обслуживания, заканчивая профессиями творческих специальностей.

Кроме того, для выстраивания планируемых семейно-брачных отношений опираясь на принадлежность психологического пола.

#### **Список использованных источников.**

1. Эриксон Э. Марсиа Дж. Идентичность: юность и кризис: Пер. с англ./ Общ. ред. и предисл. Толстых А.В. М.: Издательская группа «Прогресс», 1996.

2. Столлер Р. Пол и гендер /учеб. пособие для студ. вузов / Р.Столлер – Karnak, 1994. – 400 с.

**Друзьяка И.А.**

### **ГЕНДЕРЛІК СӘЙКЕСТІЛІКТІҢ ӘР ТҮРЛІ ТИПТЕРІ БАР ОРТА МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЖЕКЕ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН АНЫҚТАУ**

*Аңдатпа. Мақала жоғары сынып оқушыларының гендерлік сәйкестігі мәселесіне арналған. 10 сынып оқушыларының жеке ерекшеліктерін анықтау бойынша эмпирикалық зерттеулердің нәтижелері ұсынылған. Жеке ерекшеліктердің маңызды маңызы атап өтілді*

УДК 376

Елемесов Т.Б.

подполковник, НАО «Медицинский университет Караганды»  
город Караганда, Республика Казахстан

[Elemesov@qmu.kz](mailto:Elemesov@qmu.kz)

Даулетов С.Б.

подполковник, НАО «Медицинский университет Караганды»  
город Караганда, Республика Казахстан

[Dauletov@qmu.kz](mailto:Dauletov@qmu.kz)

### **АКТУАЛЬНОСТЬ И ЗНАЧЕНИЕ НЕПРЕРЫВНОГО ОБРАЗОВАНИЯ И ЕЕ ПЕРСПЕКТИВЫ В ПОДГОТОВКЕ КОНКУРЕНТОСПОСОБНЫХ СПЕЦИАЛИСТОВ**

*Аннотация. В настоящей статье осуществлена попытка рассмотрения актуальных аспектов совершенствования и развития системы непрерывного образования, отражена многовекторность подходов к осмыслению понятия «непрерывное образование», определяется содержание самой системы непрерывного образования, её перспектив в современном обществе и особенностей развития в настоящее время, время высоких инновационных технологий. Затронуты некоторые исторические точки зрения зарождения и становления множества взглядов на систему непрерывного образования, обозначены его цели, задачи, функции, компоненты, принципы и значение для разностороннего развития личности.*

Терминологическое определение «непрерывное образование» многозначно. В первую очередь, непрерывное образование определяет собой некое постоянное, непрерывное совершенствование имеющихся знаний, умений, навыков человека, связанных с необходимостью быть актуальными в современном социуме (профессиональной и социальной среде). Во вторую очередь, под этим термином понимается система взглядов на образовательный процесс в целостном масштабе. Данная система рассматривает учебную деятельность как основную и неотъемлемую составляющую образа жизни человека в любом возрасте; предполагает необходимость достройки образовательной лестницы новыми ступенями, рассчитанными на все периоды жизни человека. В-третьих, непрерывное образование предусматривает постоянное обогащение творческого и духовного потенциала личности, развитие человека как творческой личности.[1].

Непрерывное образование является целостным процессом, состоящим из последовательно чередующихся друг за другом ступеней специально организованной учебной деятельности, создающих человеку благоприятные условия для жизни. В настоящее время непрерывное образование трактуется ещё как единая система государственных, общественных образовательных учреждений, которая обеспечивает организационное, содержательное единство и преемственность всех звеньев образования. Решение задач воспитания и обучения, профессиональной подготовки человека должно, в первую очередь, учитывать актуальные и перспективные общественные потребности, во вторую очередь, — удовлетворять стремление человека к самообразованию, разностороннему и гармоничному развитию на протяжении всей жизни [2]. Зарождение идеи непрерывного образования можно обнаружить во взглядах Платона, Конфуция, Сократа, Аристотеля, Л. А. Сенеки, Ф.А. Вольтера, И. В. Гете, Ж. Ж. Руссо, которые связывали их с достижением полноценного развития человека как личности. Первые попытки реализовать идею непрерывности образования были осуществлены в XIII-XIV вв. в городах Европы на основе так называемых «цеховых школ», которые открывались и содержались ремесленными цехами. Основоположителем представлений того времени о непрерывном образовании является чешский педагог-гуманист Ян Амос Коменский, в работах которого содержится основная мысль, нашедшая отражение в настоящее время в концепции непрерывного образования. Идея непрерывности образования получила новые теоретические и методические направления в стране после 1917 г., чему способствовало формирование новой системы образования. Появились новые формы и виды образовательных учреждений, в том числе и для образования взрослых, повышения квалификации работающего населения. Однако к концу 60-х годов XX века концепция непрерывного образования претерпела неудачу, так и не успев стать центральной образовательной системой. Обращения к этой проблеме основаны были во многом на интуиции и гипотезах отдельных ученых и практиков. Термин «непрерывное образование» впервые был употреблен в 1968 году в материалах ЮНЕСКО, а в 1972 году принято решение ЮНЕСКО, признавшее непрерывное образование основным принципом, «руководящей конструкцией» для нововведений или реформ образования во всех странах мира [2, с.106]. В настоящее время во всём мире всё большее внимание уделяется развитию системы непрерывного образования. Меняются представления общества, расширяются научные знания, возникают новые взгляды на образовательный процесс, его цели, задачи, возможности. Жизнь выдвигает свои требования: развивать способность человека быстро реагировать на все изменения, проявлять инициативу, развивать коммуникативные навыки и т. п. В условиях динамичного и постоянно меняющегося современного мира даже очень хорошего образования зачастую может быть недостаточно. Изменилась цель образования, связанная с возможностью человека быть конкурентоспособным идти в ногу со временем, приспосабливаться к постоянно меняющимся условиям жизни. Постепенно «образование на всю жизнь» заменяется «образованием через всю жизнь» [2, с.51]. Действительно, непрерывное образование — это постоянное совершенствование человека, вызванное необходимостью «идти в ногу со временем», стремлением быть востребованным в существующей профессиональной и социальной среде. Кроме того, непрерывное образование является важным компонентом взаимодействия науки, экономики и образования. Идея непрерывного образования возникла также как ответ на динамичные изменения в науке и производстве, на основании развивающихся инновационных современных технологий. В большинстве стран мира её связывали с обучением, а впоследствии с необходимостью развития личности в процессе непрерывного образования. Развитие системы непрерывного образования — одно из важнейших направлений образовательной деятельности, предполагающее

*Аңдатпа.* Мақалада мұғалім мен студент арасындағы дау-жанжалдың мәселесі қарастырылған. Сондай-ақ зерттеу жұмысында дау-жанжал ұғымына түсінік беріліп, оның пайда болу себептері ашылып және одан шығудың жолдары зерделенген.

Дау-жанжалдар (лат. conflictus-қақтығысу) - өте жиі кездесетін құбылыс. Олар адаммен өмір бойы бірге жүреді және мұғалім мен студент арасындағы дау-жанжал мәселесі де ерекшелік емес. Кез-келген білім беру ұйымының білім алушысы айналасындағы адамдармен қалыпты қарым-қатынас орнату және сақтау үшін жеткілікті өмірлік тәжірибеге ие. Дегенмен, соңғы жылдары мұғалімдер мен студенттер арасындағы қарым-қатынас әлдеқайда күрделі және шиеленісе түсті, бұған әртүрлі бұқаралық ақпарат құралдарының осы мәселеге деген қызығушылығының артуы және оқу-тәрбие процесіндегі жанжалды қарым-қатынасты көптеген зерттеулер дәлел бола алады (М. М. Рыбакова, С.М. Илюсизова, А. К. Маркова, Л. В.

Симонова, Н.В. Самоукина, Б. Т. Лихачев, Б. И. Хасан, В. Н. Мясичев, А. С. Белкин, А. Я. Анцупов, С. В., Баныкина, К. С. Лисецкий, А. И. Сахаров және т. б.).

Мұғалім мен студент арасындағы дау-жанжал оқу-тәрбие жағдайлары мен әлеуметтік тәжірибенің нақты компоненттерін қалыптастыру факторы ретінде әрекет етеді. И.А. Зимняя «мұғалім-білім алушы» қарым-қатынасында туындайтын жанжалды қарастыра отырып, қарым-қатынас қиындықтарын жанжалдарының өздерін әр түрлі бағалайды. Егер мұғалімдер «Мұғалім-білім алушы» схемасындағы ең үлкен қиындықтар қарым-қатынас серіктестерінің жеке ерекшеліктерін тудырады деп санаса, онда студенттер мұндай қарым-қатынастағы қиындықтардың арасында бірінші кезекте іс-әрекетке қатысу ерекшеліктерін қояды. Көбінесе мұғалімдер білім алушылардың өздерінің мүмкіндіктерін асыра бағалайды және үлкендерден «көмек» алғысы келмейді, ал студенттер мұғалімдер тарапынан әділетсіздік пен түсінбеушілік туралы шағымданады [1].

Т.Н.Малковскаяның зерттеулері студенттер көбінесе қақтығыстың себебін еске түсіре алмайтындығын, бірақ интонацияны, бет әлпетін және мұғалімнің наразылығын білдірудің басқа тәсілдерін жақсы есте сақтайтындығын көрсетеді. Бұл сынға наразылық пен ішкі келіспеушілікті тудырады. Сондықтан «мұғалім-білім алушы» қарым-қатынас жүйесіндегі қақтығыстардың себептерін анықтау мәселесі олардың алдын-алу және конструктивті аяқтау жолдарын іздеуде маңызды орын алады. Жанжалдарды дамытудың қозғаушы күштерін білмей, оларға тиімді реттеуші ретінде әсер ету қиын. С.М. Илюсизова атап өткендей, әртүрлі жағдайлар мен факторлар қақтығыс тудыруы мүмкін: адамдардың психикалық жай-күйі мен көзқарасы, олардың қарым-қатынастағы позициясы, ерекше жеке қасиеттері.

Кез келген жанжалдың пайда болу көзі (себебі) қайшылықтар болып табылады, ал қайшылықтар сәйкессіздік болған жерде туындайды: мақсаттар, мүдделер, ұстанымдар; пікірлер, көзқарастар, сенімдер; жеке қасиеттер; тұлғааралық қатынастар; білім, білік, қабілеттер; басқару функциялары; құралдар, қызмет әдістері; мотивтер, қажеттіліктер, құндылық бағдарлары; ақпаратты түсіну, түсіндіру; бағалау және өзін-өзі бағалау. Жанжалдардың пайда болуы объективті, ұйымдастырушылық және басқарушылық, әлеуметтік-психологиялық және жеке себептерге байланысты. Факторлардың алғашқы екі тобы негізінен объективті, үшінші және төртінші - негізінен субъективті [2].

В. Н. Мясичев қақтығыстардың пайда болуы мен дамуының объективті және субъективті факторларының, олардың әлеуметтік және психологиялық табиғатының бірлігін баса көрсетеді. Өз кезегінде С.В. Баныкина мұғалім мен студент арасындағы жанжалдарының жалпы және нақты себептерін атап өтті. Жалпы себептерге мыналар жатады:

- елдегі және өңірдегі қолайсыз экономикалық әлеуметтік-саяси жағдай;
- білім берудегі мемлекеттік саясат қағидаттарын сақтаудың сәйкессіздігі;
- оқу-тәрбие процесінің мазмұндық және әдістемелік жетілмегендігі;
- білім ошағы социумындағы формальды және бейресми қатынастар.

Нақты себептер мұғалім-әкімші; мұғалім-мұғалім; мұғалім-студент қарым-қатынас жүйелерінде жанжал тудырады. Нақты себептерден туындаған көріністер мұғалімдердің жұмысын ұйымдастыруда; іс-әрекет стилінде; студенттердің білімін бағалаудағы объективтілік, олардың мінез-құлқы; мұғалім мен білім алушының мәселелік ішкі жағдайы және т. б. байқалады. Осылайша, мұғалімнің білім алушымен өзара әрекеттесуін бұзатын себептердің өзіндік ерекшеліктері бар және әртүрлі екенін атап өтуге болады. Алайда, психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді және нақты жағдайларды талдау «мұғалім-студент» қатынастар жүйесіндегі типтік қақтығыстарды анықтауға мүмкіндік берді. Жалпы алғанда, мұндай себептер мұғалімнің іс-әрекеті мен қарым-қатынасы, студент пен мұғалімнің жеке басының ерекшеліктері, жоғары мектептегі жалпы жағдай болуы мүмкін [3].

Жанжалды шешу жолдарында үш ережені басшылыққа алу керек.

1. Жанжалға қатысушылардың қатынасын екі жақ үшін де қолайлы деңгейге ауыстыру, назарды аффективті шиеленісті қатынастардан кәсіпкерлік, білім беру салаларына ауыстыру.

2. Оқытудағы қайшылықты ескерте отырып, оңай сәтті шешуге бағдар беру.

3. Жанжалсыз шешім қабылдау, бірлескен оң әрекетке жол ашу қажет.

Осы ережелерді жүзеге асыруға байланысты педагогикалық тәуекел туындайды, бұл мұғалімнің сөзсіз жағдайдағы белгісіздікті жою қызметі, яғни педагогикалық мақсатты жүзеге асыру үшін нақты шешім қабылдауға міндетті таңдауы (И. Г. Абрамова). Тәуекел, шешім қабылдау мәселесі ерекше өткір болған кезде пайда болады. Мұғалімнің міндеті - альтернатива

таңдауға негізделген дағдарыстың, жанжалды жағдайлардың алдын алу және оларды шешудің нақты нұсқасын қабылдау болып табылады [4].

Қақтығысқа жақындаған кезде екі негізгі ереже әдістемелік тұрғыдан орталық болып табылады: қақтығысты шешудің мүмкін тәсілі ретінде зорлық-зомбылық (физикалық, психикалық және т.б.) алынып тасталуы керек; жанжалды жағдайды шешу қақтығыс субъектілерінің жеке өсуіне ықпал етуі керек. Осы позициялардан жанжалды шешу мұғалімнің жалпы және кәсіби мәдениетінің ажырамас бөлігі ретінде қарастырылуы мүмкін.

***Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:***

1. Немов Р.С., Кирпичник А.Г. *Путь к коллективу / книга для учителей о психологии ученического коллектива.* – М.: Педагогика, 1988.

2. Баныкина С.В. *Педагогическая конфликтология: состояние, проблемы исследования и перспективы развития // Современная конфликтология в контексте культуры мира.* – М., 2001.

3. Анцупов А.Я., Шипилов А.И. *Конфликтология.* – СПб: Питер, 2008. Рыбакова М.М. *Конфликт и взаимодействие в педагогическом процессе.* – М.: Просвещение, 1991.

4. Лисецкий К.С. *Предупреждение межличностных конфликтов в системе отношений старшеклассников.* // Автореф. дисс. на соиск. уч. степ. канд. пед. наук. – М., 1994.

**Мархабаева Г.М.**

**ОСОБЕННОСТИ КОНФЛИКТОВ МЕЖДУ ПРЕПОДАВАТЕЛЕМ И СТУДЕНТОМ**

*Аннотация.* В статье рассматривается проблема конфликта между учителем и учеником. Также в исследовательской работе дано понимание понятия конфликта, раскрыты причины его возникновения и изучены причины его возникновения.

ӘОК 811.512

Мейрембаева Ж.А.

«№53 ЖББОМЛ» КММ қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі

**ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШУ АНА ТІЛІМІЗДІҢ БОЛАШАҒЫ**

*Аңдатпа.* Бұл мақалада латын әліпбиіне көшу заман талабының сұранысы екені туралы айтылған. Латын әліпбиіне көшу ана тіліміздің болашағы және қазақ тілінің жаңғыруы мен дамуы екенін мысалмен көрсете білген.

Латын әліпбиіне көшу – Қазақстанның әлемдік ақпарат кеңістігіне енуін жеңілдетіп, еліміздің бай мәдениеті мен мұрасын көптеген шетелдік оқырмандарға терең танытуға, тіліміздің халықаралық дәрежеге шығуына жол ашады. Өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілінің төл әріптерін қабылдау қиынға соғады, ал тіліміз латын графикасымен таңбаланса жеңіл, қабылдауға және үйренуге ыңғайлы болары сөзсіз. Сонымен қоса, тарихымыз, әдебиетіміз бәрі әлемге ортақ, латын әліпбиінде жарық көреді. Бұл дегеніміз – түбі бір, тарихы ортақ түркі халықтарымен байланысымыз нығая түседі.

Н.Ә.Назарбаев мақаласында: «Латынға көшудің терең логикасы бар. Бұл қазіргі заманғы технологиялық ортаның, коммуникацияның, сондай-ақ, ХХІ ғасырдағы ғылыми және білім беру процесінің ерекшеліктеріне байланысты. Мектеп қабырғасында балаларымыз ағылшын тілін оқып, латын әріптерін онсыз да үйреніп жатыр. Сондықтан, жас буын үшін ешқандай қиындық, кедергілер болмақ емес», - деп жазды. Шынымен де, заманауи құралдар: компьютер, ұялы телефон арқылы ағылшын тілі әр-қайсымыздың үйімізге кеңінен кіріп жатыр. Жана ғасырдағы ғылым мен техниканың, жаңа технологиялардың тілі – латын әліпбиі десек, ғылым мен техника қарыштап дамып жатқан кезеңде, латын қаріпіне ауысу, заманауи технологияларға қолжетімділікті арттырады. Ақпараттық технологиялар заманында компьютер тілі – латын тілі екенін ескерсек, қазақ тілінің компьютерлік технологиялар арқылы халықаралық ақпарат кеңістігіне енуіне жол ашылады. Латын әліпбиіне көшу тек әліпбиімізді ауыстыру ғана емес, сонымен қатар заман ағымынан қалыспай, дамыған елдермен иық тірестіре алатындай дәрежеге жетіп, ұлтты жаңғырту. Жазба тілімізді латын қаріпіне көшірсек, еліміздің одан әрі дамуына ықпалын тигізіп, қазақ тілін басқа ұлт өкілдерінің меңгеруіне септігін тигізеді.

Латын әліпбиіне көшу ана тіліміздің болашағын ойлап, қолданыс аясын одан әрі кеңейте түсуге мүмкіндік жасап, тіліміздің ішкі табиғи әліпбиіміз арқылы жазудың айтуға жасап келе жатқан қиянатын болдырмай, қазақы айтылым (орфоэпия) мен жазылым (орфография) талаптарын жүйеге түсіру деп түсіну керек. Латын әліпбиіне көшу-қазақ халқының алға жылжуына, жаңа заман талабына сай өсіп-өркендеуіне, болашақта еліміздің жан-жақты дамуына үлкен үлес қосып, жемісі мен жеңісін әкелері сөзсіз. Біз латын әліпбиіне көше отырып, өркениетті елдердің қатарына қосылып, тіліміздің дыбыстық жүйелерін нақ анықтап, қазақ тілінің жазылуы мен дыбысталу кезінде сөздер қолданысындағы артық кірме сөздерден арыламыз. Сондықтан біз үшін, болашақ еліміз үшін әлдеқайда маңыздырақ.

«Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тілі» - деп ұлт ұстазы, тіл жанашыры ғалым Ахмет Байтұрсынұлының айтып кеткен сөзіне сүйенсек, тілі сақталған ұлт, ешқашан өшпейді. Қаймағы бұзылмаған қазақ тілімізді дамытып, бүкіл әлемге таныту үшін латын әліпбиіне ауысу, ұлт мүддесі үшін жасалған маңызды қадамдардың бірі. Әлемдік әліпбиге, латын қаріпіне көшу сан ғасырдан аманат болып жеткен ана тіліміздің дәрежесін жоғарлатары сөзсіз.

Көптеген ғалымдардың пікірін ескеретін болсақ, латын әліпбиіне көшу соншалықты қиындық тудырмайды. Себебі, біріншіден, латын әліпбиіне көшудегі негізгі ұтымдылық - тіл ауыспай, таңбаның ауысуы. Екіншіден, қарапайым тілмен жеткізсем, сөзді немесе дыбысты қалай естісек, жазылуын да солай жазамыз.

Қазіргі кезеңде білім саласындағы жаңа реформаның жүзеге асырылуы да, яғни жаңартылған білім мазмұны осы латын әліпбиіне көшуде өз үлесін қосады деген ойдамын. Оған дәлел, бастауыш буыннан бастап тілдің үш тұғырлығының басымдығының бастау алуы.

Біздің бейбіт және көпұлтты қазақстанымызда мемлекеттік тілді өркендету үшін латын әліпбиіне көшу-рухани жаңғыру көрінісі болмақ. Сол арқылы бабалар мұрасын сақтап, дамыған отыз елдің қатарына ену үшін жаңа көкжиекке жол ашамыз. Тіл адам санасына бағыт береді, оның өмірлік тәжірибесін қалыптастырады. Латын әліпбиіне көшу арқылы әлемдік ғылымның, инновациялық және ғылыми-техникалық прогрестің игілігін еркін меңгеруге ықпал ететін болады, сол себепті барлық қазақстандықтар ұрпақ болашағы үшін осы реформаны қолдауы керек.

Қорыта айтқанда, латын әліпбиіне көшу – қазақ тілінің жаңғыруы, дамуы, қазақ тілінің халықаралық дәрежеге жетуі. Академик Ә.Қайдар «Латын әліпбиіне көшу – өмір талабы, болашағы жарқын өркениетті ел болудың алғышарттарының бірі», – деп баға беруі, латын әліпбиіне көшу тіліміздің болашағын жарқын етіп, дамытатынын аңғартады.

«Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде» деген ұранның өзі тіл құдіретін айқын, анық көрсетеді. «Тілі мәңгі жасаған ұлт өзі де өлмейді» - деп, Ш.Айтматов айтқандай, тіл болашы еліміздің, ұлтымыздың болашағы. Тіліміздің жандануы, еліміздің, Қазақстанымыздың өркендеуі, Ұлттық тұсастығымыздың қалыптасуы!

**Мейрембаева Ж.А.**

### **ПЕРЕХОД НА ЛАТИНИЦУ БУДУЩЕЕ РОДНОГО ЯЗЫКА**

*Аннотация. В статье говорится о том, что переход на латинский алфавит является требованием времени. Переход на латиницу показал на примере будущего родного языка, модернизации и развития казахского языка.*

ӘОК 74.86

Мукажанова С.М., Какенова Ж.Ж.

Бұқар жырау ауданы,

«А.Байтұрсынұлы атындағы жалпы білім беретін орта мектебі»

КММ қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдері

### **ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ СЫНИ ОЙЛАУ ЖӘНЕ ТАНЫМДЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУ**

*Аңдатпа. Мақалада егер сабақта шығармашылықтың нәтижесі көрініс берсе ғана оқытудың барысы тиімді болатындығын айқындап берген. Баланы жалпы және арнайы қабілеттерін дамыту, білім біліктерді игеру мүмкіндіктерімен оларды қолдану жолдарын көрсете білген.*

Ұлттың ұлт екенін танытатын, оның тәуелсіздігінің тұғырлы болуына негіз болатын – оның тілі. Тіл – қарым-қатынас құралы ғана емес, ол ұлттың жаны, нәр беретін тамыры. Тіл мәселесі- қанында қазақ рухы бар әр жанды бей-жай қалдырмайды.

Келер ұрпаққа берілетін тәрбие ұлт тілі арқылы, ұлттық негізде жүзеге асуы тиіс. Өйткені тіл тазалығы бар жерде – ұлт тазалығы үстемдік құрмақ. Ұлттық тәрбиенің негізі де тілден басталады. Сондықтан мектептердегі негізгі міндет тілді дамыту. «Ақылдың көзі- аталы сөз» деп ұққан халқымыз сөйлей білуді де үлкен өнер деп санаған. Тіл – ойды жеткізудің үлкен құралы.

Оқушының сырттан алынатын ақпаратты дұрыс қабылдай алу. Естіген немесе оқыған материалдарын түсіну, ондағы негізгі және қосалқы мәселелердің ара жігін ажырата алу, мәтін құрамындағы сөздердің мағынасын жалпы мәтін мазмұнына сүйеніп болжай алу, оқыған, естіген ақпаратты қайта қорыту, оған баға беру, сол материалдар бойынша өзіндік қорытынды жасау секілді біліктіліктер қалыптасады. Ал, оқушы орындайтын ауызша және жазбаша жұмыстарда оның өз бетінше іздену, шығармашылық тұрғыдағы қабілеттері, дара ойлауға ұмтылысы негізінде туындайтын біліктіліктер қалыптастыруға мүмкіндік мол. Сондықтан қазіргі өзгермелі дүние жағдайында адамдармен тіл табыса жұмыс істеуге төселдіретін, бәсекелестікке бейім қоғамдағы бәсекелестікке бейім адамды тәрбиелеудің өзегі саналатын бұл сипаттағы оқу әрекеттері – оқушының дара тұлға ретіндегі әр түрлі қабілеттерінің жетілуінің басты факторы. Сондықтан мұнда оқушының қарым-қатынас мәдениетіне, көпшілік ортасында, өзін-өзі ұстау әдебіне, пікірталас түріне лайық сөйлеу мәнеріне, этикеттік орамдарды дұрыс қолдана білуге төселдіруге назар аударатын тұлғаның танымдық қызметін арттыру барысында дамыту.

Педагогтық тәжірибедегі әрбір сабақ оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру мақсатында басты назар аударатын мәселелер мыналар:

Тақырыпты нақты жоспарлау

Сабақтың типтік, әдістерін өзгертіп, проблемалық ізденіс, зерттеу туғызу;

Сабақты өмірмен байланыстыру;

Қосымша әдебиет, көркем шығармаларды басшылыққа ала отырып оны сабақтан тыс жұмыстарда жалғастыру.

Менің ойымша, проблемалық оқу – әдісін жүзеге асырудың ең қолайлы жолы – оқушыға проблемалық, логикалық ойлау сұрақтарын беріп шешу.

Қазақ тілі мен әдебиетін оқыту барысында туған тілінің қыр-сырын, табиғатын таныта отырып, ертең өмірден өз орнын таба алатын өзіне сенімді, нағыз ұлтжанды парасатты ұрпақ тәрбиелеу үшін педагогиканың озық үлгілерін жаңашылдықпен пайдаланып, тәжірибені байыта түсу – бүгінгі күннің басты талабы.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында мемлекеттік саясат негізінде «Әр баланың жеке қабілетіне қарай интеллектуалдық дамуы, жеке адамның дарындылығын дамыту» сияқты өзекті мәселе енгізілген. Болашаққа нық қадам басқан, болашақта еліміздің тұтқасын ұстар ұрпақ қамын ойлау мақсатында оқу-үрдісіне жаңаша өзгерістер енгізуді талап етеді. Оқушыларға жан-жақты білім беру, интеллектуалдық мүмкіндіктерін, жеке бас ерекшеліктерін дамыту үшін ұстаз оқыту үрдісінде білімді жан-жақтылау қағидасын басшылыққа алу керек. Яғни мұғалім – озық ой мен шынайы тәжірибенің иесі. Оның негізгі мақсаты - оқушыларға сапалы білім беру, тәрбиелеу және дамыту міндеттерін жүзеге асыру бағытында жеке тұлғаға шығармашылық орта туғызу.

«Сабақ-оқытушының педагогикалық мәдениетінің айнасы» - дейді В.Сухомлинский. Ендеше сабақ – педагогикалық шығарма болу керек. Егер сабақта шығармашылықтың нәтижесі көрініс берсе ғана оқытудың барысы тиімді болады. Сонда міндетті деңгейді мемлекеттік өлшеу ретінде алсақ білім берудің шығармашылық сипаты қалыптасады. Былайша айтқанда, педагогикалық технология – оқу-тәрбие үрдісінің танымдылық барысында шығармашылықпен терең ойластырылған көптеген факторлардың үйлесімділігі, оқытуда дамытып, қамтамасыз ететін жанды құрамдас бөлігі.

Білім беру технологияларының ерекшелік жағы ол жеке тұлғалық қасиеттерге бағытталған оқыту, проблемалық бағытқа, және шығармашылық сипатқа ие. Оның басты бағдары – білім беру, жаңа дүниені ашу мен іздену арқылы білімді іс жүзінде қолдану. Баланы жалпы және арнайы қабілеттерін дамыту, білім біліктерді игеру мүмкіндіктерімен оларды қолдану жолдарын көрсетеді.

Қазақ тілі мен әдебиетін оқыту барысында оқушының танымдық қызметін белсендіру – жеке дара шығармашылығы дамыған құзырлы оқушы қалыптастыру болып табылады. Осыған орай тұлғаны дамытудың бірнеше факторлары маңызды. Ол жеке дара оқыту, шығармашылығын қалыптастыру, жоғарыда көрсетілген бір-бірімен тығыз байланысты технологияларды, әдіс-тәсілдерді қолдану. Заманына сай тілді жетілдіру барысында ұрпағымызға сапалы білім беру басты міндет болып отыр.

Қазақ тілін оқытудағы басты мақсаттардың бірі – қатысымдық құзыреттілігі қалыптасқан дара тұлға қалыптастыру. Мектеп бітіруші түлектің қазақ тілінен алған білімі оның болашақ мамандық таңдауына, қоғамның барлық салаларында адамдармен еркін тіл табысуына, қоғамның белсенді мүшесі ретінде жемісті еңбек етуіне негіз болып, жалпы алғанда, өмір сүруінің маңызды құрамдас бір бөлігі ретінде қызмет етуі тиіс.

Оқушылардың танымдық, сезімдік құндылықтарын, педагогикалық іс-әрекеттерді дамыту тікелей мұғалім қызметіне байланысты өз пәнін терең білетін, әдістемелік шеберлігі шыңдалған мұғалімнің әрбір сабағы оқушылардың пәннің асыл қазынасын қастерлеуге биік адамгершілікке баулитыны анық, сонымен қатар оқытудың жаңа технологиясын қолдана отырып, сабақ жүргізудің тиімді әдістерін таңдап алу өмір талабы.

#### ***Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:***

- 1. Республикалық ғылыми-әдістемелік және педагогикалық журнал*
- 2. Қазақ тілі мен әдебиеті орта мектепте 2008ж, №5*
- 3. Республикалық ғылыми-әдістемелік және педагогикалық журнал*
- 4. Қазақ тілі мен әдебиеті орта мектепте 2010ж, №6*
- 5. Республикалық ғылыми – әдістемелік және ақпараттық сараптамалық журнал 2009ж, №5*

**Мукажанова С.М., Какенова Ж.Ж.**

#### **РАЗВИТИЕ КРИТИЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ И ПОЗНАВАТЕЛЬНЫХ СПОСОБНОСТЕЙ УЧАЩИХСЯ ПРИ ИЗУЧЕНИИ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ**

*Аннотация. В статье определено, что процесс обучения будет эффективным только в том случае, если на уроке проявится результат творчества. Развивать у ребенка общие и специальные способности, демонстрировать способы их применения с возможностью овладения образовательными умениями.*

УДК 159.922.7

Мусабекова Ю.А., Ахметова З.А.  
Воспитатели, КГКП «Ясли-сад «Ақбота»  
город Караганда, Республика Казахстан  
[uliamusabekova@gmail.com](mailto:uliamusabekova@gmail.com), [akhmetova.zere@bk.ru](mailto:akhmetova.zere@bk.ru)  
Научный руководитель старший преподаватель Шегай А.К.

#### **ВЛИЯНИЕ ПРОСМОТРА ТЕЛЕВИЗИОННЫХ ПРОГРАММ НА ПСИХИКУ РЕБЕНКА**

*Аннотация. В статье рассматриваются различные исследования, посвященные воздействию телевидения на формирование агрессии у ребенка. Уделяется внимание типам социального поведения.*

Влияние телевидения на формирование психики ребенка велико, если не сказать очень велико. Какое чувство чаще всего пробуждается в малыше, когда он смотрит большинство телевизионных передач? Ответ однозначен: «Страх». Все чаще причиной появления страхов у малышей родители называют мультфильмы (особенно мультфильмы, построенные на сюжетах далеких от национальной традиции). Исследования показали, что малыши боятся смотреть [1]:

- на падение в процессе драки;
- если кого-то хватают за руку и стараются удержать;
- если кто-то тонет или кого-то топят, или душат;
- если кому-то грозят ножом и т.д.



Чем меньше ребенок, тем больше страх. Но малыш как замороженный смотрит на экран и как бы ему не было жутко, не оторвется от телевизора. Телевидение же, а к слову сказать и компьютерные игры с использованием CD ROM технологии, создает мощную иллюзию правды. И еще один момент. Смогут ли родители читать или рассказывать в течение нескольких часов ребенку страшные истории? Естественно, ответ будет отрицательным. Тем самым соблюдается определенное дозирование «страшной» информации. С другой стороны, у экрана дети могут сидеть неограниченное количество времени, что можно сравнить с передозировкой. Немецкий ребенок, например, до тех пор, пока не вырастет смотрит 14 тыс. случаев смерти на экране, американец – 17 тысяч [2]. Подобных подсчетов в России и Казахстане не проводилось.

Имея дело с жестокостью на экране, ребенок должен сам как-то с этим справиться. Реакция может быть самая неожиданная, например, смех. Польский профессор М. Браун-Голковская провела в 60-е годы уникальные исследования, которые в современную эру информационного бума практически нельзя повторить: сравнила «телевизионных» детей с теми, которые в доме не имели телевизора. Сегодня такие сравнения могут быть сделаны, пожалуй, только с детьми, которые воспитываются в соответствии с требованиями Вальдорфской педагогики, исключающей вторжение телекоммуникаций в естественное развитие малышей. М. Браун-Голковская исходила из того, что дети, которые смотрят телевизор, будут более нервными и легко поддающимся волнению. Но все получилось наоборот. «Телевизионные» дети оказались менее нервными, они оказались безразличными ко всему. Именно в этом состоит тот фатальный источник телевизионного наркотика. Ребенок все слабее реагирует на крики, толкания, погони по мере просмотра все новых и новых телевизионных передач. И чтобы получить свою долю стимуляции, он переключает программы и манипулирует пультом (которым как доказано умеют пользоваться даже 2-х летние японцы), чтобы получить следующую дозу фильмов ужасов, детективов, рекламы. Через некоторое время размахивание ножом его уже не возбуждает. Возникает потребность в свежей порции [3].

В 60-е годы в США проводились исследования, посвященные выявлению воздействия телевизионных программ на 7-летних детей. Анализ осуществлялся в течение последующих 22 лет. То есть детей отслеживали до достижения ими тридцатилетнего возраста. Оказалось, что тот, кто получал, будучи ребенком, больше, чем сверстники, жестокости, благодаря телевизионным передачам, проявлял агрессивность в отношении своих коллег, товарищей по учебе. В возрасте 30 лет он чаще попадал в конфликт с законом, был жесток в отношении своей семьи, сам имел агрессивных детей. В чем же механизм подобной зависимости? Главное значение здесь имеет так называемое моделирование: ребенок попросту повторяет в мыслях и фантазиях, играх, а затем и в реальной жизни то, что он видел на экране. Особенно это проявляется в тех случаях, если телевизионные агрессоры чрезвычайно привлекательны. А агрессия показывается без следов сострадания к жертве и без моральных сомнений агрессора. Это моделирование объясняет эпидемию самоубийств и убийств среди молодежи, распространяющейся по странам мира.

В Германии молодые люди бросились под поезд так, как это видели на экране. В Польше школьник поджег коллегу, чтобы увидеть, как это выглядит на самом деле, а двое ребят в качестве эксперимента закололи своего коллегу, спрашивая его, что он чувствует. В Норвегии три мальчика убили пятилетнюю девочку: они били ее камнями по голове и пинали, а затем полураздетую бросили на снег. Такие страшные факты могут быть приведены и из отечественной криминалистики [4].

В январе 1995 года М. Браун-Голковская проанализировала все программы Польского телевидения для детей в том числе и учебные. В неделю их было 68. Более половины из них содержали сцены жестокости и издевательств, лжи. Шестнадцать были полностью агрессивны. Анализ программ, показываемых в так называемый магический час (от 19 до 20) показал, что сцен разрушения было в этот период в среднем 34 (из них 14 в программах для детей).

Какие типы социального поведения моделируются в эти часы? Начиная с 1967 года Джордж Гербнер и его помощники из Пенсильванского университета просматривали сетку вещания США в прайм-тайм и субботние утренние развлекательные программы. И что же он и обнаружили? Две из каждых трех программ содержали сцены насилия («действия физического принуждения, сопровождающиеся угрозами избиения или убийства как таковые»). К чему это ведет? К моменту окончания средней школы ребенок просматривает по телевидению около 8000 сцен с убийствами и 100 000 других действий с применением насилия.

Размышляя по поводу своих подсчетов, проводимых им уже 22 года, Гербнер сетует: «В истории человечества бывали и более кровавые эпохи, но ни одна из них не была до такой степени пропитана образами насилия, как наша. И кто знает, куда нас унесет этот чудовищный поток зримого насилия... просачивающийся в каждый дом через мерцающие экраны телевизоров в виде сцен безупречно отрежиссированной жестокости».

Надо сказать, что влияние «плохого» в телевидении не касается всех в равной степени. Данные приводимые П. Пасевичем свидетельствуют о том, что в странах Запада чаще телевизор смотрят дети родителей с низким уровнем образования, бедных, из национальных меньшинств. Более того, разница особенно явно проявляется относительно интереса к агрессивным программам. Когда на одном канале показывают фильм о природе, а на другом американский бокс, то среднестатистический сын профессора будет смотреть зверей, а дочка безработного будет смотреть мускулы, убивающих друг друга атлетов [цит. по 4]. Дети из низших социальных групп формируются таким образом в большей степени, сидя у телевизора. Известно, что такие дети хуже учатся и таким образом менее популярны среди сверстников. Из других исследований вытекает, что именно непопулярные дети и те, которые хуже учатся, чаще и дольше смотрят телевизор. В результате, дети из низших социальных слоев тратят перед экраном в неделю более 50 часов. 49 исследуемых в 1992 году американцев признало, что телевидение оказывает на детей самое большое влияние и только 26% родителей убеждены, что они являются главными воспитателями. Такова зарубежная модель социальной дифференциации роли телевидения в воспитании ребенка [5].

Приходится констатировать тот факт, что серьезных разработок на данную тему у нас нет.

Закономерно возникает вопрос, какое значение имеет демонстрация ужасов на телевидении? Подталкивает ли телепоказ криминальных сюжетов в прайм-тайм к воспроизведению тех моделей поведения, которые в них изображаются? Или зритель, замещено участвуя в агрессивных действиях, освобождается от агрессивной энергии?

Последняя идея, являясь вариацией гипотезы катарсиса, утверждает, что просматривание драмы, содержащей насилие, помогает людям выместить загнанную внутрь агрессию. Защитники массовой культуры часто ссылаются на эту теорию и напоминают нам, что насилие появилось раньше телевидения [6]. Споры продолжаются до сих пор. Исследования, посвященные изучению связей между телевидением и агрессией, нацелены на обнаружение менее очевидных и более универсальных явлений, чем овладевающие вниманием и занимающие умы публики случаи убийств, совершенных в подражание увиденному на экране. Ученые спрашивают: как телевидение влияет на поведение зрителя? Имитируют ли зрители экранные модели насилия? В связи с этим проводятся многочисленные исследования, которые с помощью корреляционного анализа пытаются установить такие взаимосвязи.

#### **Список использованных источников:**

1 Андрианов М.С. Социально-психологические причины фактов трансляции насилия и социальной агрессии в газетной криминальной хронике. // «Насилие. Личность. Общество.» Тезисы научно-практической конференции. - М.: ВНИИ МВД России, 2000. – 168с.

2 Бэрон Р., Ричардсон Д. Агрессия - СПб.: Питер, 2017. - 336 с.

3 Кэмпбелл Р. Как справиться с гневом ребенка. - СПб.: Питер, 2018. – 249с.

4 Завражин С.А. Агрессивные фантазии в детском и подростковом возрасте // Вопросы психологии. - 2013. - №5. - С.43-56.

5 Васильева Н.В. Реакция на фрустрацию у высокоагрессивных личностей // Обозрение психиатрии и медицинской психологии им. В.М. Бехтерева. - 2018. - №1. - С.36-39.

6 Журавлев Д. Детская агрессивность – психологическая закономерность или социальный феномен? // Народное образование. – 2004. - №2. – С.185-192.

**Мусабекова Ю.А., Ахметова З.А.**

#### **ӘСЕРІ ТЕЛЕ БАҒДАРЛАМАЛАРДЫ КӨРУ БАЛАНЫҢ ПСИХИКАСЫНА**

*Аңдатпа.* Мақалада балада агрессияның қалыптасуына теледидардың әсері туралы әртүрлі зерттеулер талқыланады. Әлеуметтік мінез-құлық түрлеріне назар аударылады.

**ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ**

*Аңдатпа.* Бұл мақалада автор әліпби деген тілдің негізгі дыбыстарына арналған таңбалардың жинағы екенін көрсеткен. Латын графикасын қолданылатын барлық елдердің әліпбиінде әріп саны тілдегі фонемалар санынан аз екені туралы ақпарат берген.

Қазақ тілінің латын қаріпіне көшірілуі– қазақ тілінің жаңғырып, жандануы, тіл болашағының кемелденуі десек қателеспейміз. Әліпбиіміздің жаңаруы – ұлтымыздың, әдебиетіміз бен мәдениетіміздің жаңғыруы.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев өзінің кезекті Жолдауларының бірінде: "Біз алдағы уақытта да мемлекеттік тілді дамыту бағытындағы кешенді жобаларды жүзеге асыруды табандылықпен жалғастыра береміз. Қазақ алфавитін 2025 жылға қарай латын графикасына көшіруге дайындық жұмысын осы бастан қолға алу қажет. Бұл қазақ тілін жаңғыртып қана қоймай, оны осы заманға ақпараттың тіліне айналдырады"-дегені.

Біз латын әліпбиіне көшу барысында не ұтамыз, латын әліпбиі бізге не береді?

Латынға көшкенімізде ұтатын тұстарымызды былайша жіктеп көрсетуге болады:

Ең алдымен, тіл тазалығы мәселесі, қазіргі әліпбиіміз бен жазуымыздағы халықтың өз еркімен қалап алмаған, кешегі бодандық жүйенің өктем саясатының әмірімен күшпен таңылған кейбір кірме әріптерден арылып, таза қазақ әліпбиін қалыптастыру бағытындағы игілікті қадам деп түсінеміз. Сондықтанда тіліміздегі жат дыбыстарды таңбалайтын әріптерді қысқартып, сол арқылы қазақ тілінің таза қалпын сақтауға мүмкіндік аламыз.

Екіншіден, латын әліпбиіне көшу - қазақ тілінің халықаралық дәрежеге шығуына жол ашады. Қазақ тіліне компьютерлік жаңа технологиялар арқылы халықаралық ақпарат кеңістігіне кіріуге тиімді жолдар ашылады. Қарапайым ғана мысал келтірер болсақ, қазір ұялы телефондарымыздың өзінде латын қарпінде жазу оңай, ал кириллицада қазақшаны тере алмай қиналып жататынымыз бар. Себебі, латын әліпбиінің базасы қалыптасқан, әрі ауқымы кең.

Үшіншіден, бүгінгі таңда кириллица жазуын әлемнің 12 мемлекеті ғана пайдаланады екен. Ал қалған мемлекеттердің көбі толықтай латын әліпбиіне көшкен. Түбі бір түркі дүниесі негізінен латынды қолданады. Біздерге олармен рухани, мәдени, ғылыми, экономикалық қарым-қатынасты, тығыз байланысты күшейтуіміз керек. Ол-табиғи іс. Сондай-ақ бүгінде әлемнің әр түкпірінде 5 миллионға жуық қазақтар тұратынын ескерсек, солардың 80 пайызы латын әліпбиін қолданатын көрінеді. Демек, біз болашақта латын әліпбиіне көшер болсақ, сол қандастарымызбен жақындаса түсеміз. Түсіне білген қоғам үшін мұның да маңызы зор екенін атап көрсеткім келеді.

Тәуелсіз мемлекетіміз жылдан-жылға қарыштап, өсіп-өркендеп, отандық ғылым-білім саласы дамып келеді. Қуантарлығы бүгінде мектеп шәкірттері даярлық сынып, бастауыш сыныптардан-ақ ағылшынша үйренуде. Жастардың көбі ағылшын тілін жақсы меңгеруде. Әлеуметтік желілерде де ағылшынша жазатын жастардың дені күннен күнге артуда. Латын әліпбиі соған ұқсас болғандықтан, көп кешікпей көпшілік арасында кең таралып, ауқымы кеңейе түсетініне сенімдімін. Сондықтанда латын әліпбиіне көшуден қорқуға еш негіз жоқ деп ойлаймын.

«Латын тіліне көшудің терең логикасы бар. Бұл қазіргі заманғы технологиялық ортаның, коммуникацияның, сондай-ақ, ХХІ ғасырдағы ғылыми және білім беру үрдісінің ерекшеліктеріне байланысты», - деп Елбасы айтқандай, латын әліпбиіне көшу – заман талабы. Ал ғалымдарымыз осы қаріпті қолдану арқылы әлемдегі ең дамыған өркениетті елдермен тереземізді теңестіре аламыз деген пікір айтып, оның тиімді тұстарын дәлелдеп бағуда. Ендігі кезекте, сол ғалымдарымыздың жан-жақты еңбегі сараланып, түрлі әдістемелік жұмыстар жүргізілетінін түрлі ақпарат көздерінен оқып-біліп танысып жатырмыз.

Сол ғалымдарымыздың еңбегін бағалап, ел болашағы үшін қабылданғалы отырған маңызды шешімге қолдау білдіру, жақсыны үйренбекке ұмтылу – жүрегі «елім» деп соққан әрбір қазақстандықтың абыройлы міндеті деп түсінемін! Ендігі кезекте, мемлекет басшысы атап өткендей, ғалымдардың көмегімен қазақ әліпбиінің жаңа графикадағы бірыңғай стандартты нұсқасы қабылданып, әдістемелік жұмыстар жүргізілуі тиіс. Ел болашағы үшін

қабылданғалы отырған маңызды шешімге қолдау көрсету, жақсыны үйренбекке ұмтылу жүрегі «елім» деп соққан әрбір қазақстандықтың абыройлы міндеті болмақ.

«Жұмыла көтерген жүк жеңіл», «Көз - қорқақ, қол-батыр», - деп дана халқымыз айтқандай, екі қолды сыбанып нақты нық қадаммен алға басайық!

**Мустафина Б.Е.**

### **ПЕРЕХОД НА ЛАТИНИЦУ-ТРЕБОВАНИЕ ВРЕМЕНИ**

*Аннотация. В этой статье автор указал, что алфавит-это сборник символов для основных звуков языка. В алфавите всех стран, использующих латинскую графику, представлена информация о том, что количество букв меньше количества фонем в языке.*

ӨОК 37.765

Мұхамеджанова Ә.Б.

КММ №88 ЖББОМ, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы  
asel.muhamedzhanova04@gmail.com

### **БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУЫ**

*Аңдатпа. Бұл мақалада баланы ерте жастан бастап шығармашылықпен таныстыруға және оларды шығармашылық тұлға ретінде қалыптастыруға болатындығы туралы жазылған. Автор шығармашылық жаттығулар балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты екенін көрсетті.*

Бастауыш мектеп бұл оқушы тұлғасы мен санасының дамуы қуатты жүретін ерекше құнды, қайталанбайтын кезеңі. Сондықтан да бастауыш білім берудің алғашқы баспалдағы. Елбасы Н.Ә Назарбаев өзінің «Қазақстан -2030» жолдауында :

«Оқушыларды Қазақстандық патриотизм мен шығармашылық жағынан жамыған жеке тұлға ретінде тәрбиелеу қажет. Бүгіннен бастап, ұлттық мінез- құлық, биіу талғампаздық, тектілік, тәкаппарлық, білімділік, ұлттық намыс қасиеттерін сіңіріп қалыптастыруымыз керек» - деген болатын[1].

Баланы жастайынан шығармашылық өнерге бастауыш сыныптың алғашқы баспалдағынан бастап баулуға болады. Қазіргі қазақ тілі мен әдебиет пәндердері әдістемесінің өзекті мәселелерінің бірі осы. Оқушыларды сөз өнеріне баулу, үйрету ісін қолға алу үшін баланың қай жаста шығармашылық қабілетінің ашылу мүмкіндігі мол соны таныстыралық. Психологтардың зерттеуі бойынша, әрбір жаста шығармашылыққа баулуға өзек болардай өзіндік ерекше қабілет, бейімділік бар екен.

Қоғамның дарынды адамдарға деген қажетін қанағаттандыру талабы оқыту, білім беру жүйесінің алдына баланың жеке қабілеті мен әлеуметтік белсенділігінің дамуына жол ашу, шығармашылық тұлға қалыптастыру міндетін қойып отыр.

Шығармашылық қасиетті адам баласының бойында қалыптастыруда сөз өнерінің берері мол. Мектепте қазақ тілі сабағында өнер өкілдері мен олардың туындылары кеңінен насихатталады. Ал оқушы сөзді пір тұтса, сол іспен сүйіп айналысады.

Жас және орта буынның шығармашылық дамуын бағыттап, бағдарламаса, онда жоғары сыныпқа келген, көбінің шығармашылық мүмкіндігі шектеліп, тоқырап қалады. Мұғалім ең алдымен сыныпта шығармашылық көңіл-күй тудыру үшін және балалардың назарын шығармашылық арнаға бұру үшін үнемі шығармашылық тапсырма міндеттер, жаттығулар мен түрлі ойындардың нұсқаларын ұсынады.

Шығармашылық жаттығу ойын тапсырмалардың мазмұны балалардың жас ерекшеліктеріне, қызығушылықтарына үйлесуі керек екенін ұстаздар әрине жақсы біледі.

Тапсырма – міндеттермен танысқаннан кейін балалар жұмысқа кіріседі. Мұғалімнің ең басты міндеті: бала белгілі бір көркемдік шешім тауып, өз туындысын ұтымды аяқтап шыққанға дейін оны назарынан тыс қалдырмау, шығармашылық бағыт-бағдар беріп отыру. Шығармашылық жеке–дара оқушы емес, сыныптың бүкіл балалары ойласу үшін жағдай, мүмкіндік туғызу. Сыныпта, ұжымда өзара шығармашылық қарым-қатынас, шығармашылық ахуал орнату[2].

Ұлттық тәлім – тәрбие беру арқылы да оқушыларды өздігінен жұмыс істеу дағдыларын дамыту тақырыбына шығармашылық жұмыспен айналыстыруға болады. Сөзді әрлендіру үшін, баланың тілін дамытып, шығармашылық қабілетін арттыру үшін мақал-мәтелдер қолдануға да болады. Оқушы жан-жақты жетілген, өз бетімен әрекет жасай алатын, шығармашыл-ізденімпаз тұлға болып қалыптасуына жағдай жасау мақсатындағы міндеттер:

- ❖ Шығармашылық белсенділік пен суреткерлік қиялын міндеттер;
- ❖ Ұлттық ерекшеліктерін, дәстүрін зерделей білетін оқушыларды тәрбиелеу;
- ❖ Балалардың бойына өз халқының игілігін дарыту.

Оқушыларды осындай өзіндік ізденіске жетелей отырып, шығармашылыққа баулудың төмендегі әдіс – тәсілдерін қолдануға болады:

- Мақал – мәтелдерді жатқа айтып, жарысу;
- Қиялдау арқылы суреттер салу;
- Өлең құрастыру;
- Ертегі, әңгімелер құрастыру;
- Ребустар құрастыру.

Мысалы: мақал – мәтелдер жаттау.

Адамның ұяты бетінде, Бірлігі жоқ ел тозады  
Адамгершілігі ниетінде. Бірлігі күшті ел озады.

Мол қонысын іздейді, Көзсіз күнелтсең де  
Ер туысын іздейді. Көпсіз күнелте алмайсың.

Білімсіз адамның сөзі білектей,  
Білімді адамның сөзі жібектей.

Бұл жерде мақал – мәтелдердің айырмашылығын қайталап еске түсіруге болады. Мақалда қорытынды, тұжырымды түйін болады. Дәлелдеу мен қорытынды пікір бірдей келіп отырады. Мысалы: «Ердің атын – еңбек шығарады» деген мақалды қарастырайық. Бұл мақал болып табылады. Себебі, мұнда еңбек еткен адам ер атанатыны жайлы ой анық айтылып тұр. Ал мәтелде ой тікелей білдірілмей, тұспалдап, жанамалап айтылады. Мысалы: «Көппен көрген ұлы той» деген мәтел болып табылады. Өйткені мұнда «не көрсең де халықпен бірге көр, өз басыңның ғана қамын ойлама» деген ой тұспалдап айтылып тұр. «Ер жігіт елі үшін туады, елі үшін өледі» деген мақал ма, мәтел ме? Әрине, мақал деп жауап береді, себебі елді қорғау, жерді қорғау нағыз жігіттің ісі екендігі айтылып тұр[3].

Сол сияқты оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін жұмбақтарды да шешуді қарастыруға болады. Жұмбақ айтып, шешу бойынша мақал айту оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытады. Мысалы, Көк жиекті шай табақта,

Алтын алма тербеледі,  
Кейде бүркер алма жүзін,  
Ұлпа мақта перделер. (күн)

Көп моншақ үй үстіне қойдым шашып,  
Қарасаң толып жатыр ашып.  
Үйіме сәулеленіп түссе жарық,  
Кетеді әлгі моншақ бәрі қашып. (жұлдыздар)

Ойдан ертегі, әңгіме құрастыру оқушылардың қиялын дамытады. Сурет бойынша әңгіме құрастырудан басталған жұмыс біртіндеп күрделене бастайды. Бұрынғы оқыған ертегінің мазмұнын өз қалауынша өзгерту, басқаша аяқтау, мақал-мәтелдер мазмұнына сәйкес әңгіме құрастыру сияқты болып жалғаса береді. Баланың шығармашылық қабілеттерін дамытудың негізінің бірі – драммалау. Балалар шығарманың кейіпкерлеріндей өздерін сезіну арқылы тәжірибе жинақтайды, мінез-құлығын қалыптастырады. Драммалау балалардың ойын, тілін дамытады. Олардың қоршаған дүниеге деген көзқарасын қалыптастырады, шығармашылық қабілеттерін дамытады.

#### ***Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:***

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан халқына жолдауы» - А.: 2006, 1 наурыз
2. Рүстемова Ж. // Бастауыш мектеп. №1, 2003, Б.33,34
3. Байдуллаева А.Ж., Жоламанова С. Заманауи әлемдегі ғылым мен білім -Қ.: Б.144

**Мұхамеджанова Ә.Б.**

## **РАЗВИТИЕ ТВОРЧЕСКИХ СПОСОБНОСТЕЙ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ**

*Аннотация. В этой статье написано о том, что ребенка можно приобщать к творчеству с самого раннего возраста и формировать их как творческую личность. Автор показал, что творческие упражнения зависят и от возрастных особенностей детей.*

ӘОК 371.3

Оспанова Б.М.

«№1 гимназия» КММ қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі

### **ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ПӘНДЕРІНДЕ КОММУНИКАТИВТІК ӘДІСТІҢ МАҢЫЗЫ**

*Аңдатпа. Автор мақаласында тілдік қатынас – тіл арқылы байланыс, сөйлеу арқылы адамдар бір-бірімен жасайтындығы туралы айтып өткен. Оқу – тәрбие үрдісінде коммуникативтік әдістің аспектілерін даралап көрсеткен.*

Қазақстан Республикасының «Тілдер дамытуға арналған мемлекеттік бағдарламаларының негізгі талабы – мемлекеттік тілді оқытудың саны мен сапасына көңіл бөлу».

Сондықтан бүгінгі күні білім беру ісінде жаңа көзқарастар пайда болып, оқытудың тиімді де жаңа технологиялары кеңінен таратылып, мектеп практикасында қолданылуда. Белгілі бір тәсіл болмаса, оқыту мен тәрбиелеу үрдісінде қажетті нәтижеге жетіп, оқушылардың танымдық іс-әрекетін дамыту мүмкін емес. Қазіргі кезде қолданып жүрген жаңа педагогикалық технологияның негізіне: әрбір оқушының жеке және дара ерекшеліктерін ескеру, оқушының қабілеттері мен шығармашылықтарын арттыру, оқушылардың өз бетінше жұмыс істеу мен ізденіс дағдыларын қалыптастыру.

Қазақ тілін өзге ұлт ортасында оқыту барысында бұл мақсатқа жетудің бір жолы коммуникативті технологияны пайдалану.

Коммуникативтік оқыту технологиясы – қарым-қатынас негізінде оқыту.

Тілдік орта туғыза отырып сөйлесу арқылы тілді меңгеретін коммуникативті технология бойынша білім алған тыңдаушы мектеп бітіргеннен кейін де қоғамда қарым-қатынасты жеткілікті дәрежеде жүргізе алады.

Қазіргі таңда коммуникативті технологияны пайдалану оқыту практикасында қажеттілікті тудыруда.

Оның себебі қазірде технология тереңдетіле меңгеріліп зерттелініп, жан-жақты дамып, практик ұстаздардың жиі пайдалануына әсер етіп отыр. Профессор Е.И.Пассовтың еңбегін зерттей келе біз мынадай қорытындыға келдік: технология – орыс мектептерінде қазақ тілінен сабақ беретін мұғалімдер алдында тұрған мақсатқа сәйкес оқушының тілдік қорын молайту, дамыту, грамматикалық құрылым мен шақтарды мақсатты пайдалана білу, оқушылардың шығармашылық қызығушылығын тудыру проблемаларын шешуге көмектесетін жол.

Қазақ тіл білімінде қатысымдық әдістің негізін қалаған профессор Ф.Оразбаева берген анықтамаға жүгінсек, «Қатысымдық әдіс дегеніміз – оқушы мен оқытушының тікелей қарым-қатынасы арқылы жүзеге асатын, белгілі бір тілде сөйлеу мәнерін қалыптастыратын, тілдік қатынас пен әдістемелік категорияларына тән басты белгілер мен қағидалардың басты жүйесінен тұратын, тіл үйретудің тиімді жолдары тоғыстыра келіп, тілді қарым-қатынас құралы ретінде іс жүзіне асыратын әдістің түрі».

Қатысымдық (коммуникативтік) бағыттылықты ұстанған әдіскерлер Е.И.Пассов бұл әдістің ғылыми-теориялық және әдістемелік тұрғыдан ең тиімді екендігін дәлелдеген.

Қарым-қатынастың түрлері көп. Тілдік қатынас – тіл арқылы байланыс, сөйлеу арқылы адамдардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауы, қоғамдық, ұлттық тіл арқылы ұғынысу, түсіну, яғни адамзаттың тіл арқылы қатынасқа түсуі – тілдік қатынас» дегенді білдіреді.

Коммуникативті дағдыны қалыптастыру – бұл оқушы мен ұстаздың шыдамшылығын, шығармашылықты және аса көңіл бөлуді қажет ететін ұзақ үрдіс.

Қазақ тілінде ауызекі тілде сөйлеуде материалды игеріп, белгілі бір жетістікке жету үшін жүйелілікті сақтауымыз керек.

Сонымен зерттеулер көрсеткендей технологияның ерекшелігі, құндылығы оқушылардың білімін сапасын едәуір арттыруға және білім стандарты бекіткен оқу материалын барлық оқушылардың қажетті дәрежеде меңгеруі қамтамасыз етуге мүмкіндік беретінінде.

Коммуникативі технологияны оқытудың тиімді жағы өте жоғары. Жыл өткен сайын оқу жылдамдығы, диалог және монолог құру, тыңдап, қабылдау (аудирование) және бақылау жұмыстарында білім сапасы өсіп отырғаны көрінеді.

Қатысымдық әдісінің тиімділігі, оның болашағы маманның психологиялық ерекшелігіне, іскерлігіне байланысты. Бұдан шығатын басты талап субъектінің мән бере оқуы, жеке бастың даму диагностикасы, жағдайларды жобалау, ойлы ізденістер диалогы, оқулықтағы тапсырмаларды өмірмен байланыстырып беру.

Оқу тәрбие процесінде коммуникативтік әдістің кейбір аспектілерін даралап көрсетуге болады:

1. Оқушының оқу үрдісіне қызығушылығын тудыру.
2. Қарым-қатынас жасауға үйрету.
3. Біліктілік, іскерлік дағдысын қалыптастыру.
4. Жеке тұлғаны жан-жақты дамыту, оны жетілдіру.
5. Белсенділігін арттыруға жағдай жасау.
6. Кең көлемде дамытып, білімді терең игеруіне жағдай туғызу.
7. Білім сапасын көтеру.

Қорыта келгенде, коммуникативтік әдіс ең тиімді әдістердің бірі, себебі ол оқушылардың білім сапасын жоғары деңгейге көтеруге және жан-жақты дамытуға мүмкіндік береді.

#### ***Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:***

1. Пассов Е.И. Урок иностранного языка в средней школе. - М: «Просвещение», 1988.
2. Пассов Е.И. Коммуникативный метод обучения в средней школе. – М: «Просвещение», 1988.
3. Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде (Республикалық Ғылыми -педагогикалық басылым) 2001-2006.

**Оспанова Б.М.**

### **ЗНАЧЕНИЕ КОММУНИКАТИВНОГО МЕТОДА В ДИСЦИПЛИНАХ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ**

*Аннотация.* Автор в своей статье рассказывает о том, что языковое общение – общение через язык, посредством речи люди создают друг с другом. Индивидуализировал аспекты коммуникативного метода в учебно-воспитательном процессе.

ӘОК 74.93

Оспанова Ж.Ж.

№17 жалпы білім беретін орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі

### **ЛАТЫН ӘЛІПБИІ АРҚЫЛЫ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ДАМУЫ**

*Аңдатпа.* Автор өз мақаласында латын әліпбиінің болашаққа бағдар беретіні туралы жазған. Латын әріптері графикация заңдылықтарына сай болатынын және бұл әріптер барлық салада қолданылатынын көрсеткен.

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында Елбасы: «Қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастауымыз керек. Біз бұл мәселеге неғұрлым дәйектілік қажеттігін терең түсініп, байыппен қарап келеміз және оған кірісуге Тәуелсіздік алғаннан бері мұқият дайындалдық. Яғни, 2025 жылға қарай іс қағаздарын, мерзімді баспасөзді, оқулықтарды, бәрін де латын әліпбиімен басып шығара бастауға тиіспіз», – деді.

Ана тілімізді түрлендірген реформатор-тілтанушы, ұлтымыздың рухани көсемі атанған Ахмет Байтұрсынұлы әліпби ауыстыратын кезеңде (1927 жылы) мұны тайға таңба басқандай етіп айтып кеткен болатын. «...Хат мәдениеті бар халыққа, – дейді ол, – бір әріпті тастап, екінші әріпті ала қою оңай жұмыс емес. Бірте-бірте барып, алып кетуге бірталай уақыт керек,

бірталай артық тұрған қаржы керек. Бірталай артық тұрған адамның күші керек, ісі керек. Әуелі, ондай қаржы, күш пен іс, екі әріппен бірдей қатар оқу, сауат ашу істеріне керек; екінші, баспа дүкендерінде қатар дүкен құрылмақ, қатар жұмыс жүрілмек, басылып шығып жатқан нәрселердің бәрі де екі әріппен бірдей басылып тұрмақ... Әліпби деген тілдің негізгі дыбыстарына арналған таңбалардың жинағы. Неғұрлым тіл дыбыстарына мол жетсе, арнаған дыбысқа дәл келсе, оқуға, жазуға жеңіл болса, үйретуге оңай болса, заманындағы өнер құралдарына орнатуға қолайлы болса, соғұрлым әліпби жақсы болмақшы...». Өте орынды тұжырым.

Ғұлама ғалымның осынау ордалы ойын біз де әліпби ауыстыруда ескергеніміз жөн, себебі латын әліпбиі - ғылымның, техниканың тілі. Қазіргі таңда латын әліпбиі үлкен беделге ие болып, қолданыс аясы да мүмкіндігі де зор екендігін танытып отыр. Көптеген елдер осы әліпбимен жұмыс жасауда. Латын әріптері графизация (әріп таңбалау) заңдылықтарына, яғни, «көру-қабылдау-тану» талаптарына да сай. Жер бетінде латын әліпбиі барлық салада қолданылатыны байқалады. Барлық дәрі-дәрмек атаулары, математика, физика, химия формулалары, көптеген терминдер, мамандықтарға қатысты ғылыми әдебиеттер, т.б латын әліпбиімен байланысты екенін байқауға болады. Латын графикасын қолданатын барлық елдердің әліпбиіндегі әріп саны тілдегі фонемалар санынан әлдеқайда аз болуы да оның жетістігі болып табылады. Сол жетістіктің бірі - алфавит арқылы кодтау.

Ал кодтау дегеніміз ақпаратты белгілі бір алфавит арқылы ұсыну. Бір ғана ақпаратты әр түрлі әдістермен ұсынуға болады. Бір белгі тобынан екінші белгі тобына көшіру ережесін код деп атайды. Ақпаратты сақтау, қабылдау, ұсыну және өңдеу әдістері іс-жүзінде ақпараттың ұсынылуы (кодтау) түріне байланысты.

Ақпараттың кодталуы (кейде оны шифрлау деп атайды) оның кері кодталу (декодталу) процесімен тікелей байланысты. Кодтауға қолданылатын алфавиттің әріптері неғұрлым аз болса, кері кодтау құрылғысы соғұрлым қарапайым болады. Сондықтан цифрлық технологиямызды дамыту мақсатында латын әліпбиін қолданғанымыз өте орынды.

Латын әліпбиінде әр түрлі диакритикалық таңбалар (нүкте, қос нүкте, сызықша, айшық, дәйекші, т.б), яғни қосымша белгілер арқылы көптеген елдің барлық фонемалары латынның 26 таңбасымен ғана белгіленуі жазу үнемділігін танытатын тиімді әліпби дәрежесіне жеткізіп отыр. Жазуға қойылатын басты талап лингвистикалық (тілді дәл жеткізу) бағытта ғана емес, техникалық жағдайларға (баспа ісі, компьютер, телефакс, интернет, т.б.) да сай болуы керек. Қазір латын әліпбиі осы талаптар биігінен де көрінеді, сондықтан оның бұл артықшылығын ескеріп, халық өз еркімен таңдауға мүмкіндігі болып тұрғанда әлемнің озық елдері игілігін көріп, көпшілігі қолдап отырған латын әліпбиіне біздің де көшкеніміз дұрыс деп білеміз. Қазіргі техникалық қазақ тіліміздің жағдайы баяу болса да, дамып келе жатыр, бірақ барлық салаларды қамту өте күрделі процесс, сонда да мен бұл проблеманың шешу жолдарын табуға болады деп ойлаймын. Мысалы, өзім оқушыларыма техникалық қазақ тілінен курс көлемінде дәріс беріп жүрмін. Бұл курсты латын әліпбиімен байланыстырып оқытқан дұрыс. Себебі латын әріпі - бұл техниканың тілі, ал мектепте қазақ тілін информатика, физика, химия, биология, география пәндерімен байланыстыра оқытқан оқушылардың өздеріне өте қызық және қажет.

XXI ғасырда технологияның қарқынды дамуына байланысты адамзат қоғамның жаңа сатысына – ақпаратты қоғам заманына бет бұрды. Қазіргі уақытта, әсіресе биылғы жылғы әлемді жаулаған төтенше жағдай уақытында қоғамның, адамның барлық іс-әрекеттері компьютерлік технологиямен өте тығыз байланысты болды. Сондықтан да мемлекеттік тілді дамыту үшін таза қазақ тілінде сөйлеуге тиісті салалардың бірі де бірегейі – АКТ-сын қазақ тілінде түсіну.

По результатам выявления ценностной детерминации профессиональной позиции педагогов с разным парадигмальным подходом к образовательному процессу, мы полагаем целесообразным включение педагогов с ориентацией на императивную (учебно-дисциплинарную) модель воздействия, в зону ближайшего профессионального развития совместно с психологами для вписывания в профессиональный образ мира ценностей саморазвития, самоосуществления, самопректирования, самореализации и рефлексии.

#### **Список использованных источников:**

1. Никифорова О.В. «Особенности педагогического творчества в условиях перехода образования к субъект-субъектной парадигме» // Материалы конференции «Тенденции развития психологической науки на пороге XXI века» Караганда: Изд-во КарГУ, 2000. С.235-243.

2. Петровский В.А. Субъект: новая парадигма в образовании// Психологическая наука и образование. – М., 2001

**Ротань Ф.В.**

### **БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНЕ ӘР ТҮРЛІ ПАРАДИГМАЛЫҚ ТӘСІЛДЕРІ БАР ПЕДАГОГТАРДЫҢ КӘСІБИ ҰСТАНЫМЫНЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚ ДЕТЕРМИНАЦИЯСЫН АНЫҚТАУ**

*Аңдатпа.* Мақала білім беру кеңістігіндегі әр түрлі жетекші "тиісті модельдер" бар мұғалімдердің кәсіби ұстанымын құндылық анықтау мәселесіне арналған.

ӘОК 371.268

Рыспай Н.М.

«Bolashaq» академиясының 1-ші курс студенті Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы,  
[nazym.ryspay@bk.ru](mailto:nazym.ryspay@bk.ru)

Ғылыми жетекші: аға оқытушы Арунова Ж.А.

### **ОТБАСЫ ТӘРБИЕСІ – БҰЛ ЖАЛПЫ ТӘРБИЕНІҢ ЕҢ БАСТЫ БӨЛІГІ**

*Аңдатпа.* Жұмыстың өзектілігі отбасындағы бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөлу. Қыз бала мен ұл бала тәрбиесіндегі ерекшеліктері. Бала мен ата-ана қарым-қатынасын нығайту.

Қазақ халқы қашан да бала тәрбиесіне ерекше мән берген. Сәби дүниеге келгеннен бастап оның өсіп, дене бітімі дұрыс қалыптасып, ақыл-ойының жетілуіне дейін үлкен көңіл бөлген. Отбасы баланың азамат болып өсуінің негізі болып табылады. Отбасының басты қызметі баланы тәрбиелеу. Отбасы тәрбиесі – бұл жалпы тәрбиенің ең басты бөлігі. Ата-ана және отбасы мүшелері жас нәресте дүниеге келген күннен бастап, оның өміріне қамқорлық жасап, болашағын жоспарлайды және саналы азамат болып өсуі үшін қажет жағдай жасайды. Бұған баланың қажеттігін толық қанағаттандыру, оны дене және ой еңбегіне үйрету, күн тәртібін дұрыс реттеуге, салауатты өмір сүруге, адал болуға тәрбиелеу, жақсылықты үйретуге, жамандықтан жиренуге үйрету, бойында жастайынан мәдени құндылықтар мен адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру жатады.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2030» стратегиялық бағдарламасында жас ұрпаққа ұлттық тәрбие берудің негізгі идеялары туралы «...Олар бабаларының игі дәстүрлерін сақтай отырып, қазіргі заманғы нарықтық экономика жағдайында жұмыс істеуге даяр болады. Олар күллі әлемге әйгілі, әрі сыйлы, өз елінің патриоттары болады», - деп көрсетілген [1].

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында білім беру жүйесінің басты міндеті ғылым және тәжірибе жетістіктерімен қатар ұлттық рух пен жалпы азаматтық құндылықтар негізінде жеке адамды қалыптастырып дамытуға жағдай жасау қажеттілігі айтылған [2].

Қазақ халқының өзіне тән отбасы тәрбиесінің қалыптасуында ертедегі түркі мәдениетінің орны ерекше екендігі белгілі. Осыған байланысты ғасырлар бойы жинақталып, ата-баба тарихынан бізге жеткен отбасы тәрбиесінің мол мұраларын болашақ ұрпақты тәрбиелеуге пайдалану заман талабы- деп қабылдай отырып, ертедегі қазақ отбасындағы отбасындағы ұлттық қасиеттерді қалыптастыру туралы педагогикалық ой-пікірлердің өзіндік ерекшеліктері мен бүгінгі ұрпақ санасына жеткен әсерін және пікір сабақтастығын жан-жақты жүйелі зерттеу өзекті мәселелердің бірі деп санаймыз.

Отбасы – адам үшін ең жақын әлеуметтік орта. Отбасы белгілі дәстүрлердің, жағымды өнегелердің мұралар мен салт-дәстүрлердің сақтаушысы. Отбасында бала алғаш рет өмірмен, қоршаған ортамен танысып, мінез-құлық нормаларын игереді.

Әр халықтың бала тәрбиесіндегі өзіндік ерекшеліктері арқылы сол халық отбасы тәрбиесінің де өзіне ғана тән мәдени құндылықтары қалыптасады. Қазақ отбасы тәрбиесінің өзіне тән ерекшеліктері оның халықтық педагогика мұраларының мазмұны мен түрлерінде бейнеленген. Көне заманнан-ақ қазақ халқында жазбаша педагогикалық еңбек жазып қалдырмаса да білгір педагогтар, тәрбиешілер, ұстаздар болған. Олар өз көзқарастары мен әрекеттерінде белгілі бір дәстүрлі дүниетанымды ұстанып, халықтың мұраттары мен арман тілектеріне сүйеніп отырған.

Қазақ отбасында балаға тәрбие беру қазақ халқының қоғамдық санасының дамуына байланысты қалыптасқан. Қазақтың көпбалалы отбасы тәрбиесінің маңызы бауырмал, көпшіл, ізетті, төзімді, тіреулі болуы күнделікті тұрмыс тіршілігінде, тектік өрелігінде көрініс тауып отырған. Ағасы бардың жағасы бар, інісі бардың тынысы бар, «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді», «Бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып», - деп татулық белгісін ұрпақтан ұрпаққа жалғастырып отырған [3].

Заман талабына сай, әлеуметтік өзгерістер мен қоғамдағы жаңа экономикалық қатынастардың пайда болуы, ұлттық тәлім-тәрбиенің жаңғырып, өзгеріп, дамып отыруына әсер етіп отыр. Бұл тұрғыда тарихи, философиялық, этнографиялық, педагогикалық, психологиялық бағыттағы қазақ отбасы, бала тәрбиесі, отбасы және неке, ұлттық тәлім-тәрбие тақырыптарына ғылыми зерттеулер кеңінен арналған.

Отбасы-адам ғұмырының тірегі ғана емес, қоғамның да басты негізі. Сондықтан да ол адамзатпен бірге жетіліп, әр халықтың ерекшелігіне орай түрлі кезендік сипат иеленіп, сан-саналы жолмен дамып келеді. Отбасылық ғұмыр жөніндегі дәстүрлі қазақы ұғымда тарихи көне, ішкі иірімдері мол, күрделі, кешенді құрылым. Оның сонау көне заманнан бергі даму тарихын тұтастай алғанда жалпы адамзат қоғамының даму сатыларымен іштей қабысып жатқанмен, қазақ деген халықтың қалыптасып, дамуындағы түрлі тарихи жағдайларға сәйкес өзінше ерекше болмыс танытады. Бұл ерекшелік жиһанкездер мен ғалымдарды халық өмірін зерттеуге тереңірек тануға ұмтылған зиялы жандарды ежелден қызықтырып, толғандырып келеді.

Отбасылық ғұрып-отбасылық өмірмен тікелей байланысты болып келуінде, яғни адамның дүниеге келуінен бастап, ер жетіп үй болуы, ақыр соңында өмірмен қоштасар сәттегі соңғы сапарына дейінгі аралықты өлеңмен өрнектеп, әрлеп отыруында. Өмір мен өнерді аттастырып, тірлік сәніне айналдырған халық даналығының бұл сырын көрегендікпен танып, көкейіне тоқыған ұлы Абай аса шеберлікпен төрт-ақ өлеңге сыйғызған.

Бала тәрбиесіне, жалпы адам тәрбиесіне терең мән беріп, оның сәтті қағидалары мен ережелерін жасап, ұрпақ тәрбиесіне жауапкершілікпен қарағандардың бірі-қазақ халқы. Халықтың ғасырлар бойы жасаған зор еңбектері-ұлттық тәрбие ісіндегі сәбилік кезден бастап ес біліп, ер жеткенге дейінгі салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар үлгілері мен өнегелері баланың өсу жолымен беріліп отырған.

Көпбалалы отбасында қазақ этнопедагогикасы негізінде ұлттық қасиеттерді қалыптастыру белгілі бір идеяға бағытталып, жалғасын тауып отырса оң нәтиже береді..

Қазақ халқында, отбасы тәрбиесінде ұлттық қасиеттерді қалыптастырудың іс-әрекеті ұл мен қыз тәрбиесінде көптеп кездесетіні жайлы ұлы ғұламалар мен ақын-жыраулардың ой-пікірлерінен айрықша байқауға болады. Қыз бен ұл бойындағы асыл қасиет ата-ананы, аға, әпке, қарындас және туған туыспен сыйласа білуі. Жас баланың есі кіріп елмен, ағайын туыспен қарым-қатынас жасай бастауы ол тұлғаның қалыптаса бастауы деп айтуға болады.

Ұлттық сана-сезім адамның рухани өмірінің басты белгілерінің бірі. Бір қазақтың тегіне тән ұлттық қасиеттер: ата-ананы құрметтеу, үлкенді сыйлау, бауырмалдық, мейірімділік пен ізгілік, ынтымақтастық пен татулық, қонақжайлылық, меймандостық, кісілік, көпшілдік, тектікті сақтау, төзімділік, сыйласымдылық, имандылық, кішіпейілдік, кеңпейілділік, салауаттылық, тіршілікке бейімділігі, өнерпаздық, шешендік, ақынжандылық, сыпайлық, мәдениеттілік, адамгершілік т.б. қасиеттер халықтық тәрбиеден ерекше орын алған.

Отбасы тәрбиесі - барлық тәрбиенің негізі. Өйткені баланың туған кезінен бастап, есейгенге дейінгі уақыт аралығында өміріне арқау болатын тәлім-тәрбие отбасы мүшелері (әке, шеше, ата, әже, аға, апа, жеңге, жезде) арқылы беріледі. Олар баланы ата-бабаның өміріндегі еңбек және қоғамдық іс-әрекеттің барысында ғасырлар бойы жинақтаған тәжірибесінен өнеге алып, оны құрметтеуге, жаманнан жиреніп, жақсыға ұмтылуға, қоршаған ортасын танып, онымен қарым-қатынас жасауға және баланы өз бетімен әрекет етуге бейімдеп отырған [4].

Әр елдің, тіпті жеке отбасыларының тәрбиесінде өзіндік ерекшеліктер болған. Мысалы, қазақ отбасында баланың тәлім-тәрбиесіне мұрындық болатын бесікке салу, тұсау кесу, атқа мінгізу, сүндетке отырғызу, шежіре үйрету, құда түсу, қыз ұзату, келін алу сияқты дәстүрлермен бірге, отбасында бірігіп ынтымақтық тіршілік ету, үлкеннің айтқанын орындау, кішісің дегенге көну, бірлесіп әрекет жасау, өнеге көрсету сияқты тәрбие жұмыстары өріс алған.

Баланың әке-шешесін балабақшаның тұрмыс-тіршілігімен таныстыра отырып, іс-әрекетке жұмылдыру мақсатында отбасы мен мектеп бірлігінің қарым-қатынасының бағыттары нақтыланды.

Адам баласының өмірдегі ең асылы-бала. Баланың барлығы талантты, шығармашыл. Ғалымдардың айтуынша әр баланың бойында барлық білімді меңгеретін күш бар.

Баланың тәрбиесінде ата-анаға көмектесетін бірден-бір орын – мектеп. Сондықтан мектеп пен ата-ана тығыз байланысты болса, бірлесе әрекет етсе, бала өз болашағына өзі дайындық жасай алады.

#### ***Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:***

1. Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2030» стратегиялық бағдарламасы.// Егемен Қазақстан, 2007.
2. Қазақстан Республикасының Білім беруді дамытудың 2005-2015 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы// Егемен Қазақстан, 2008.
3. Асанова Ұ. О. Қазақ халқының айтыс өнері арқылы оқушыларға адамгершілік-эстетикалық тәрбие беру:– Алматы. 1994.
4. Әлімбаев М. Қазақ отбасы. – Алматы: Рауан, 1989.

**Рыспай Н.М.**

### **СЕМЕЙНОЕ ВОСПИТАНИЕ - ЭТО ОСНОВНАЯ ЧАСТЬ ОБЩЕГО ВОСПИТАНИЯ**

**Аннотация.** актуальность работы: особое внимание уделяется воспитанию детей в семье. Особенности воспитания девочек и мальчиков. Детей и родителей, укрепления взаимодействия.



## БІЛІМ БЕРУ ҮРДІСІНДЕ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

*Аңдатпа.* Бұл мақалада білім беруде инновациялық технологияларды қолдана отырып, сапалы нәтижелерге жетуге және балаларды шығармашылыққа үйретуге болатындығын көрсеткен. «Ақпараттық технология» мен «Сын тұрғысынан ойлау» технологияларының оқушыларға пайдасы туралы айтылған.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Келер ұрпақ алдында зор жауапкершілік жүгін аркалап келеміз», - деген сөзі ұстаз қауымына үлкен үміт артып отыр. Еліміздің болашағы көркейіп, өркениетті елдердің қатарына қосылуы бүгінгі ұрпақ бейнесімен көрінеді. Дүниежүзілік озық тәжірибелерге сүйеніп, жаңа типті оқыту, яғни баланың табиғи қабілетін дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасай отырып, оны жан- жақты дамыту керек[1].

Мұғалім үшін, оқушы жазылмаған ақ қағаз секілді таза, пәк. Жалпы оқытудың негізгі міндеттері – баланың жеке басының жан – жақты қалыптасуын қамтамасыз ету,оның қабілетін анықтау мен дамыту, білімдерін ашу, дұрыс түсінік қалыптастыру.

Өзім сабақ барысында жаңа технологияларды жиі қолдануға тырысамын. Осы инновациялық технологиялардың бірі – ақпараттық технология. Оқытудың ақпараттық технологиясы - ақпаратпен жұмыс жасау үшін қолданылатын арнайы тәсілдер, техникалық құралдар. Ақпараттандыру технологиясы арқылы заман талабына сай сабақ берудің тиімділігі өте көп. Күнделікті сабақ барысында видео – аудио қондырғылары мен интерактивті тақтаны пайдалану көп нәтиже береді. Қоғамның жаңа деңгейге көтерілуі, оның қозғаушы күші болып отырған жастарға білім беру ісінде өткен тарихы тәжірибелерді ой – елегінен өткізіп, жана заман талабына сай қолдану болып табылады. Сондай қажеттіліктердің бірі – ақпараттық технологиялар арқылы оқушылардың танымдық белсенділіктерін арттыру. Бұл мәселенің нәтижелі жүзеге асуы оқушылардың танымдық белсенділіктері бойынша толық білім сапасынан және оны оқушылардың жұмыс тәжірибесінде пайдалана білу іскерлігі мен дағдыларын қалыптастыруды талап етеді. Сонымен қатар, ақпараттық технологияларда әртүрлі дидактикалық әдістерді пайдаланудың өзіндік тарихы мен терең мазмұны, сан қилы ерекшеліктері бар[2].

Қазіргі таңда ақпараттық технологияны оқушыға меңгерту – бүгінгі күннің басты талабы болып табылады. Мектеп ақпараттандырылды десе, онда төмендегі міндеттер шешілді деп айтуға болады:

1. Мектепте қашықтан оқыту технологияларын әзірлеу және өмірге енгізу.
2. Оқытудың ақпараттық және қашықтан оқыту технологиясын барлық мұғалім меңгеру.
3. Мектептерді білім беру бағдарламасына сәйкес электрондық оқулық басылымдарымен қамтамасыз ету.
4. Қабілетті балалардың шығармашылығын дамытып, олардың белсенді жұмыс жасауына педагогикалық – әлеуметтік қолдау көрсету.

Оқытуды компьютерлендіруде компьютердің мүмкіншілігі өте кең: электрондық оқулықтардың көмегімен білім, жаттықтыру тапсырмаларын беру, оқушылардың білімін тексеру, тест жұмыстарын өткізу, т.б.[3]. Сабақ үрдісінде сабақ мазмұнын қызықты өткізу үшін керекті ақпаратты ғаламтор жүйесін алып, өңдеп және жүйелеп материалды оқушыларға беремін. Оқытуды компьютерлендірудің концептуалды аспектісін жасау – басты міндет. Ақпараттық технологияны өз іс – тәжірибемде пайдаланамын. Интерактивті тақта арқылы слайдтар көрсетемін, тест тапсырмаларына жауап аламын және т.б. сол сияқты аудио дыбыстарды сабағымда жиі пайдаланамын. Мысалы:құстардың дыбысы, орманның шуылы, судың сылдыры т.б.

Ақпараттық технология мен қатар сабағымда «Сын тұрғысынан ойлау» технологиясын да жиі пайдаланамын. Оқушының жеке тұлғасын, оның рухани әлемін, қабілеті мен ынтасын дамыту бүгінгі таңның негізгі мәселелерінің бірі болып табылады. Себебі, оқушы өз бетімен ізденіп жұмыс істеуге, өз бетінше алған білімін тәжірибеде, өмірде пайдалануға үйрену керек.

Осы мәселелерді шешуге «Сын тұрғысынан ойлау» технологиясы көмектеседі. Осы технология бойынша өткізілетін сабақтар үрдісінде мұғалімнің іс – әрекеті мен оқушының іс – әрекеті:

- Сынып оқушыларын топқа бөліп, ой қозғайды.
- Оқушыларды тақырыпқа қызықтырып бағыттайды.
- Шығармадағы ең құнды мәселелерді анықтау ұсынылады, зерттеледі.
- Образдық ерекшелігін тануға бағыттайды, сол кейіпкердің орнына өздерін қойып салыстырады.

- Ойларын жазуды ұсынады.
- Қорытынды жасауға бағыттайды.
- Топтарда жұмыс жасайды. Мәтінмен балалар өздері танысады.
- Өр түрлі әдістер арқылы шығарманы саралайды.
- Жеке кейіпкерлерді талдайды, олардың іс – әрекеттерін зерттейді.
- Ой қорытып, оны қағаз бетіне түсіреді.
- Тұжырымдама жасайды.

Осы іс-әрекеттерден «Сын тұрғысынан ойлауды дамыту» бағдарламасының негізгі қағидаларының шығармашыл тұлға қалыптастыруға бағытталғанын көреміз.

Оқытуды жеке тұлғаға бағыттау арқылы кез-келген сабақтың дамытушылық, тәрбиелік мүмкіндіктерін пайдаланып және осы жүйені қолдану барысында сабақ үрдісінде оқушының шығармашылық қабілеттерін дамыту жүзеге асырылады. Сабақ барысында «Сын тұрғысынан ойлау» технологиясы стратегиялары негізінде құрып оқыту, яғни сыни тұрғыдан ойлау тәсілін іс-тәжірибеге егізу нәтижесі жеткіншектер бойында іскерліктер мен дағдыларды қалыптастыруға болатынын байқауға болады. Осы стратегия арқылы көп нәтижеге қол жеткізуге болады.

- Оқушылар өздері ойланады.
- Ізденеді.
- Бірін – бірі түсінуге мүмкіндік туады.
- Жұппен жұмысжасауға үйренеді.
- Керекті дәйектемені таба біледі.
- Сол дәйектемені қолдана біледі.

Сын тұрғысынан ойлау дегеніміз - сабақта оқушылардың қызығушылығын арттыра отырып, өз ойын еркін жеткізу және тұжырым жасау. Сын тұрғысынан ойлау дегеніміз – ой қозғай отырып, оқушының өз ойымен өзгелердің ойына сыни қарап, естіген, білгенін талдап, салыстырып, реттеп, сұрыптап, жүйелеп, білмегенін зерттеп, дәлелдеп, тұжырым жасауға үйренеді[4].

Сын тұрғысынан ойлауды дамытудың мақсаты барлық жастағы оқушыларға кез келген мәселеге сыни тұрғыдан қарап, екі ұйғарым бір пікірдің біреуін таңдауға саналы шешім қабылдауға үйрету.

#### ***Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:***

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. – А.: Елорда, 2014. Б.23
2. Капашева Л.М. Заманауи әлемдегі ғылым мен білім –Қ.: 2015, Б.346
3. Адешова Г.Д. , Нұржанова З.О. Халықаралық ғылыми – практикалық конференция – Қ.: 2015, Б.34-35
4. Омарбекова С.Ә. Наука и образование в современном мире –Қ.:2015, Б.223

**Сагунбаева Ә.Ш.**

#### **ПРИМЕНЕНИЕ НОВЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНОМ ПРОЦЕССЕ**

**Аннотация.** В данной статье показано, что используя инновационные технологии в образовании, можно добиться хороших результатов и научить ребенка творчеству. Информационные технологии критическое мышление говорят о пользе технологий для учащихся.

**БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫН ЖАҢАРТУ ЖАҒДАЙЫНДА МЕКТЕПТЕ ОҚУШЫЛАРҒА  
ДЕФЕКТОЛОГ-ЛОГОПЕДТІҢ ҚОЛДАУ КӨРСЕТУІ**

*Аңдатпа.* Бұл мақала білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында мектеп оқушыларына дефектолог-логопедтің қолдау көрсетуіне, педагог-дефектологтың кәсіптік іс-әрекетінің шеңберіне, олардың жұмыс мазмұнына арналған.

Балалардың тілін дамытуда ауызша сөйлетуге үйрете отырып, білгенін күнделікті өмірде қолдануына, тілдік қарым-қатынастағы жаттықтыру ісіне ерекше мән берген маңызды. Педагогика мен психология және медицинаның түйісу шегінде орналасқан логопедия өз тәжірибесінде мұғалімнің жұмысын оңтайландыратын және ең тиімді әдіс-тәсілдерді бейімдеп қолданады.

Бұл әдістерді логопедияда дербес қарастыруға болмайды, олар көпшілік мақұлдаған технологиялардың бөлігі болып табылады, және педагог пен баланың қарым – қатынасының жаңа тәсілін, жаңа ынталандыру әдістерін енгізеді, жайлы эмоционалдық ортаны тудырады, жұмысқа сақталған психикалық функциялады қосуға және ауытқыған психикалық функцияларды белсендендіруге септігін тигізеді.

«Баланың психикалық немесе дене дамуы неғұрлым төмен болса, ұстаздық білімділігі мен біліктілігі соғұрлым жоғары болу қажет», деп жазған ХХ ғасырдың басында атақты неміс педагог-дефектологы П.Шуман. Қазіргі кезде мектептерде кемтар балаларды қамқорлыққа алып, олардың қалыптасуына және айығуына мүмкіндік жасап, өз бетімен өмір сүруіне бағдар беруге арнайы дайындық жүргізілуде. Кемтар балалардың білім деңгейін көтеріп, өмірге қажетті білім-білік дағдысын, тәртібін, әлеуметтік ортаға бейімделуін қалыптастыруға байланысты түрлі шаралар жасалуда.

«Мұғалімдік мамандық – бұл адамтану, адамның күрделі және қызықты, шымшытырғы мол рухани жан дүниесіне үңіле білу. Педагогикалық шеберлік пен педагогикалық өнер – ол даналықты жүректен ұғу болып табылады», -деп атап көрсетеді В.А. Сухомлинский. Әсіресе ұстаздық шеберлік әрекеті қалыпты, дені сау баламен жұмыс кезінен гөрі, даму мүмкіндігі шектеулі балалармен қарым-қатынас кезінде көбірек қажет. Педагог-дефектологтың кәсіби әрекеті дәстүрлі ұстаздың әрекетінің белгіленген шеңберінен әлдеқайда кең болып келеді өйткені әлеуметтік-педагогикалық, оңалту, консультативтік-диагностикалық, психотерапиялық жеке коррекцияның көптеген түрлерімен бағытталған, яғни мүмкіндігі шектеулі тұлғаның әлеуметтік бейімделуіне және арнайы білім алуына ықпал ету.

Қазіргі уақытта арнайы педагогиканың түрлі мамандықтарын игеруге болады. Педагог-дефектологтың кәсіптік іс-әрекетінің шеңбері маман дайындау бағытына, олардың жұмысы мазмұнына тәуелді ерекшеленеді. Дефектология мамандығы бойынша: логопед, сурдопедагог, олигофренопедагог, түзете-дамыту оқытудың оқытушысы, тифлопедагог, түзету мекемелердегі педагог-психолог.

Арнайы педагогтың кәсіптік қызметтің бағыты; арнайы оқытуды қажет ететін адамдарға емдеу және алдын алу көмегін көрсету; ерте жастан көмек көрсету; мектепте дейін тәрбиелеу; мектепте білім беру; кәсіби-оқыту; әлеуметтік жұмыс және әлеуметтік көмек. Арнайы педагогтың кәсіптік қызметтің мазмұны: мүмкіндіктері шектеулі балаларға түрлі түзету-педагогикалық, әлеуметтік және емдік көмекті ұйымдастыру: дамуында пайда болған ауытқулардың түрлеріне ерте анықтау, арнайы мектеп жасына дейінгі және мектеп мекемелерін, оңалту орталықтарын толықтыру, ерте араласу және мектепке дейінгі тәрбие, мектеп білімі; кемтар балаларға әлеуметтік және арнайы білімді қажет ететін адамдарға әлеуметтік көмек және қызмет көрсету, дәрігерлік мекемелерінде денсаулық сауықтыру орталықтарының жұмысы, емдік мекемесіндегі логопедиялық кабинеттерінде кеңестік және түзету жұмысы. Арнайы мектеп мұғалімін білім, медицина мен әлеуметтік салаларында мүмкіндіктері шектеулі балалармен оқыту –тәрбиелеу және нақты арнайы білім беру ұйымдарында ғылыми-әдістемелік мекемелерінде типтік номенклатураға сәйкес жоғары білімді мамандарының орнын басатын бастапқы қызметтерді атқара алатындығына бағыттайды.

Қоғамның даму деңгейіне сәйкес маманның кәсіби дайындығы, демократиялық және гуманистік сенімдері, жалпы адамзаттық рухани байлығы жоғары дәрежеде болуы қажет. Қазіргі маман кең фундаментальді және тәжірибелік дайындыққа ие болу, өз мамандығын жетілдіре ала білу, өз білімін өрістегі білу, іс жүзінде қызмет ұйымдастыру принциптерін қолдана алу, сонымен қатар педагогикалық процесті басқару озық әдістеріне ие болу қажет. Арнайы педагогтың кәсіптік қызметінің сферасы: педагогикалық, әлеуметтік, медициналық. Ал кәсіптік қызмет нысаны болып әлеуметтік-мәдениеттік және педагогикалық феномен арнайы оқытуды қажет ететін балаларға арнайы білім беру. Жалпы арнайы педагог - бұл жан дүниесі өте кең ерекше рухани құндылықтарға ие, мейірімді, ақ көңілді, жан-жақты кәсіби құндылықтар жүйесін меңгерген, өзінің кәсіби әрекетін нәтижелі әрі сәтті болатынына сенімді тұлға. Оның кәсіби әрекеті соншалықты кең, тіпті оған әлеуметтік-мейірімділік акциялардың жетекшісі және белсенді қатысушысы болуына тура келеді.

Ерекше білім алу қажеттіліктері бар балаларды замануи әлеуетке бейімдеу туралы ҚР-ның көптеген заңдары бар. Мысалы: ҚР-ның «Кемтар балаларды әлеуметтік-медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» заңында І - тараудың 3- бабының І – тармақшасында «Кемтар балаларды әлеуметтік-медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау» баланың туғанынан басталып, ол кәмелет жасқа толғанға дейін, жаппай кешенді медициналық-психологиялық, педагогикалық және әлеуметтік тексеру мен кәсіби диагностика жүргізу, оңалтудың бағдарламасын әзірлеу, медициналық, педагогикалық, психологиялық, әлеуметтік қызметтер көрсету және еңбекке баулу арқылы жүргізіледі» делінген. Осыған сәйкес әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдаудың мақсаттары бар. ҚР-ның «Білім туралы» заңындағы 6-бапқа сәйкес: «Білім беру саласындағы жергілікті уәкілетті атқарушы органдардың құзіреті-мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды оңалтуды және әлеуметтік бейімдеуді қамтамасыз ету» туралы айтылады. Мүмкіндігі шектеулі балаларды оңалту организм функциялары тұрақты бұзылып, денсаулығының бұзылуынан тіршілік тынысының шектелуін жоюға немесе оның орнын мүмкіндігінше толықтай толтыруға бағытталған медициналық, әлеуметтік және кәсіптік іс-шаралар кешенін қамтиді. Мүмкіндігі шектеулі балаларды оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылады. Арнайы педагогикада жаңа тенденцияларды даму мүмкіндігі шектеулі тұлғалар медициналық, педагогикалық және әлеуметтік сипаттағы кешенді көмек алатын мекемелердің көбеюімен байланыстыруға болады. Мұндай балалардың ұзақ уақыт бойы оңалту орталықтарында болуы күнделікті өмірінде өз-өзіне қызмет етуде қолданатын әлеуметтік бейімдеудің қарапайым және күрделірек дағдыларын меңгеруіне әсерін тигізеді.

Мүгедек балаларды қоғамға қосудың екі жолы бар екенін атап өтуге болады. Алғашқысы, мүгедек балаларды қоғамға қосуды және қоғамның мүгедек балаларды өздеріне қабылдауға деген дайындығын қарастырады. Біздің мемлекетімізде бұл жағдай енді қолға алынып келеді. Ал, екіншісі, мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың қоршаған ортаға бейімделуін қарастырады. Басқа сөзбен айтқанда мүмкіндігі шектеулі тұлға қоғамға қосылудың объектісіне айналады, яғни олардың әлеуметке үйлесімді түрде ену мүмкіндіктерін шектейді. Қоғамға қосудың бұл екі жолы мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға көмек көрсету жүйесінің даму тарихымен тікелей байланысып өз көрінісін табады.

Қорыта айтқанда, қазіргі кезде қоғам дарынды қабілетті адамдарды қажет етеді. Тиімді жұмыс атқару үшін маман өзінің беретін пәні әртүрлі әдіс-тәсілдерді білуі, оқушылармен қарым-қатынаста болуы қажет. Осы мәселелерді әрдайым сабақта, сабақтан тыс уақытта, белгілі бір мақсатта емес әр түрлі жағдайларда қолданып отыру, атқарылған жұмыстардың нәтижесін көрсетеді. Жеке тұлғаның өсуіне психологиялық-педагогикалық жағдай жасай отырып, өз ортасында және өзге ұжымда өзін еркін сезіне алуға тәрбиелеу, өзіне-өзі сенімді, жауапкершілік қасиет сіңірген тұлға ретінде қалыптастыру.

**Сулейменова Б.А.**

### **ПОДДЕРЖКА УЧАЩИХСЯ ДЕФЕКТОЛОГОМ-ЛОГОПЕДОМ В ШКОЛЕ В УСЛОВИЯХ ОБНОВЛЕНИЯ СОДЕРЖАНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ**

*Аннотация. Данная статья посвящена поддержке логопеда-дефектолога школьников в условиях обновления содержания образования, рамках профессиональной деятельности педагога-дефектолога, содержанию их работы.*

**ЖЕТКІНШЕКТЕРДІҢ ӘЛЕУМЕТТЕНУІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ҚОҒАМДЫҚ  
ЖАТ ҚЫЛЫҒЫНЫҢ ТҮСІНІГІНЕ ШОЛУ**

*Аңдатпа. Автор мақалада жеткіншектердің қоғамға жат қылықтарын анықтап, оның мәнін ашып көрсеткен, оларды шешу бойынша іргелі-тұжырымдық, теориялық әрі тәжірибелік жұмыстарды ашып берген.*

Қазақстандық қоғамның қазіргі жағдайы әлеуметтік-экономикалық мәселелердің күрделі кешенімен сипатталады, оларды шешу қажеттілігін мемлекеттік билік тарапынан жоғары тиімді және нақты саясатты жүргізуді талап етеді. Қазіргі уақытта жеткіншектердің арасында әлеуметтену бойынша құқық қорғау, мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың бірлескен жұмысының маңызы артып келеді. Бұл жеткіншектердің арасында қоғамдық ұстанымға қайшы әрекеттердің өсуімен негізделеді.

Жаңа ұрпақты қалыптастыру, оның рухын, имандылығын және мәдениетін тәрбиелеу, мемлекеттік-құқықтық саясаттың басты мақсаттарының бірі болу керек, бұл тенденция қазіргі қоғам ішінде белең алса да, оның мақсаттары толық мәнде іске асырылмай келеді. Соңғы уақытта жеткіншектер арасында қоғамға қайшы келетін әрекеттердің динамикасы үзіліссіз артта түсуде.

Қазақстандық қоғамның экономикалық бағыттарының дамуына басты орынды бере отырып, мемлекеттік масштабта жүргізіліп жатқан өзгерістер, мемлекеттік-құқықтық институттарын идеологиялық қамтамасыз ету мәселелері соңғы орында қалып отыр. Жеткіншектердің рухани және имандылық даму мәселелері түрлі мемлекеттік құрымдар мен қоғамдық ұйымдардың назарынан тыс қалып отыр. Соның нәтижесінде пайда болған вакуум бұқаралық ақпараттар құралдарының көмегімен құқықтық қоғамға жат идеологиямен толтырыла бастады, адамның шын құндылықтары әділдік, жақсылық пен жамандық, үлкендерге сыйластықпен қарау туралы ұстанымдар біз қажет ететін дәрежеде болмай тұрғаны да шындық. Қазіргі қоғамдағы орын алып отырған жағдай балалар мен жас өспірімдердің әлеуметтік бейімделу мәселесінің қиындалуымен сипатталады. Оның үстіне жеткіншектердің панасыз қалуын және құқық бұзушылықтарын алдын алу институттарының жүйесі қажетті профилактиканы қамтамасыз етпейді.

Жеткіншектердің қоғамға жат қылығын ерте анықтау, оның мәні мен түсінігі күрделі мәселе, оларды шешу іргелі-тұжырымдық теориялық әрі тәжірибелік қажетті құжаттарды әзірлеуді керек етеді, мұның өзі жастар ортасындағы тәрбиелеу-алдын алу үрдісін тікелей жетілдіруге мүмкіндік береді.

Мақала мақсатына орай, алдымен «қоғамға жат мінез-құлық» түсінігін анықтап алуды қажет деп білеміз. Онымыз моральға жат құбылыстар бойынша әлеуметтік ұстанымдардан «ауытқитын» мінез-құлықтарын ашу арқылы жүзеге аспақ.

Ұзақ уақыт бойына әрі әлі де әлеуметтану әдебиеттерінде «ауытқымалы», «қоғамға жат» мінез-құлық және басқа да «өрескел» көріністер, оларды ғылыми зерттеу мүмкіндіктерін анықтауға деген ұмтылыс пен сол төңіректердегі пікірталастар өз жалғасын тауып келеді. Бұл мәселені философ, әлеуметтанушы, психолог, педагогтар кеңінен зерттеуде.

Қарастырылатын мәселе мәні бойынша әр түрлі авторлардың пікірінің бір-бірінен нақты айырмалары мен ерекшеліктері бар. Алдымен «ауытқитын» мінез-құлық түсінігіне тоқталайық. Мысалы, ғалым Г.И.Забрянский мінез-құлығында ауытқушылық бар жеткіншектерді «қоғамдық ұстанымдар ережелерін немесе мораль қағидаларды бұзатын мінез-құлық», «құқыққа қайшы мінез-құлыққа көшуге бейімділік» сөз тіркестерін қолданса [1,128-б.], В. В.Коклюхин «ауытқушы мінез-құлық» терминін «адамның (немесе адамдар тобының) белгілі бір кезеңде қоғамдық тәртіп міндеттері мен мақсаттарына сай келмеуі» деп түсіндіреді. Осылайша мінез-құлықты бағалау мақсаттар мен міндеттерді тәрбиелеуге байланысты болып келеді екен [2, 59-б.].

Ал А.И. Миллер болса «ауытқушы мінез-құлықты», теріс ауытқулар жиынтығы (құқыққа қайшы және моральға жат) және оң ауытқулар жиынтығы ретінде қарастырады [3,86-б.]. Оң,

қолайлы мінез-құлыққа ауытқулары «қоғамдық прогресске жағдай жасаушы ретінде» басқа да авторлармен әрі басқа ғылыми таным салаларының өкілдерімен, әлеуметтанушылармен мойындалып жүр.

Келтірілген пікірлер мен көзқарастар сөйтіп «ауытқу мінез-құлқын» құрайтын бөліктерді ғана емес, оны анықтаудың жолдарына да қатысты. Бұл, бірінші кезекте, әр ауытқудың жеке нысанының детерминант ерекшеліктерін, жақындық және алшақтықтарын зерттеуге негізделуі керек. Бұл тұтастай рұқсат етілетін, рұқсат етілмейтін шектер мен оның мазмұнын анықтауға, ауытқушылық мінез-құлық мәнін терең бағалау мүмкіндігін береді.

Бұл тұрғыдан барынша дұрыс деп В.Н. Кудрявцеваның көзқарасын қолдаймыз. Оның пікіріне сәйкес, «әлеуметтік ауытқулар саласында жеке жеткіншектің мінез-құлқы қоғам мен адамгершілік, құқық ережелерімен тыйым салынатын, нақты адамдардың мінез-құлқтарынан тұрады [4,23-б.]. Сөйтіп, ауытқушы мінез-құлық кез-келген әлеуметтік ережелердің немесе мораль ережелерінің талаптарын бұзудан көрінеді. Сонымен қатар «ауытқушы мінез құлықтың пайдалылығы» біздің қоғамда мүмкін емес деп санаймыз, себебі «әлеуметтік қолайлы ауытқу бұл әлеуметтік ережелер мен талаптардың ауытқуы емес, олардың «көрінісі» ғана, басқаша айтқанда «адамдарды саяси, еңбек және адамгершілік тәрбиесіне идеялық ұмтылысын, үйлесімді дамыған, қоғамдық белсенді тұлғаның қалыптасу салдары болып табылады.

Қоғамға жат тәртіп әлеуметтік қағидалардан ауытқитын мінез-құлықпен тығыз қатынаста. Олардың қатынастары және «қоғамға қайшы мінез құлық» мазмұны өткір пікірталастар нысанасы болып табылады.

Қоғамға қайшы тәртіптің мәні туралы заң ғылымында белгілі бір көзқарас қалыптасқан. Қоғамға қайшы қылық немесе жекелеген адамдардың тәртіптерін кей ғалымдардың заңға қарсы болып табылмайтын, бірақ әлеуметтік зияндылығы жағынан моральға теріс болып бағаланатын әрекеттер деп қарастыратыны бар. А.А. Пионтковский қоғамға қайшы қылық сондай-ақ айыпталушының құқықтық жауапкершіліктен босату жөніндегі материалдарды ұйымдық жиналыс алдында қарастыруға тапсыру шартымен болғанда деп санайды [5,159-б.].

Қоғамға қайшы қылық «бір жақты теріс сипаттаманы құрайтыны» сөзсіз. Бұндай құбылыстардың көлемі барынша ауқымды, сан алуан және мәнісі жағынан түрлі әлеуметтік қағидалардың бұзылуын қамтиды. Сондықтан ғылымда қоғамға қайшы, моральға жат тәртіпсіздіктерді қамтиды деген көзқарас үстемдік алуда. Алайда қоғамға қайшы көріністер ғылымда белгілі бір тұрақты бағалауға ие болады, ондай пікірлердегі айырмашылықтар құқық бұзушылықтар болып табылмайтын қоғамға қайшы жеке әлеуметтік ауытқулар саласына таратылу шегі туралы мәселеде қадағаланады.

Ғылыми әдебиетте ол, біз көріп отырғандай, әр түрлі болады, қоғамға қайшы мінез-құлықтың болуын тек белгілі бір, жоғарыда айтылған «әлеуметтік патология» құбылыстарындағы моральға жат құбылыстар саласындағы авторлардың жеткіліксіз негізделмеген көзқарастары саналады. Бірақ бұл «жүйкелік-психикалық өзгерістерді» қоғамға қайшы мінез-құлық деп қарастыруға келе қоймайтындай, себебі мұны денсаулықтың жағдайына байланысты деп түсінген дұрыс. Ғалымдардың келтіретін «моральдық қағидалардың бұзылуына байланысты, қоғамға қайшы құбылыстардың шамамен алғандағы тізіміне» мыналар кіреді: ішкілік, жезөкшелік, нашакорлық, мемлекеттік-құқықтық мәжбүрлеу шараларын қолдануға әкеліп соқтармайтын қоғамдық тәртіпті бұзу және т.б.

Қоғамның үдемелі дамуына кедергі келтіретін нормативтік (мораль және құқық ережелері) кез келген ауытқуларда қоғамға қайшы келудің болуы деп қарастыратындардың да пікірі нақты емес дегіміз келеді. Әсіресе, «кері ауытқитын мінез-құлық қоғамға қайшы (антиәлеуметтік) мінез-құлықпен тамыры бір мағыналас дейміз.

Біздің ойымызша, «қоғамға қайшы» және «ауытқушы» мінез-құлық құқық пен мораль қағидаларын бұзуда олардың айрықша ерекшеліктері объективті өмір сүреді. Осы жерде осы екі мағыналас түсініктің мазмұнын жекелеуге мүмкіндік беретін ғылыми негізді өлшемдерді әзірлеу қажеттілігінің барлығы айқын.

Біздің көзқарасымыз бойынша, қоғамға қайшы тәртіп түсінігі бірнеше басқа сапалық негізде құрылуы керек. Оның мәнісі қоғамдық қауіпті барлық қоғамға қайшы тәртіптермен, бұдан туындайтын барлық салдарларымен қабылдауда жатыр. Бірінші кезекте бұл жеке әлеуметтік ауытқулардан қоғамға қайшы тәртіпті ерекшелеуге, оның таратылу шегін анықтауда жойылып кетуге жол бермеуге мүмкіндік береді.

Қоғамға қарсы бағыттағы ауытқушы мінез-құлықты мойындау қоғамдық мүдделерді тұрғысынан тиісті бағалауға, сәйкесінше әрекет ету әдістері мен нысандарын, құралдарын әзірлеуге жағдай жасайды.

Нәтижесінде бұл мәжбүрлеуді қолдану саласын негізсіз кеңейту жағдайларының алдын алуға болады және біздің мемлекетіміздің қазіргі кезеңде тұжырымдалған саясатының әрі қарайғы гуманизациялану мақсаттарына жауап берер еді.

Сонымен қатар тұлғаның қоғамға қайшы құбылыстарға қатынасы мәселесі әлі де ғылымда өткір теориялық дискуссияларды талап ететін, шешілмеген мәселе болып отыр.

«Орта», яғни сыртқы факторлар әлеуметтік иммунитеті нашар «тұлғаға» әсер ете отырып, теріс қасиеттердің дамуына немесе қалыптасуына жағдай жасайды. Өз кезегінде «тұлға» теріс деформация сипатына байланысты «ортаға» кері ықпал жасайды. Қоғамдық не моральдыкережені бұзу қаншалықты маңызды болса, ереже бойынша тұлғаны өзгерту де соншалықты мәні тереңде болуы керек. Сыртқы ортаның нашарлауына ықпал ететін субъективті факторлар тұлғаның қоғамға қайшы белсенділігін арттырады.

Осыған байланысты Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес, әлеуметтік тапсырыс және басқа да шараларды үйлестіру арқылы жеткіншектер арасында қадағалаусыздық, панасыздық, құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша шараларды жүзеге асырумен байланысты коммерциялық емес ұйымдардың қызметіне мемлекет тарапынан қолдау көрсетілуі тиіс.

Жеткіншектер арасында қадағалаусыздық, панасыздық, құқық бұзушылықтың алдын алу саласындағы мемлекеттік органдардың, сонымен бірге жалпы орта мектептің негізгі міндеттері:

- жеткіншектер арасында қадағалаусыздық, панасыздық, құқық бұзушылықтың алдын алу, оларға жағдай жасайтын шарттар мен себептерді анықтау және жою;

- жеткіншектердің заңды мүдделері және құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету;

- қиын өмірлік жағдайға ұшыраған жасөспірімді әлеуметтік ақтау;

- жеткіншектердің заңға мойынсұнушылығын қалыптастыру;

- жеткіншектерді қоғамға қайшы әрекеттерді жасауға тарту фактілерін анықтау және тыйым салу;

- жеткіншектердің арасында қадағалаусыздық, панасыздық, құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша қоғамдық бірлестіктер және ұйымдардың, мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіру болып табылады. Осы жерде педагогикалық сала бойынша білім органдары мына міндеттерді жүзеге асырса деп тілейміз:

- девитантты мінез-құлықты жеткіншекті ерекше тәртіпте ұстау білім ұйымдары және арнайы білім ұйымдарының желісін дамыту, сондай-ақ бала құқығын қорғау бойынша қызметтерді жүзеге асыру бойынша шараларды іске асыру;

- жеткіншектердің қамтылуы және бос уақытын, жазғы демалысын ұйымдастыруға қатысу;

- жалпыға міндетті білім ұйымдарына негізсіз себептермен келмейтін, жеткіншектерді анықтайды және тіркеуді жүргізеді, олардың ата-аналарымен және заңды өкілдерімен жеке алдын алу жұмыстарын жүргізеді;

- жеткіншектердің заңға бағынышты мінез-құлқын қалыптастыру, оларға адамгершілік және салауатты өмір салты негіздерін дамытуға бағытталған әдістемелер мен бағдарламаларды білім ұйымдарының жұмыс тәжірибесіне енгізу және әзірлеу;

- психолого-әдістемелік-педагогикалық комиссияларды құру, олар мінез-құлқы мен дамуында ауытқулар бар кәмелетке толмағандарды анықтайды, оларға кешенді тексеруді өткізеді және оларды әрі қарай тәрбиелеу мен оқыту түрін анықтау бойынша ұсыныстар дайындайды;

- девитантты мінез-құлықты кәмелетке толмағандарды, қолайсыз отбасыларын анықтауға, оларды ішкі істер органына тіркеуге қоюға және олармен жеке алдын алу жұмыстарын жүргізуге қатысады;

- жалпы білім беретін мекемелерде қол жетімді спорт секциялары, техникалық және басқа да үйірме, клубтардың ұйымдастырылуын қамтамасыз етеді және оларға кәмелетке толмағандарды тартады.

Оқу-тәрбиелеу немесе емдік-тәрбиелік мекемелер арнайы білім ұйымдары болып табылады және жүйелі түрде отбасынан және балалар оқу-тәрбиелік ұйымдарынан өз бетімен кететін және басқа да қоғамға қайшы әрекеттерді жасайтын, орта білімді алудан қасақана бас тартатын, әкімшілік ықпал ету шараларына әкелетін, құқық бұзушылықтарды жүйелі түрде

жасайтын он бірден он сегіз жасқа дейінгі жастағы кәмелетке толмағандарды әлеуметтік оналту және оқыту, тәрбиелеуді қамтамасыз ету мақсатында құрылады.

Ата-аналардың аз үлесі (6%) бейәлеуметтік құбылыстарға әкелуші ұқсас себептер отбасыларда кездеседі деп мойындады. Дәлірегі: балалардың жалғыздығы, отбасыдағы тәрбиенің жетіспеушілігі (ата-аналарының жұмысбастылығы), отбасы ішіндегі жанжалдар, тыйым салулардың көптігі.

Балалар әлеуметтік желілермен, онлайн-ойындармен қызығушылығының дәлелі болып балаларды сұрау нәтижелері саналады. Орташа есепте, балалардың үштен бірі интернетке тәуелді, және виртуалды ойындарға құмар. Балалардың 38,6% күн сайын интернетте, әлеуметтік желілерде, WhatsApp отырады, 21,8% - онлайн-ойындар ойнайды. Міне, осылардың барлығын мемлекеттік органдар мен білім беру мекемелері бақылауға алуы тиіс деп білеміз.

***Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:***

1. Коклюхин В. В. *Борьба с влиянием идеологии на молодежь Минск. 2009г.*
2. Миллер А. И. *Воспитание, насилие и покаяние. Изд. КЛАСС 2013 г.*
3. В.Н. Кудрявцев, *Криминология: Учебник. М.: Юрист, 2017г.*
4. Пионтковский А. А. *Усиление роли общественности в борьбе с преступностью и некоторые вопросы советского уголовного права // государство и право, Москва, 2001г.*

**Тукбаева Л.М**

**ОБЗОР ПОНИМАНИЯ ОБЩЕСТВЕННОЙ ЧУЖДОСТИ В ФОРМИРОВАНИИ  
СОЦИАЛИЗАЦИИ ПОДРОСТКОВ**

*Аннотация.* Автор в статье выявил антиобщественное поведение подростков, раскрыл его сущность, раскрыл фундаментально-концептуальные, теоретические и практические работы по их решению.

УДК 159.9.07

Тулегенова А.Т

Бакалавр, Академии «Bolashaq», г. Караганда, Республика Казахстан  
alisa19.98@bk.ru

Научный руководитель: к.п.с.н Никифорова О.В

**ИССЛЕДОВАНИЕ УРОВНЯ СУБЪЕКТИВНОГО КОНТРОЛЯ ПОДРОСТКОВ С  
РАЗНЫМИ ПСИХОТИПИЧЕСКИМИ ХАРАКТЕРИСТИКАМИ**

*Аннотация.* Данная статья посвящена исследованию поведенческих стратегий подростков с разными психотипическими особенностями, которые определены экспериментальным путем.

Одним из критериев самоопределения личности является уровень субъективного контроля - умение человека принимать на себя ответственность за собственное поведение, за результат деятельности в разных ситуациях.

Особое значение эта характеристика личности, на наш взгляд, имеет важное место в подростковом периоде. Ведь именно в отрочестве закладываются базальные новообразования данного онтогенетического периода, в том числе и уровень субъективного контроля - свойство личности приписывать свои успехи или неудачи только внутренним либо только внешним факторам [1].

В этой связи нам представляется интересным исследование уровня субъективного контроля у подростков, который является значимой и яркой стадией развития жизненного пути личности.

Именно поэтому целью нашего исследования является изучение уровня субъективного контроля подростков с разными психотипами.

Достижение данной цели осуществляется через определение и решение следующих исследовательских задач:

- Выявить поведенческую направленность испытуемых с интервальным и экстервальным содержанием.



- Определить преобладающие психотипические характеристики испытуемых.
- Провести сравнительный анализ психотипических характеристик подростков с разными поведенческими стратегиями.

Базой нашего исследования выступают испытуемые, ученики 8 класса «Общеобразовательной средней школы №10» г. Темиртау.

В качестве *методического инструментария* для определения степени интернальности подростков нами выбран тест «Уровень субъективного контроля» Дж. Роттера, адаптированный Е. Ф. Бажиным, А. М. Эткиндо и С. А. Голынкиной;

Методика «Акцентуации характера и темперамента личности» Г. Шмишека и К. Леонгарда. Направлен на выявление акцентуированных свойств характера.

Для нас очень важным является исследование поведенческого профиля в подростковом возрасте, потому что данный период онтогенеза является сензитивным для выстраивания всех базальных новообразований.

Экспериментальные данные исследования уровня субъективного контроля зафиксированы в таблице 1.

Таблица 1. Поведенческая направленность испытуемых с интернальным и экстернальным содержанием.

Уровень субъективного контроля	Количество испытуемых с выраженной стратегией поведения
Интернальная стратегия	4 (66%)
Экстернальная стратегия	2 (34%)
Общее количество	6 (100%)

Количественные результаты эмпирических данных, представленные в таблице 1, означают, что количество испытуемых с выраженной характеристикой интернальной стратегии поведения составило 66% от общего числа испытуемых, по экстернальной стратегии поведения – 34% от общего числа испытуемых.

На основании полученных данных, представленных в таблице 1, построена диаграмма в процентном соотношении выбора подростками стратегий поведения.

На рисунке 1 зафиксированы количественные результаты исследования выбора подростками стратегий поведения по интернальной и экстернальной векторности.



Рисунок 1. Результаты исследования выбора подростками стратегий поведения в процентном соотношении.

Качественный анализ полученных данных позволяет сделать следующие выводы:

1) 66% испытуемых придерживаются интернальной стратегии поведения: они способны взять на себя ответственность за то, что происходит с ними и с другими зависящими от них людьми, руководствуются тем, что их удачи и неудачи определяются проявленной подростками активностью, действиями и способностями.

2) 34% испытуемых по результатам проведенного исследования принимают экстернальную стратегию поведения. Такие подростки снимают с себя ответственность за происходящее и перекладывают ее на обстоятельства или на других людей.

Таким образом, на основании полученных эмпирических результатов исследования уровня субъективного контроля подростков обозначились 2 группы испытуемых по векторам стратегического поведения.

- группа А (интернальная стратегия поведения);
- группа В (экстернальная стратегия поведения).

Для более полной оценки предрасположенности испытуемых к определенному локусу контролю, мы полагаем целесообразным дополнительно использовать методику «Акцентуации характера и темперамента личности» Г. Шмишека и К. Леонгарда для выявления акцентуированных свойств характера.

Мы считаем необходимым подчеркнуть, что локус контроля или проявление интернальности и экстернальности напрямую связано с психотипическими чертами личности, которые особенно проявляются в подростковом возрасте.

Акцентуации подразумевает сильно выраженную одну из черт характера личности [2].

Именно поэтому мы экспериментально выявили соответствие локуса контроля испытуемых с их психотипическими особенностями и зафиксировали в таблице 2

Таблица 2 Экспериментальные результаты определения соответствия стратегий поведения с психотипическими особенностями испытуемых

Тип акцентуации характера	Количество испытуемых с явной акцентуации характера по:	
	Интернальной стратегии поведения	Экстернальной стратегии поведения
Демонстративный тип	0%	1 (16,5%)
Застревающий тип	0%	0%
Педантичный тип	0%	0%
Возбудимый тип	0%	0%
Гипертимический тип	0%	1 (16,5%)
Дистимический тип	0%	0%
Тревожный тип	0%	0%
Циклотимный тип	0%	0%
Экзальтированный тип	2 (33,5%)	0%
Эмотивный тип	2 (33,5%)	0%
Общее количество испытуемых	6 (100%)	

1. Исходя из эмпирических данных исследования психотипических характеристик подростков с разными поведенческими стратегиями приведенные в таблице 2, мы можем зафиксировать следующее:

- а) для 16,5% испытуемых с экстернальной стратегии поведения характерны демонстративные психотипические особенности;
- б) у 16,5% испытуемых с экстернальной векторностью преобладают гипертимические психотипические особенности;
- в) для 33,5% испытуемых с интернальной стратегией поведения склонны к экзальтированному психотипу;
- г) 33,5% испытуемых с интернальной векторностью склонны к эмотивным психотипическим особенностям.

Для более детального рассмотрения и анализа преобладающих психотипических характеристик у подростков в зависимости от стратегии поведения нами построена диаграмма, представленная на рисунке 2.




Рисунок 2. Результаты эмпирического исследования акцентуации характера испытуемых с разными поведенческими стратегиями.

Количественные результаты эмпирического исследования акцентуации характера испытуемых с разными уровнями субъективного контроля свидетельствуют о следующем:

1) у испытуемых с ярко выраженным гипертимическим и демонстративным психотипом, (33%) больше всего преобладает стратегия экстернального поведения, которая проявляется в том, что ответственность возлагается на факторы, независимые от личности - внешние обстоятельства или случайности.

2) испытуемые с экзальтированным и эмотивным психотипом (67%) более подвержены к интернальному поведению. В рамках интернального локуса контроля ответственность и причинность возлагается на саму действующую личность, объясняя её усилиями, способностями собственной активностью.

Для сравнительного анализа на основании полученных количественных результатов эмпирических данных нами построена гистограмма отображенная на рисунке 3.




Рисунок 3. Сравнительный анализ результатов эмпирического исследования predispositions к определенным поведенческим стратегиям подростков с разными психотипами.

Сравнительный анализ результатов эмпирического исследования predispositions к определенным поведенческим стратегиям подростков с разными психотипами показывает:

а) подростки с экстернальной поведенческой стратегией чаще всего склонны к таким психотипическим проявлениям, которые характеризуются повышенной способностью демонстративному (16,5%) и гипертимическому поведению (16,5%).

б) у подростков с интернальной поведенческой стратегией в основном вытупают такие психотипические особенности как экзальтированный (33,5%) и эмотивность (33,5%).

Обобщая результаты эмпирического исследования уровня субъективного контроля подростков с разными психотипическими характеристиками, мы можем сделать выводы:

1) подростки с экстернальным локусом контроля подвержены к такому психотипу как демонстративность, которая характеризуется повышенной способностью к вытеснению, демонстративности поведения и легкому установлению контактов; подростки с гипертимным

психотипом по данным нашего исследования, так же склонны к экстернальной стратегии поведения. У таких подростков проявляется склонность к хорошему настроению, они практически всегда испытывают недостаточно серьезное отношение к своим обязанностям.

2) Интернальную стратегию поведения проявляет психотип как: экзальтированный: таким подросткам свойственна высокая контактность с окружающим миром, подверженность сиюминутному настроению и обладание лабильной психикой; подростки с эмотивными психотипическими особенностями характерны эмоциональность и чувствительность. Наиболее сильная выраженная черта этого типа - гуманность, сопереживание другим, отзывчивость.

#### **Список использованных источников:**

1. Леонгард К. Акцентуированные личности [Текст] / Перевод с немецкого В. М. Лецинской. - Ростов н/Д.: Феникс, 2001. – 448 с..

2. Роттер Дж, Салливан Г.С, Мишел У. Теория межличностных отношений и когнитивные теории личности. / СПб.: Издательство: Прайм-Еврознак, 2007.

**Тулегенова А.Т**

### **ӘРТҮРЛІ ПСИХОТИПТЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ БАР ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ СУБЪЕКТИВТІ БАҚЫЛАУ ДЕҢГЕЙІН ЗЕРТТЕУ**

*Аңдатпа.* Бұл мақала эксперименталды түрде анықталған әртүрлі психотиптық ерекшеліктері бар жасөспірімдердің мінез-құлық стратегияларын зерттеуге арналған.

ӘОК 159.9

Уәтай Д.

«Bolashaq» академиясы, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы  
Ғылыми жетекші: магистр, Есмагулова А.А.

### **ЖЕТКІНШЕКТЕРДІҢ АГРЕССИВТІ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫН АЛДЫН АЛУ ЖОЛДАРЫ**

*Аңдатпа.* Бұл мақалада бүгінгі таңдағы агрессия соның ішінде жеткіншектердің агрессиялық мінез-құлық мәселесіндегі психологиялық зерттеулер, «агрессия», «агрессивтілік», «агрессивті мінез-құлық» анықтамаларына әртүрлі көзқарастар, агрессивті мінез-құлық формасының типологиясы қарастырылған.

Бүгінгі таңда агрессия соның ішінде жеткіншектердің агрессиялық мінез-құлық мәселесіне психологиялық зерттеулерге үлкен орын беріліп, белсенді ғылыми-практикалық тұрғыдан ізденістер талап етілуде.

Жеткіншектер әлемінде жиі жағдайда қарым-қатынастағы шиеленістер, мазасыздану, тұлғалық даму мен мінез-құлықтағы ауытқулар, агрессия міндетті түрде кездесетіні баршамызға мәлім.

Қазіргі кездегі бала агрессиясы біздің өмір жағдайымыздың бүгінгі өзекті мәселесі, ол нақты психологиялық ерекшеліктерді қозғайды, ол баланы қоршаған адамдарға ғана тиесілі болмай (ата-аналары, тәрбиешілер, мұғалімдер, құрбылары), баланың өзіне және қоршаған ортамен қарым- қатынасында елеулі қиыншылықтар тудырады. Агрессия бала дамуында сәтсіздіктерге әкеліп соқтырады.

Жалпы білім беретін мектептерде оқитын оқушылардың әрқайсысының өзіне тән жеке даралық ерекшеліктері бар. Сондықтан мектеп психологы алдында тұрған проблемаларының бірі – тиімді көмек көрсету.

Агрессивтілік мінез-құлық адам өмірінде маңызды рөл атқарады. Ол барлық адамдарға тән: балаларға және олардың ата-аналарына, өмірді жаңа бастаған жеткіншек қыздар мен ұлдарға, ересек, орта жіне кәрі жастағы адамдарға, әртүрлі мамандық иелері мен әртүрлі жағдайдағы мінез-құлыққа байланысты агрессия туындап отырады.

Орыс, туысқан республикалар ақындарының, Чили ақыны П. Неруданың жырларын, кейбір драмалық шығармаларды қазақ тіліне аударған.

Фариза Оңғарсынованың өлеңдерінде жасандылық жоқ, азаматтық лирикасы сыншылдығымен, қоғамдағы, адам мінезіндегі келеңсіз тұстарды дәл нысанаға алуымен ерекшеленеді.

Әсіресе, әйел затының аузынан төгілген азаматтық лирикалар рухты әрі аса шынайы естіледі. Азаматтық сарын, ар-ождан тазалығына тәнті боласыз немесе ақын арсыз жандардың жағымсыз жат қылықтарын ашына былайша жырлаған:

Не қасиет күтерсің бүгінгі елден,  
Жасқаншақтап күйеудей ұрын келген.  
Айтар сөзін көмейге көміп қойып,  
Күн кешеді қорқумен, дірілдеумен.

Шиыршық атып көкейдегіні дөп басқан мұндай шумақтар ақынның кез келген туындысынан айқын көрініп тұрады. 1979 жылы жарық көрген "Сенің махаббатың" жинағындағы "Сырласу немесе ақын әйелдің анасымен диалогы" атты поэмасы ақын творчествосы шындығының шырқауындай, негізгі өзегі іспетті. Қарапайым ғана айтылған шшымыр туындылар астарынан шындық, қайсарлық, адамгершілік, махаббат, сенім сияқты философиялық категориялар айқұлақтанып көрінеді.

Ал, қазақ сөзінің зергері, заңғар жазушы Ғабит Мүсірепов Фариза шығармашылығына тоқтала келе, оның поэзиясының ішкі өзегін жеріне жеткізе зерделейді. «Көркем сөз майданында ақынға, жазушыға, еркекке, әйелге, кәріге, жасқа деп шектеліп қойылған саржайлау да жоқ, құлазыған қу дала да жоқ. Ащы көл де ортақ, тұщы көл де ортақ. Ғарышқа дейінгі биіктік те ортақ. Жер-ананың отты жүрегіне дейінгі тереңдік те ортақ. Ерлік, батылдық, адалдық, ұяттылық, арлылық, намысқойлық сияқты адамгершілік-азаматтық қасиеттердің бәрі де ортақ. Мен қазақтың ақын қызы Фаризаны осындай асқарлардың биігінде көремін.

Сол биіктерге көтеріле беру, сол тереңдікке бойлай беру, сол адамгершілік қасиеттерді толықтыра беру – ақын-жазушының бәріне ортақ арман. Мұның екінші аты, ең дұрыс аты – адам жанындағы, адам рухындағы тереңдік.

Тегінде биік көтерілу мен тереңге бойлау деген бірі жоғары, бірі төмен тартқандай көрінгенімен ақын-жазушылар үшін оның мағынасы екеу емес, біреу: екеуі де ой мен көркемдіктің өресі әрі биік, әрі терең болуын талап етеді. Идеялық және көркемдік тұтастығы дейтініміз сол биікте, сол тереңдікте ғана тоғысады. Мен Фариза қызымызды осыны іздену жолында көремін.

Қай халықтың әдебиетін, қай кездегі әдебиетін алып қарасаңыз да, өз ішінде байқалатын қарайластары болады. Өмір ортақ, тақырыптар ортақ, күнделікті таласы да, таразысы да ортақ,

арманына қарай ұмтылысы да ортақ болған соң әр дәрежедегі қарайластықтар да табиғи жайға жатады. Мен ақын Фаризаны бүгінгі поэзиямыздың ең жоғары сатысында тұрған замандастарымен қарайлас биікте көремін.

Бұдан недәуір ертерек жылдарда, жас та болса қалам ұстасының беріктігіне өзі әбден сенген кезінде Фариза атақты «Өлеңін» жариялаған еді. Ақынымыздың бұл шығармасын мен өмірлік программасы екен деп түсініп едім. Ол өлеңінде тайсалмай берілген батыл сенім оқушылардың ойында қалған болу керек. Әлденеден мұндайған кезінде, біреудің пасықтығынан жүрегі мұздаған кезде, кешегі досының бүгін жерінгенін көргенде, шын ақынның жарылып кетердей болған кезінде Фаризаның досы, сенері, мұндасы, сырласы, атар оғы, берер дәрі-дауасы — поэзиясы болмақ-ты.

Көңілді, жайлы күнімді,  
Азапты қайғы-мұңымды  
Өзіммен бөліскенің үшін,  
Қатем мен жеңістерім үшін,  
Менің мынау қиындау тағдырым болып  
О баста көріскенің үшін,

Өлең, мен сені аялап өтем! - деген-ді». Әрине, ақын шығармашылығына бұдан артық баға беруде мүмкін емес шығар...

Кешегі Ғафу Қайырбеков, Жүмекен Нәжімеденовтер сияқты Фариза апамыз прозада да үлкен жетістіктерге жетіп, әдебиеттің әр жанрына қалам сілтеді. Поэзиясы шың болса, прозасы сол шыңды тіреп тұрған шоқылар іспетті әсерге бөлейді.

«Шашы ағарған қыз», «Келіншек» повестері қазақ қара сөз өнерінің қоржынын байытар мәңгі өлмес дүниелер. Қара сөз дегені болмаса, есіліп тұрған поэзия сияқты.

Атақты жазушы Шерхан Мұртаза ағамыздың «Фариза Оңғарсынова — поэзияда да, прозада да тұяғы мұқалмаған хас дүлдүл» дегені содан болса керек.

«Шынында да ол тал бойында бір міні жоқ ұлы ақын еді. Сондықтан да оның туындылары жарық көрген бойда қалың оқырман қауымның жүрегіне жол табатын.

Ол ел арасында ақылман Абайдай, алдаспан Махамбеттей, айтқыр Қасымдай, ақиық Мұқағалидай айрықша қастерленетін. Нағыз бүкілхалықтық махаббатқа ие еді. Жұрт оны алмас-тай тіліп түсер өткірлігі үшін, қара қылды қақ жарған әділдігі үшін, бет қаратпас алапат батылдығы үшін өліп-өшіп жақсы көретін» деген кемеңгердей Әбіш Кекілбайдың сөзі Фариза шығармашылығының негізгі кредосын аңғартқандай.

Ол қоғам өмірін, адамдардың тағдырын барынша жіті парықтай отыра, табиғат пен адамның құпия сырларын жақсы түсінді. Олардың үйлесім табуын көкседі, тазалығын, пәктігін ардақтады. Соны бойына, жырына дарыта білді. Фариза адам есебінде де, дарын-талант есебінде де ірі, кесек мінезді, жігіттің сойы дерлік, ерке, батыр қыз еді. Шығармаларынан өмірдің ұсақ-түйегіне алаңдамағаны байқалып тұрады. Ірілікті, мәрттікті сүйгенін аңдау қиын емес. Және оның әр шығармасының астарында әйелдік сезімнің байлығы жатады.

Ақын болған соң, әрине махаббатты ұлы сезім санады. Бас игені де Тәңірінің адамзатқа берген шексіз байлығы махаббат еді. Оны сүйе білудің азабы деп ұқты. Бар болмысымен сезім нәзіктігін паш етті. Онда жасандылық жоқ еді. Ойшыл болса, шындықты тани білуден, мұңды болса, ақындықтың болмысынан дерлік. Кейде өзін жалғыз сезінетін кездері де аз болмайтын. Бірақ ол ақынның ортасынан, айналасынан бөлінуі емес. Ойларының қолдау таппай қиналуынан туатын.

Соның өзінде ол өмірді шексіз сүйді. Өле-өлгенше азабымен ұстамдылықпен, табандылықпен алысты. Алыса жүріп біздің заманның, адамзаттың биік үлгідегі ақыны болып қалды. Ол жаны сүйгенді, сүйсінгенін, түйсінгенін, көңілі қалып жерінгенін жазды. Оның отаншылдығы, патриоттығы жалаң патетикадан емес, жер мен ел туралы ойынан, сезімінен туды. Ол қазақ тарихын жүрек көзімен саралады. Ол биік рухтың ақыны болды. Оның рухтылығы да, туған топырағы мен Отанына деген шынайы сезімнен жаралған. Табиғат оның егізі еді. Сондықтан да ашық күнге қуанып, жаңбырға қарап қамығып, көктемде шалқып, дауылға қарап бұрқанып өмір сүрді. Қазақ жырының жарық жұлдызы осылайша өлең атты ажалсыз әскерлерінің арқасында екінші мәңгілік өмірін бастап кетті.

#### ***Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:***

- 1. Оңғарсынова Ф. Толық шығармалар жинағы – Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2015.*
- 2. Мүсірепов Ф. Таңдамалы шығармалары – Алматы: «ҚАЗАҚПАРАТ», 2012, 1120 бет.*

3. Кекілбайұлы Ә. Фариза // Егемен Қазақстан. - 2005. - 21 қаңтар  
4. <https://adebiportal.kz/kz/news/view/2259> («Әдебиет порталы», 01.03.2017)

Әлтай А.Е.

### ФАРИЗА И КАЗАХСКАЯ ПОЭЗИЯ

*Аннотация. В статье рассказывается о жизни и творчестве Фаризы Онгарсыновой. В стихах Фаризы мы видим гражданскую мотивацию, чистоту совести или то, что поэт гневно воспевал пороки бесчестных душ.*

ӨӘК 82

Бақытбек З.Қ.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының студенті  
Ғылыми жетекші: профессор Сембиев Қ.З., «Bolashaq» академиясы, Қарағанды қ.  
[zaika\\_kz\\_28\\_00@mail.ru](mailto:zaika_kz_28_00@mail.ru)

### СЫР ӨҢІРІНІҢ ТОПОНИМИКАСЫ

*Аңдатпа. Мақалада Сыр өңірі, Сыр бойы аталатын қазақтың киелі мекенінің тарихи-танымдық шежіресі мен қадым замандардан бастау алатын қасиетті өңірдің қиян-қиялы тарихы, халқымыздың шер-шеменді тағдыры баяндалған.*

Сырдария жағалауындағы жер-су атаулары ерте кезден бері халықпен бірге өмір сүріп келе жатқан географиялық атаулар екені белгілі. Атаулардың басым көпшілігі ана тіліміздегі төл сөздер негізінде жасалғаны анықталып отыр. Көне түркі тіліндегі, көне қазақ тіліндегі, көнерген мағынасы түсініксіз сөздермен қатар, олардың құрамында моңғол-қалпақ, араб-парсы, жалпы түркі тілдеріндегі және орыс тілінен енген кейбір атаулар да кездеседі. Олардың кейбіреулері ана тілімізге еніп, сіңісіп кеткен. Кейбір араб және парсы тілдерінен енген сөздер о бастағы өз мағынасынан айрылып, қазақ тілінің сөзімен біріккенде жалғаулық мағынаға да ие болғандары кездеседі. Бұл топонимдердің көпшілігі бір және екі сөзден, кейде үш сөзден, сөз тіркестері мен сөйлемнен жасалғандары да кездесіп отырады. Қала, поселка, аудан орталығы, т.б. атаулар бір немесе екі сөзден жасалған топонимдер екенін сыртқы тұлғасынан көрсетіп тұрады.

XVIII ғасырдың екінші жартысынан бастап орыс шаруаларының қазақ жеріне қоныс аударуына орай Қазақстан жерінде қалалар мен кішігірім поселкалар салына бастады. Кейбір топонимдерде сол жердегі қаланың атына байланысты кісі есімдері жасалған. Мысалы, Аралбай (қыстау аты), Аралбек (құдық) деген есімдерден жасалған жер-су атаулары Арал қаласының атына байланысты қойылған. Мұндай қолданыс тек қана осы өңірге ғана емес, Қазақстан жерінде де жиі кездеседі. Бұл көбінесе антропотопонимдер құрамында көп ұшырасады. Семейбек, Семейхан деген атаулар Семей қаласының атынан алынған.

Қызылорда өңіріндегі топонимдердің қазіргі құрылысында сан алуан атаулар бар. Олардың кейбірі өте ертеден келе жатқан топонимдер. Мысалы, Арал теңізінің бұрынғы атаулары - елеквидг Танайс, Антиох, Ворокуша, т.б. Сырдария өңіріндегі ерте кездегі атауларында кісі аттарынан жасалғандары аз мөлшерде, керісінше ол кездегі жер-су атауларынан кісі аттары көбірек жасалған. Мысалы: Алтай (разъезд), Дариябай (жер аты).

Топонимдерді лексика-семантикалық топтастыруда микротопонимдерді саны жағынан салыстырар болсақ, басым көпшілігі шөп, өсімдіктерге, жануарларға, құдыққа, құмға байланысты қойылған және олардың көбісі Октябрь революциясына дейін жасалып, халықпен бірге жасасып келеді. Топонимдерді топтастырғанда әр жердің өзіндік ерекшелігі мен сыры анықталады. Мысалы, Сырдария өңіріндегі атаулар көлге, жан-жануарларға, шөпке байланысты қолданылу жағы басым болса, Қызылорда облысының солтүстік-батыс және батыс территориясындағы микротопонимдер географиялық терминдерге (құдыққа, құмға) байланысты қолданылу даралана түседі.

Сонымен, Қызылорда облысы топонимдерін топтастыру барысында бір ғана өңірдің (Шиелі ауданы) жер-су атаулары құрамында географиялық терминдердің басым көпшілігі құдық сөзіне байланысты қойылғаны байқалды. Осы құдық сөзіне байланысты қойылған атаулардың тарихи қажеттігі туралы пікір айтқан бірсыпыра зерттеушілер бар. Солардың бірі -



Ф.А. Михайлов: «Құмды жердегі әрбір құдық, әрбір адамның, жеке семьяның өмір тіршілігінің көрінісі» - десе(1), ал В.А. Никонов: «Шығыстағы құдықтар жолаушылар үшін қандай маңызды болса, олардың атаулары көптеген құпия сырға ие» - деп жазған еді (2). Мысалы: Аққұдық, Кекірекұдық, Күбікұдық, Молақұдық, Көлқұдық, Сорқұдық, Ащықұдық, т.б.

Қазақстан топонимдерінде жануарларға байланысты атаулардың көп кездесуі кездейсоқ нәрсе емес. Өйткені, ерте замандағы адамдардың жабайылық дәуіріндегі жануарлардың етімен күн көрудің болғандығын дәлелдейтін, соның қалдығы ретіндегі құбылыс - аңшылық Қазақстанда ұзақ сақталды. Аңшылық кейін күн көрудің формасы болмай, салтқа байланысты болып кетті (4).

Сырдария жағалауын қоныстанған халықтар аңшылықпен әлі күнге дейін айналысады, Жануарлардың негізгі болатын жері - дарвд жағасы, оның маңындағы тоғай болса, топонимдер құрамында жануарларға байланысты қойылған атаулардың жиі қолданылуы заңды құбылыс. Сыр өңіріндегі құс, жәндік, жан-жануарларға байланысты қойылған атаулар: Қарғалы тоғайы, Балықтыкөл, Шошқакөл, Балпақтытөбе, Айғыржал Сүлікті, Марқакөл, Бөрітескен, Өгізөлген, Түлкілі Жыланды, Шыбын-Шіркей, Шыбынды (өзек).

Сыр өңірі топонимдері құрамында киіз үй жабдықтары мен бөлшектерінің және үй мүліктерінің атаулары жер-су атаулары құрамында қолданыс тапқан. Қазақтың кең даласында көп қалалар, отырықшы елді мекендер болғанын білеміз. Көне қалалар жаугершілік заманда жермен-жексен болып қираған, сол халықтардың тұрағы - киіз үй болған. Өздеріне өмір бойы баспана болған киіз үй атауларын өздері мекендеген, жаз жайлауда, қыс қыстауда көшіп қонып жүрген үй мүліктері атаулары мен киіз үй атауларын жер бедеріне қалдырып отырған.

Қызылорда топонимдері құрамында төбеге байланысты атаулар өте көп кездесіп отырады. Жаугершілік заманда биік төбелер қарауыл тұратын күзет орны болған. Бұл төбелердің тарихы тым тереңде жатыр. Біріншіден, елге жау тимеу үшін от жағып, бір төбеден екінші төбеге белгі беріп отырса екіншіден, бір төбеден келесі төбеге ханның жарлығы мен бұйрығын бірінен-біріне жеткізіп отырған. Үшіншіден, ат-көліктері суытып отыратын орын болған. Осы жағдайларға байланысты Қызылорда топонимдерінде төбеге қойылған атаулар сақталып келеді. Мысалы, Келінтөбе, Қаратөбе, Мейрамтөбе, Абызтөбе, Қарауылтөбе, т.б.

Сыр өңіріндегі топонимдер құрамында аңшылық, еткен жерлері мен табиғат қойнауындағы қатып қалған қазба байлықтары көрініс тапқан топонимдердің басты қасиеті - сол белгілі бір территориядағы өсіп-өнген немесе табиғи байлықтар осы жер-су атаулары арқылы сол өлкенің ерекшелігін танытады. Мысалы Жосалы Аранды, Үйректі, Ураншыққантөбе, Мұнайлы Ақсоран, Жыландықыр, Балықты, Кенқазған, т.б.

Топонимдерді лексика-семантикалық топтау барысында байқалған тағы бір ерекшелік - жер су атаулары құрамында сары, ақ, қара, қызыл, боз қоңыр, ала сөздерінен жасалған топонимдер көп кездеседі. Бұл жерде сөздер деп алып отырған себебіміз: топонимдер құрамында жоғарыда аталған сөздер түр-түске байланысты ғана қолданылмай, басқа да мағына береді. Бұл туралы зерттелген және олардың нендей мағынаға ие екендігі дау тудырмайтын мәселе.

Көптеген жер-су аттарының құрамында кездесетін ақ, қара, қоңыр, сары, қызыл, боз, т.б. түспен байланысты сөздер тек қана түс мағынасында қолданыла ма, әлде басқа мағынаға ие бола ма деген сұраққа ғалымдар әр түрлі жауап беріп келеді. Ғ.Қоңқашпаев жер-су атауларындағы түске байланысты сын есім сөздер тек қана түс мағынасында қолданылады деген пікірді қуаттаса, академик А.Н. Кононов, Э. Мурзаев, Қ. Жұбанов, Е. Койшыбаев, С.Кенесбаев, Е. Керімбаев, қырғыз топонимісі Д. Исаев, К. Конқобаев, т.б. түске байланысты қолданылатын сөздер көп мағынаға ие екендігін ашып көрсеткен(5).

Азербайжан географиялық терминдерін зерттеген Р.Юзбашев жоғарыда аталған сөздердің ішінде де сөзі көне түркілердің тұрмысында «күншығыс, (құбыланың шығыс беті) ұғымын беретінін айтады(6).

Сары сөзі топонимикалық атаулар құрамында сол белгілі бір объектінің түсін (Сарытам, Сарытау ғана емес, өзге де мағынаға ие екендігі түрк ономастикасында айқындала түсуде. Мысалы Сарыжайлау, Сарыөзек дегендегі атауларды сарғайып кеткен даланың, өзектің түсі емес «Кеңжайлау» мағынасындағы атау. Сарыдала - «Кеңдала», Сарысу - «арналы өзен» (су) мағынасында қолданылып тұр. Сонымен өзге де қызыл ақ, көк, жирен, шұбар, боз, т.б. топонимикалық атаулардағы сөздерге жеке-жеке тоқталып жатпаймыз. Бұл бүгінгі таңда ономастика ғылымы үшін құпия сырға ие емес, қайта анықталған үстіне анықтала түсуде. Осы топтама туралы Е.Койшыбаев былай дейді: «Бұл сандардың топономика құрамында орын табу

тәртібі мен сөйлеу тіліміздің немесе тіліміздегі тұрақты тіркестердің заңдылығымен ұштасады. Осы топтағы сандармен келетін атаулар өздерінің сипаты жағынан, тіл-тілдің қайсысында болсын, әсте дәл цифрды көрсете алмайды, тек көптік белгіге ие болады. Мәселен: Жетісай, Жетісу, Тоғызбұлақ, Тоғызтарау, Мыңжылқы, Мыңбұлақ, т.б. атаулар деп түсіндіреді(7).

Топонимдер құрамындағы сан есімдерде, жасалған атауларды, әрбір жеке сан есімдерді жеке-жеке алып қарастыратын болсақ, оларды (бір-бірінен айырмашылығы, қолданылу аясы мен мағыналары анықталады.

1. Бір - Біркөмді (мола), Біркұлаш (құдық) Бірқазан (жер), Біршоғыр. Бір сан есімге байланысты қойылған топонимдер санына кездеседі. Бұл тек қана сандық мөлшерді ғана білдіреді. Бір сан есіміне қарағанда жалғыз сөзіне тіркесуі негізінде жасалған атаулар бір топ.

2. Жалғыз - Жалғызғаш, Жалғызтөбе, Жалғызқұдық, Жалғызсай, т.б. Жалғыз сөз топонимдер құрамында сан есімнің орнына қолданылады.

3. Екі - Екіқұлаш (құдық), Екіжар, Екіқұм, екі сан есімі жер-су атауларында аз қолданылады да, қос сан есім орнына жүретін өлшем мәнді сан есім жиі кездеседі.

4. Қос - Қосқара, Қостын, Қосшымылдық Қосқан, Қосжар, Қосөзек, Қосбел, Қостерек Қостөбе, Қосқұм, т.б.

Егіз сөзі арқылы да жер-су аттары жасалады. Мысалы: Егізқұм, Егізбасат, Егізжол, Егізтал, Егіз сөзі және осы сан есімнің синонимі қос сөз арқылы жасалған жер-су аттары түркі тілдерін жиі қолданылады. Бұл сан есімдер топонимика құрамында жұптық мағынаны білдіреді.

5. Үш - Үшағаш, Үштал, Үшбұлақ, Үштөбе, Үш сан есімі арқылы жасалған топонимдер сирек қолданыс тапқан. Үш сан есімі жер-су атауларының құрамында нақтылы сандық мағынада қолданып тұр. Белгілі ғалым Т.Жанұзақов үш сан есімі жер-су атаулары құрамында нақтылы сандық мағынаға ие екендігін, өмірдегі құбылыс атауының конкретті ұғымына сай қойылып, ұзақ жылдар бойы өзгеріске ұшырамай, тұрақты қолданылатындығын көрсеткен.

6. Төрт - Төрткүл, Төртқұдық, Төртсары, Төртқұлаш, Төрттақыр, Төрткепе, Төртшоқы. Тілімізде «төрт» сан есімі арқылы жасалған жалқы, жалпы есімдер жиі ұшырасады. «Төрт» сөзінен жасалған сөздер матастырушы роль атқарып, әр түрлі мағынаға ие болады. Жер-су атаулары құрамындағы «төрт» сан есімі нақтылы сандық мағынаға ие болса, кісі есімдері мен ру аттарындағы матастырушы сан есімдері де о бастағы сол нақты санына байланысты қойылған. Сонымен «төрт» сан есімдері тілімізде сөз жасауды ерекше қызмет атқаратынын жер-су атауларынан байқаймыз.

7. Бес - Бесжұма, Бесмола, Бесарал, Бесбұлақ, Бестам, Бесшоқы, Бесөзек, Бессары, Бесқасқа, Бесоба, Бесжыңғыл, Бестал, т.б.

«Бес» сан есімінен жасалған жер-су, ру, кісі аттары тілімізде орасан мол.

8. Алты - Алтықұдық, Алтықұлаш, Алтыкөл, Алтышоқы, Алтысор, Алтытүп, т.б. жересу атаулары құрамында «алты» сан есімі жиі ұшырасады да, көбіне нақты сандық мағынада жұмсалады. Кісі аттары негізінде жасалып топонимдер алты сан есімі сирек қолданыс тапқан. Кісі аттарындағы «алты» сөзі жас нәрестенің қол, аяқ, саусақтарының алтау болып тууына байланысты қойылғанын байқаймыз. Мысалы Алтыбармақ (құдық), Алтысаусак (бұлақ), т.б. Сан есімдерге байланысты жер-су атауларыны этимологиясын арнайы сөз еткен ғалым Е.Қойшыбаев «алты» сан есімін көне түркі тіліндегі «алты» -«төменгі, терең, аласа, алдыңғы» мағыналарға ие екендігін тілдік тұрғыдан баяндап берген болатын(8)

9. Жеті - Жетікөл, Жетіарал, Жетіөзен Жетіқара, Жетіжал, Жетітораңғы, Жетіаса, Жетіжол, Жетітөбе, Жетісай, т.б.

Халықтың бұрынғы өмірі, олардың тұрмыс тіршілігінде «жеті» санының орасан мол орын тепкенін, халық жадында қасиетті киелі екені сонау ерте кездегі адамзат баласының өмірін уақыт өлшемі мен көлемдік өлшемі жағынан қызмет атқарғанын, мификалық ұғымның ықпалына туғанын белгілі ғалым І.Кенесбаев, ал «жеті» есімін өзекті сан есім қатарына қосып, топонимика құрамында көптік мағынаға ие екендігін, «жеті» сөзінің Жетіарал, Жетіасар, Жетікөл, Жетіөзен, Жетіоба, Жетібай, т.б. тіркестердің құрамындағы «жеті» санының дәл мөлшері жоқ, керісінше, көптікке меңзейтінін Е.Қойшыбаев тілдік тұрғыдан жан-жақты түсіндіріп берген.(9)

10. Тоғыз - Тоғызбұлақ, Тоғызсай, Тоғызтабан, Тоғызстан (станция), Тоғызқұм, Тоғызтөбе, Тоғызқұдық, т.б. Топонимдер құрамында «тоғыз» компонентінен жасалған атаулар тобы бір бөлек. Атаудағы «тоғыз» сан есімі көптік мағынада қолданылады. Сондай-ақ тоғыз

этникалық топ атауы ретінде де, әдет-ғұрыптар мен әр түрлі халықтық салт-санамен ұшталып жатады.

11. Топонимдер құрамында «отыз», «қырық», «елу», «алпыс», «жетпіс», «сексен», «тоқсан», «жүз» сияқты дара тұлғалы сан есімдер тобы бір топ. Мысалы: Отызбай (адам аты, құдыққа қойылған), Қырықбай (қыстау- анротопоним), Қырыққатын (бөгет аты), Қырыққыз (жер), Елубай (қыстау), Алпысбай (жайлау), Жетпісбай (бұлақ), Сексенбай (құдық), Тоқсанбай (құдық), Жүзбай (анротопоним- бұлақ).

Қорыта келгенде, сан есімдерден жасалған жер-су атаулары қалай болса солай жасала бермей белгілі бір принципке сай келетіндігі байқалды. Нақты сандық мағынаны, сонымен бірге «көптік «киелі», «қасиетті», «өлшемдік», «мөлшерлі» мағыналарға ие болып, халықтың ертедегі әдеп-ғұрып, дәстүрі және әлеуметтік жағдайларымен ұштасып жататындығы байқалды.

Бұл өңірдегі топонимдер құрамында географиялық жалпы атаулар негізінде жасалған топонимдер көп кездеседі. Әр жердің табиғатына, жер бедеріне байланысты географиялық жалпы атаулар топонимдік қатар түзеді. Қыратты, далалы, шөлейтті, құмды, төбелі, т.б. жерлердегі әрбір атау осы заңдылыққа сүйенеді. Белгілі топонимист А.Әбдірахманов пікіріне сүйенсек, «Географиялық жалпы атаулар (ауыл, теңіз, көл, тау, қорған, жер, тақыр, төбе құм) топонимдерді жасаудың негізгі ұйытқысы болып табылады. Бұл сияқты географиялық жалпы атауларға анықтауыш боларлықтай сөзді қосатын болсақ, белгілі бір географиялық жалпы атау болып шығады. Міне, Бесінші ауыл, Арал теңізі, Тереңкөл, Қызылжар, Қарой, Ақтақыр, т.б. сияқты атаулар жоғарыда аталған географиялық жалпы атауларға түрлі анықтауыштар қосылу арқылы жасалып тұр. Негізгі сөздік қорға жататын географиялық жалпы атаулардың өздеріне тән мынандай үш түрлі қасиеттері бар:

Біріншіден, мұндай географиялық жалпы атаулардың көпшілігі омоним келеді, екіншіден, олар жаңа сөз жасаудың негізгі ұйытқысы, үшіншіден, бір мағынада көптеген түркі тілдерінде кездеседі.(10)

Қызылорда топонимдерінің екінші ерекшелігі - адам аттарына байланысты қойылған географиялық терминдер мен географиялық жалпы атаулардың көп қолданыс табуы. Бұл ерекшелік әлі күнге дейін мал шаруашылығымен айналысып, шөлейтті, құмды, төбелі жерде отырған халықтардың құдық пен бұлақ суын көп пайдалануына байланысты кез келген жерлерден құдық, бұлақ қазып, оларға ат қойып, айдар тағып қоюының әсері екендігін білеміз.

Бұл өңірдегі топонимдердің үшінші бір ерекшелігі бар. Образды сипаттама сөздердің, топонимикалық атаулардың құрамында жиі кездесуі. Бұл қолданыс - қазақ тілінің өзіне тән ерекшелігі болып табылады. Географиялық жалпы атаулар ұсақ объектілердегі болған оқиғаларды дәл бере отырып, образды топонимдердің дамуына күшті ықпал жасайды.

Топонимдердің төртінші ерекшелігі - мағынасы түсініксіз қиын сөздер, көнерген (архаизм) тұлғалар мен диалектілік сөздермен қатар көне атаулардың әлі күнге дейін географиялық атаулар құрамында ұшырасатындығы Қазақстан топонимдеріне қарағанда өзіне тән ерекшелігі болып саналады.

Сонымен осы айтылған тұжырымды еске ала отырып, Қызылорда өңірі топонимдерін лексика-семантикалық тұрғыдан жеке-жеке топтастыруға болады. Топонимдердің жасалуы мен пайда болуындағы ортақ қасиеттер мен лексика-семантикалық мағыналары топтастырудың негізгі принципіне саяды.

#### ***Пайдаланылған әдебиеттер:***

1. Турсунова М. *Из истории казахов Мангышлай в первой половине XIX века Труды институт истории, археологии и этнографии АН КазССР. Алма-Ата: Наука, 1962.*
2. *Микротопонимия (сборник). Москва: Мысль 1974. - С. 5.*
3. Қалиев Б. *Қазақ тіліндегі өсімдік атаулары. - Алматы: Ғылым, 1988.78-6.*
4. Әбдірахманов А. *Қазақстан топонимикасының кейбір мәселелері: фил. ғылым. канд. дисс. - Алматы, 1954. 59-6.*
5. Конкашбаев Г.К. *Цветовые слова в тюркских топо-нимах//В книге: Географические науки/Тематический сборник научных трудов КазПИ им. Абая. - Алма-Ата, 1969. - С. 30-38.*
6. Юзбашев Р.М. *Опыт исследования азербай жанских географических терминов: Автореф. канд. фил. наук. - Баку, 1962. - С. 8.*
7. Қойшыбаев Е. *Қазақстанның жер-су аттары сөздігі. - Алматы: Мектеп, 1979. 22-6.*
8. Қойшыбаев Е. *Қазақстанның жер-су аттар сөздігі. - Алматы: Мектеп, 1979. 46-6.*
9. Конкабаев К. *Топонимия Южной Киргизий Фрунзе: Илим, «1980. – С. 1.*

**Бақытбек З.Қ.**  
**ТОПОНИМИКА СЫРНОГО РЕГИОНА**

*Аннотация. В статье рассказывается о Сырском крае, историко-познавательной летописи казахского святого места Сыр и воображаемой истории священного края, уходящей корнями в древние времена, о судьбах нашего народа.*

ӘОК 82.0

Жаркеева Г.А.

«Қазақ тілі мен әдебиет» білім беру бағдарламасының студенті

Ғылыми жетекші: Абдрахманов Р.Х.

«Bolashaq» академиясы, Қарағанды қаласы, Қазақстан Республикасы

[www.zharkeevag@mail.ru](http://www.zharkeevag@mail.ru)

**ҚАЗАҚ АФОРИЗМДЕРІНІҢ ТАРИХЫ МЕН ҚОҒАМДАҒЫ ҚОЛДАНЫСЫ**

*Аңдатпа. Мақалада афоризм жалпылама тұрғыда философия, психология, тарих, лингвистика, әдебиет, мәдениет т.б. ғылым салаларымен тығыз байланыстылығы айтылып өтеді. Себебі ойдың ойлау жүйесі психология, даналық ойлау процестерін философия қарастырады.*

«Ой мен сөз! Сөз бен ой! Адамды адам еткен қос құдырет! Ой – адам тұғыры һәм өркениетінің қозғаушы күші болса, сөз – сол ойды ұрпақтар игілігіне айналдырушы асыл һәм зерен зерде. Сондықтан да халықтың болмысын, рухы мен дүниетанымын тануда олардың алар орны да, бөлек» «Көркем ой, көркем сөз» - деп пікір білдірген Ербол Шаймерденұлы қазақ афоризмдеріне жоғары баға берсе керек. Қазіргі заманғы өзекті мәселелерге тоқталсақ, мені толғандыратын тақырып: Қазақ афоризмдерінің тарихы мен қоғамдағы қолданысы деп аталады.

Афоризм деген сөз гректің «*aphorismos*», «шағын үзінді», «бүтіннің бөлшегі», «үздік», «қысқаша анықтама», «фрагмент» деген ұғымдарды білдіреді. Жалпы афоризм - қысқа сөзбен түйінделген тиянақты, бейнелі ой.

Қазақтың ұлы жазушысы, қоғам қайраткері, ғұлама ғалым, Қазақстан ғылым академиясының академигі (1946), филология ғылымдарының докторы, профессор Мұхтар Әуезов ғылыми және әдеби-көркем шығармашылық еңбегінде Афоризмге үлкен мән беріп, оны жинауға ерекше көңіл бөледі. Ол ертедегі билер, шешендер, ел арасындағы көнекөз қариялар немесе әлем әдебиетінің белгілі майталмандары айтқан Афоризм сөздерді жадында сақтаған, қажеттілерін хатқа түсіріп алып отырған. Солардың бірқатары баспасөз бетінде, жазушының 20 томдық шығармалар жинағында «*Есте болар сөздер*» деген тақырыппен жарияланды, енді біразы жазушының мұрағатында сақтаулы. Әуезов афоризмді жинаумен қатар, оның жанрлық сипаты, көркемдік-эстетикалық ерекшеліктері, сөз өнерінің өзге жанрының поэтикалық жүйесінде пайдаланылуы мен атқаратын көркемдік қызметі туралы да маңызды байымдаулар жасаған. Афоризмнің, оның басты поэтикалық қасиеттерінің ақындар айтысында, шешендік өнерде пайдаланылу жолдары мен олардың көркемдік-эстетикалық қызметі жазушының бірнеше зерттеу мақалаларында көрсетілген. «Абай (Ибраһим) Құнанбаев (1845-1904)» атты монографиясында «... Бір-екі өлең жолының бойына сыйған тұжырымды көркем сөз Абайда көбінесе афоризм боп қалыптасқан» деп айта келіп, Афоризмнің өр түрлі жайлардан «түйіп айтқан нақыл, ақыл, терең ойлар» екенін атап көрсетеді. Афоризмнің баламасы ретіндегі ділмар терминін Ахмет Байтұрсынов енгізді. Ал Шәкәрім Құдайбердиев "мәнді сөздер" деп атайды. Ділмар сөз ойды жинақтап, тереңдегіп, салмақты, өрнекті, кестелі айтуға, мейлінше қысқа, түйінді тұжырымға, өткір мәнерлілікке, парасатты пайымға негізделеді. Мұндай үлгілі, дарынды сөздердің "тігісі жатық" , авторы белгілі. Әлемдік сөз өнерінде афоризмнің өзіндік тарихы бар. Нақыл сөздер көне заманның ойшылдары Платон, Аристотель, Гераклиттен бастала тұра, туған халқымыздың әдеби-көркем мұраларында, әдебиет классиктерінің туындыларында да кездеседі. Ділмар сөздер: отан, халық дәуірге, оқу-білім, ғылым-өнерге, ақыл-парасат, арман-мақсат, үміт-тілекке, адамгершілік асыл қасиеттерге, достық, махаббат, ұрпақ, өмір, уақыт, ата-ана тәрбиесіне, мінез ерекшеліктеріне қатысты жасалады. Афоризм термині орыс тілінде XVIII ғасырдан бастап ғылыми қолданысқа енді. Бес жыл түзілген «Ресей академиясының сөздігі еркін тәртіппен орналастырылған» («Словарь Академии Российской,

производным порядком расположений», 1789–1794) атты жинақтың 1789 жылы жарық бірінші томының 63-бетінде «афорисм» деп алынған. Қазақтың ұлы ғалымы, XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстанда туған демократтық, ағартушылық мәдениеттің тұңғыш өкілдерінің бірі, шығыстанушы, тарихшы, фольклоршы, этнограф, географ, ағартушы.

Шоқан Уәлиханов афоризмді қазақ ғалымдарының арасында тұңғыш қолданған. Ол «Қазақтардың ұшан – теңіз өлең – жырлары әлдебір дәуірлерде ақылды бабалары шығарған мәтелдері мен афоризмдері бар» деп жазды. Шоқан екі түрлі мәселеге тоқталып өткен. Бірі ақыл кеңес сипаты болса, екіншісі мақал – мәтелдердегі қолданысын атап көрсетеді. Ұлы ойшыл, фольклор танушы, этнограф, тарихшы, философ, қазақ мәдениеті мен әдебиетінің белгілі тұлғасы Мәшһүр Жүсіп Көпеев бұл терминді «ұшқыр ой» деп атаса, қазақ әдебиетінде бірінші болып әдеби – философиялық күнделік жазған академик – жазушы Ғабит Мүсірепов «Қазақ кейбір тіршілік заңдарын афоризм түрінде жазып, есте қалдырған» деп пікір айтады. Гиппократтың афоризмдері «Өмір қысқа, өнер мәңгілік» деген нақылмен ашылады. Афоризм тамыры сонау Заратуштра, Конфуций сияқты данышпандардан бастау алады. Біздің қазақ афоризмдері рулық, тайпалық қауым сақ – скифтер мен түркілерден басталады. Себебі «Тән – жанның, жан – жаратқанның аманаты» деген Анақарыстардың сөздерінен анық көре аламыз. Бір түйінді сөзбен ұтымды қонымды жауап тауып, қысқартып айтуы ойдың афоризмдік белгілері.

Тоныкөк «Жауынды басындырма, халқынды ашындырма» десе, Білге қаған сөздерінде «Түркіні бұзар – тәтті сөз» деп афоризм сөздердің қолданылуы арқылы бірі дұшпан мен елдің қадір қасиетін, бағасын айтса, екіншісі жалпы халықты сөздің құртатыны туралы тоқтам айтады. Осы тарихи естелік дастандарда жиі кездесетін афоризмдік сөздер қаншама мағынаны бір сөзге сыйдырып ойды дұрыс бағытқа топшылайды.

Афоризм жалпылама тұрғыда философия, психология, тарих, лингвистика, әдебиет, мәдениет т.б. ғылым салаларымен тығыз байланысты. Себебі ойдың ойлау жүйесі психология, даналық ойлау процестерін философия қарастырады. Ойдың сыртқа шығуы лингвистика тұрғысында болса, тарих, әдебиет, мәдениет салалары афоризмнің қазынасы десекте болады.

Афоризм мен мақалдың айырмашылығы өте аз. Олар көбінесе ұқсас тақырыптарды қамтиды, олардың құрылымы бірдей, сондықтан бір-біріне сәйкес келеді. «Афоризм» және «мақал» сөздері сәйкесінше грек және латын тілдерінен шыққан. «Афоризм» грек сөзінен шыққан «афоризмос» деген сөзден шыққан, ол жалпы шындықты қамтитын питий сөз тіркесін білдіреді. Бұл «афоризо» сөзінен шыққан, яғни «анықтаймын» немесе «анықтаймын» дегенді білдіреді, сондықтан «афоризмдер» өмірдің кейбір жақтарын анықтайтын тіркесті білдірсе керек. «Мақал» латынның «провербиум» сөзінен шыққан, «про» мағынасынан «үшін», «етістік» «сөз» мағынасын білдіретін және -ium жұрнағы, зат есім ретінде белгілеу үшін қолданылған немесе қандай да бір нәрсені сипаттайды.

Афоризм түпнұсқалық және өмір туралы терең мағынаны, көбінесе қысқа әрі мағыналы, басқаша айтқанда «питий» деп аталатын қысқа сөз ретінде анықталады. Бұл қандай да бір негізгі шындықты білдіретін цитатаның афоризм болатындығын білдіреді. Мақал, екінші жағынан, негізгі шындықты білдіретін тіркестер ретінде анықталады. Ерекшелік мағынасында көрсетілмеген, бұл жақсы нәрсе, өйткені көптеген мақал-мәтелдер қайталанып айтылады. Алайда мақал-мәтелдің анықтамасы біршама пікірталастарға ұшырады.

Мысалдарға сүйенсек, екеуінің арасындағы ең үлкен айырмашылық, афоризмдер атақты адамдардың қанатты сөздерінен (цитаталарын) жиі келтіреді, ал мақал-мәтелдерге көп жағдайда дерек берілмейді. Француз жазушысы және романшысы «Адамға өзі көргісі келмейтін жолды көруге ешқандай себеп болмайды» деген сөзі ғылыми тұрғыда афоризм болып пайдаланылды. Ағылшын тілінде нақыл сөз бар: «Атты суға апаруға болады, бірақ оны ішуге болмайды».

Көптеген афоризмдер сөзбе-сөз болып көрінеді, ал нақыл сөздер метафоралық сипатта болады. Кейбіреулер мақал-мәтелді афоризмнің бір түрі дейді. Басқа адамдар, афоризмдер мен мақал-мәтелдердің айырмашылығы, афоризмдердің табиғатта үйрететіндігінде, ал нақыл сөздер тапқыр бақылауларда. Метафорадан гөрі нақты түсініктеме беру оңай болған жағдайда, бұл дұрыс болуы мүмкін. Алайда, мысалдардың әрқайсысы үшін басқаша көрінетін. Мақалдар нақтырақ болса, афоризмдер көп байқалады. Басқалары афоризмдер мақал-мәтелдерге қарағанда қысқа болады дейді. Бұл шындық болуы мүмкін, бірақ бұл әрдайым бірдей бола бермейді. «Билік бұзылады, ал абсолютті билік мүлдем бүлінеді» Лорд Джон Далберг-Актон.

Мақал-мәтелдердің формасы, яғни мақал-мәтел деп айтылатын ең жиі қайталанатын нәрсе - бұл «абсолютті күш мүлдем бүлінеді», бұл афоризмнен қысқа. Қалай болғанда да, афоризмдер деп айтылған сөздердің көпшілігі атақты адамдардың немесе романдардан алынған цитаталар. Нақыл сөздер, кейде романдардан немесе әйгілі дәйексөздерден алынған болса да, көбінесе анықталмайды. Бұл екеуінің арасындағы ең маңызды айырмашылық.

Афоризмдерден мысалдар:

• Бір аяқ сусын – екі кісінің құны: су табылмаса шөлдеген өледі, ұяттан - тауып бермеген өледі.

- Қазаққа ар-ұят ең жоғары саналады.
- Әділеттілік, арлылық пен махаббат - қабірден әрі өткендегі үш жолдасың осылар.
- Арсыз болмай - атақ жоқ.
- Арын сатқан антұрғанның айтқан сөзі құрсын.
- Арыңды сатып тапқан мал - харам.
- Пайда ойлама - ар ойла.
- Арсыз сөз қыдыртып, жұрт құтыртуға құмар.
- Ар-намыссыз - ұлттық сана мен ұлттық намыс та тұл.
- Жалған намыс - қасиет емес, ар сақтаған - қасиет.
- Құс ілген қудың ұятта ісі болмайды.
- Ат - шабысына қарай шабады, ер - намысына қарай шабады.
- Сайланарда бермейтін уәделері жоқ. Сайланып алған соң аспанда құдай барын, ел-жұрт алдында абырой -ұят барын ұмытып кетеді.
- Ұятсызбен ұстаспа.
- Тау суындай тұнық та мөлдір ар.
- Ар жазасы - бар жазадан ауыр жаза.

Ғалымдар мен ақын жазушылардың афоризмдері

Марк Твен: «Жақсы әйел ұл туса - патшадан болмас кемдігі».

Шерхан Мұртаза: «Ақиқат - адал айтыстан туады»

Сырым Датұлы: «Мен ағайынды екеумін: біреуі - өзім, екіншісі – халқым».

Асан қайғы:

«Көлдiң суын жамандап - Едiл қайдан табарсың,

Әкiмiңдi жамандап - әдiл қайдан табарсың,

Өз барыңды жамандап - асыл қайдан табарсың».

Шәңгерей Бөкеев:

«Қыз сипаты: мойыл көз, тоқ жүз».

«Шындықты ақтарыла айту - қиынның қиыны».

Шерхан Мұртаза: Әділдік жолын өзің аш.

Жүсіп Баласағұни: « Әділ сөйлеп, адал жүр».

Қожа Ахмет Йассауи: «Осыны мен неге жазбадым екен» дегізген жыр ұзақ жасайды».

Мұзафар Әлімбаев: «Көңіл - терең теңіз, білім - тереңінде жатқан інжу-маржан».

Жүсіп Баласағұни: «Өзің білгенінді - халқыңа үйрет».

Міржақып Дулатұлы: «Бұл ғұмыр тойына шақырылған көптің бәрі бірдей өз өнеріне тиісті орын ала бермейді».

Әлихан Бөкейханов: «Алаштың абласы бас қосқанда, қадірлі орын – мұғалімдікі».

Мағжан Жұмабаев: «Ұл-қыз демей баланы оқыт, қазақ».

Міржақып Дулатұлы: «Ғылым үшін тіл мен жазу - қаймағы алынбаған мәдени игілік».

Олжас Сүлейменов: «Таланттылар - раушан гүлі сияқты жан-жағына жұпар шашып, көңіл ашады».

Шерхан Мұртаза: «Өз жазғанының өнерсізін өшіре алмаған - өнерімен оқырманын өсіре алмас».

Мұзафар Әлімбаев: «Білімдінің - аты өсер, білімсіздің - аты өшер». Бенджамин Франклин: Көру жеңіл, болжау қиын.

Әл – Фараби: Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім — адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне опат әкеледі.

Тәжірибе дегеніміз әркімнің өз қателіктеріне беретін атауы.

Қазіргі қоғамда нақыл сөздер мен афоризмнің дамуы мен қолданылуы үшін әрбір филолог мамандар үлкен жауапкершілікпен қарағаны абзал. Әрбір сөзімізде афоризмдерді

пайдалана білсек келер ұрпақтың тіл байлығы мен ойлау қабілеті дұрыс бағытқа бұрылмақ. Сөздің майын тамызып көненің көзіндей, бабалар сөзін дәріптеуден талмайық.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақ тілі. Энциклопедия. Алматы: Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан даму институты, 1998. I
2. Мұхтар Әуезов энциклопедиясы — Алматы, «Атамұра» баспасы, 2011.
3. Қазақ афоризмдері: ақыл-ой антологиясы: бағзыдан - бүгінге дейін /құраст. Е. Шаймерденұлы/. – Астана : Фолиант, 2017.
4. Ақыл ақылдан қуат алады / құраст. М. Кемел. - Астана : Аударма, 2003.
5. Ы. Жақаев. Қанатты сөздер = Крылатые слова / құраст. О. Бодықов ; ауд. С.Бакенов. - Алматы : Қайнар, 1989.
6. Е. Шаймерденұлы, Даналық дидары / Е. Шаймерденұлы. - Алматы : Өлке, 2002.
7. Н.Ә. Назарбаев, Ой бөлістім халқыммен: жинақ / Н.Ә.Назарбаев; құраст.: М.Қасымбеков, Қ. Әлімқұлов. - Алматы : Мектеп, 2006.
8. А.А. Темірәлиева. Ақылдың кені. Асыл мұра: [жинақ] / - Алматы: Көшпенділер, 2010.
9. Мәмбетова, Б. Афоризмдердің мәні мен мағынасы // Ұлағат. - 2014. - № 3. 54-62 бб.
- 10 <https://www.almatykitap.kz/catalog/aza-aforizmder-6169>
11. [http://oilar.kz/topic\\_list/238](http://oilar.kz/topic_list/238)
12. <https://bilim-all.kz/article/4025>
13. <https://astana-library.kz/books/kazak-aforizmderi-2>
14. <http://www.kstounb.kz/kz/knigi/history?node=8952>

**Жаркеева Г.А.**

#### **ИСТОРИЯ И ИСПОЛЬЗОВАНИЕ КАЗАХСКИХ АФОРИЗМОВ В ОБЩЕСТВЕ**

*Аннотация.* В статье отмечается тесная связь афоризма с философией, психологией, историей, лингвистикой, литературой, культурой и др. Мыслительная система-это психология, мыслительные процессы мудрости рассматриваются философией.

ӨОК 81

Жумадилова А.А.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

«Әл-Фараби атындағы мектеп-гимназия» КММ, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы  
[anara4041@mail.ru](mailto:anara4041@mail.ru)

#### **ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ**

*Аңдатпа.* Мақалада жаңартылған білім мазмұнының тиімділігі жайлы қарастырылған. Қазіргі білім беру жүйесінде жаңартылған білім беру мазмұнының қаншалықты тиімділігі жайлы мысалдармен көрсетілген.

XXI ғасыр ақпарат ғасыры болғандықтан, адамзатқа компьютерлік сауаттылық қажет. Білім берудің негізгі мақсаты - білім мазмұнын жаңартумен қатар, оқытудың әдіс-тәсілдері мен әр түрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Осы мақсатты жүзеге асыруда ақпараттық технологияны пайдалану әдісі зор рөл атқарады. Осы орайда Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы» деген Жолдауындағы «оқу үрдісінде ақпараттық технологияларды білім беру саласын жақсартуда қолданыс аясын кеңейту керек» деген сөзін басшылыққа ала отырып, сабақта жаңа ақпараттық технологияларды пайдалануға жаппай көшуіміз керек. Ақпараттық технологияларды сабақта тиімді пайдалануының негізгі мақсаты: Қазақстан Республикасында біртұтас білімдік ақпараттық ортаны құру, жаңа ақпараттық технологияны пайдалану Қазақстан Республикасындағы ақпараттық кеңістікті әлемдік білім беру кеңістігімен сабақтастыру болып табылады. Осыған байланысты күнделікті сабаққа, оның ішінде өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін үйрету мақсатында сабақ үрдісінде:

- мультимедия (көру, тыңдау қондырғылар, электрондық оқулықтар);

- компьютер (компьютерлік бағдарламалар, интерактивті тақта, интернет) және т.б. көптеген көрнекі құралдары пайдалану айтарлықтай нәтиже береді. Бұған дәлел ретінде жаңартылған білім мазмұны бойынша білім алып жатқан 1 сыныптарда «Мақта қыз бен мысық» ертегісін өту барысында жаңа технологияларды қолдана отырып, сабақты түрлендіріп өткізуге тиімді. Мысалы: бірінші ертегіні интернет желісі арқылы тыңдайды, көреді. Не көргенін айтып береді. Осыдан кейін өзі біліп, іздену процесі арқылы оқиды және білгенін жазады. Осылай бір ертегі бойынша оқушы оқу дағдыларының барлығын орындап шығуға өзі жетеді.

**Мәтінді оқыңыз. Ертегі бөліктерінің ретін анықтап, нөмірлеңіз.**



Сен бізге сағыз бер.  
Сонда біз саған су береміз.



Сен маған жапырақ бер.  
Сонда мен саған сүт беремін.



Сен маған дән бер.  
Сонда саған жұмыртқа беремін.



Міне, ал!



Сен маған су бер.



Сен маған жұмыртқа бер.



Сонда мен саған жапырақ беремін. Сонда мен саған сағыз беремін.

Қазіргі жаһанданған ғасырда оқушылардың өз беттерімен біліп, оқып үйренулері болашақ ұрпағымызды бәсекеге қабілетті жас ұрпақ тәрбиелеу болып отыр. Бұл сөзіме дәлел ретінде Президентіміздің «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» жолдауын айтуға болады. Білім берудің жаңа сапасы, әр оқушы үш тілді сауатты және цифрлық білім беру ресурстарын дамыту болып отыр. Осыған орай, орыс мектептерінде қазақ тілін оқытуға басты назар бөлінеді. Оқушылардың мемлекеттік тілді меңгеруіне бастауыш сыныптан бастап көңіл аударсақ, орта, жоғарғы буындарға барғанда емін-еркін өз ойын жеткізетін жас түлектер шығаратынымыз айдан анық. Мемлекеттік тілімізді толық меңгерген және орыс, ағылшын тілдерінде сауатты жастар табысқа жетуге мүмкіндік алады.

XXI ғасыр оқушыларына сай қасиеттерге не жатады десек? Бұл тұста жоғарыда айтылған үш тілді білім алу, компьютерлік сауаттылық керек. Сол себепті, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында жаңа жағдайда жаңғыруға, заман ағымына сай қабілетті болуымыз керек.

Қазіргі таңда білімге ерекше көңіл бөлінгендігі белгілі. Ол бүгінгі өмірдің талаптарына сай маңыздылығымен ерекшеленеді. «Халықтың кемеліне келіп өркендеуі үшін, ең алдымен азаттық пен білім керек» деп көрегендікпен қазақтың тұңғыш ғалымы Шоқан Уәлиханов айтқандай, халқымызды кемеліне келтіру үшін болашақ жастарымызды білімді, мәдениетті және бәсекеге қабілетті, Отанын, тілін шексіз сүйетін етіп дайындау - әрбір ұстаз міндеті.

Елбасы жүргізіп отырған парасатты саясаттың арқасында мемлекеттік тіл - қазақ тілі де елімен бірге өзінің қайта өрлеуінің әрбір күні ғасыр жүгін арқалаған ауыр болса да - абыройлы, күрделі кезеңінен жүріп өтті. Ендігі мақсат тәуелсіз Қазақстанның өсіп келе жатқан жас ұрпағын өз Отанының мемлекеттігінің кепілі – мемлекеттік тілді құрметтеуге баулу, оны оқып үйренуге деген қызығушылығын арттыру болмақ.



**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Жанпейсова М.М. Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде, - Алматы, - 2002.
2. Назарбаев Н.Ә. Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы.
3. Назарбаев Н.Ә. «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» жолдауы.

**Жумадилова А.А.**

**ЭФФЕКТИВНОСТЬ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ОБНОВЛЁННОГО  
СОДЕРЖАНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ**

*Аннотация.* В данной статье рассматриваются вопросы эффективного использования обновлённого содержания образования. Показано примерами насколько эффективно использование образования обновленного содержания в современной системе образования.

ӘОК 82.0

Касымова Г.К.

«Қазақ тілі мен әдебиет» білім беру бағдарламасының студенті  
Ғылыми жетекші: Исмаилова Р.Н.  
«Bolashaq» академиясы, Қарағанды, Қазақстан Республикасы  
[raihan-a@mail.ru](mailto:raihan-a@mail.ru)

**АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІ**

*Аңдатпа.* Мақалада қазақ халқының ұлы перзенті, аса көрнекті педогог, ғалым-лингвист, әдебиет зерттеуші тюрколог, дарынды ақын-аудармашы, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тілі білімі саласындағы қосқан үлесі тілге тиек етілген.

Халықты ағарту баладан, мектептен бастау алады. Ең алғаш қазақ тілінде әліппе кітабын жинақтаған Ахмет еді. Қазақ балалары көзі ашық, сауатты азамат болып шығуға септігін тигізген. Қазақ тіліндегі әліп-би осы сөздердің бәріне дәлел. Тек қана кітап жазумен тоқтамаған Ахмет, орыстың белгілі жазушыларының белгілі жазушыларының белгілі еңбектерін ана тілімізге аударып, өзінің халыққа, шамшырақ екенін дәлелдеп өткен. Көкейіндегі түйілген ойды ана тіліндегі асыл, ұтқыр сөздер мен жеткізе білген. Өлеңдеріндегі сөздердің өзі адам көңіліне талпыныс, алға қарай жол бастап, көш артында қалып қоймауға себепші болған. Қазақ тілін болашақ ұрпақтарға дамыта түскен қалпында, басқа тілдерден биігірек ұстап, тазалығын сақтауға демеу болды. Қазақ тілінің табиғатын, құрылымын танудағы қызметі қазіргі мектептерде қазақ тілін пән ретінде үйрететін оқулықтар жазу мен ұласады. Ахмет қалыптастырған әдеби-теориялық терминдер осы күнге дейін өмірін жалғастыруда.

XX ғасырдың бас кезіндегі тарихи-элеуметтік, саяси өзгерістер, ғылым мен білімнің дамуы, кітап бастыру ісінің өріс алуы, зиялы қауым өкілдерінің қалыптасуы, олардың қоғамдық өмірге араласуы әдебиетіміздің дамуына игі ықпалын тигізді.

Бұл тұста қазақ әдебиетіне бірі кеш, бірі ерте қос арнадан нәр алған, батыс пен шығысты тел емген, Абай туын биікке көтерген Ахмет, Әлихан, Шәкәрім, Мәшһүр-Жүсіп, Міржақып, Ғұмар, Мағжан Сәбит, Сұлтанмахмұт сынды әдебиет алыптары келді.

Сол кездегі уақыт еншісінде қазақ тіл білімі ғылымын дамыту ісі кезек күттірмейтін басты мәселелер қатарында еді.

Сөз өнері-қазақ халқының сонау көне дәуірден келе жатқан рухани асыл қазынасы болып табылады. Өйткені қазақ- бүкіл тарихы мен тағдырын, елдігі мен ерлігін, даналығы мен тәрбиесін сөзге сыйғызған халық. Сол себепті де әдебиеттен біз халқымыздың ішкі бітім-болмысын, табиғаты мен өмір шындығын көреміз.

Тіл дыбыстарының ана тілімізде зерттелуі XX ғасырдың басында басталады. Зерттелудің алғашқы қадамы қазақ халқының маңдайына біткен жарық жұлдызы Ахмет Байтұрсынұлы есімімен байланысты.

Қазақ халқының ұлы перзенті Ахмет Байтұрсынұлы XX ғасырдың бірінші жартысындағы аса көрнекті педогог, ғалым-лингвист, әдебиет зерттеуші тюрколог, дарынды ақын-аудармашы, қоғам қайраткері. Қазақ халқының қоғамдық-саяси, мәдениет және әдебиет өнеріне белсене

қатысқан жазушы, қоғамда өзгерісті жасау жолында талмай күрескен, сөйтіп халық игілігі үшін жан аямай еңбек етудің үлгісін көрсеткен Ахмет Байтұрсынұлы, Қазақстандағы педагогикалық ой-пікірдің өркендеу тарихында үлкен орын алады.

А.Байтұрсынұлы қазақ халқының мұң-мұқтажын, талап-тілегін мейлінше қолдап қуаттады, халық арасында жүргізілуге тиісті ағарту жұмыстарының түрлерін көрсетті, халық бұқарасының санасын оятуға ұмтылды. Қазақ даласындағы мектеп құрылысы, берілетін білімнің бағыт-бағдары мен мазмұны, қазақтың қол-тума жазуын жасау, кітап басып шығару жұмысын ұйымдастыру, мұғалімдер даярлау, ағартушылық жолдағы Қазақстандағы әлеуметтік-педагогикалық міндеттерді шешудің алғашқы қадамдарын жасады. Ахмет Байтұрсынұлының барлық шығармалары көрші халықтардың, орыс және қазақ мәдениетін байланыстыратын, жаңа тарихи қоғамдастықтың іргетасын қалайтын әдебиеттің жалпы қабатын қалыптастыруға қызмет етті. Ол көрнекті түркітанушы болды. Ахмет Байтұрсынұлы қазақ фольклорына үлкен үлес қосқан ағартушы. Фольклорлық жұмыстарды жинау және жариялаумен айналысты. Атап айтқанда, ол «Жоқтау» жинағын шығарды, ал 1895 жылы «Торғай» газетінде Ахметтің өзі жинаған «Қазақтың ырымдары мен мақал-мәтелдері» жарияланды.

Байтұрсынұлы қазақ тіл білімін дамытуда айрықша маңызға ие болған тұлға. 8 ғасырдан бастап қазақ даласына исламның таралуына байланысты араб жазуы біртіндеп ене бастады.

Араб әліпбиінде қазақ тілінің барлық дыбыстарының нақты көрінісі үшін қажетті көптеген әріптер жетіспегеніне қарамастан, қазақ тілі араб әріптері негізінде құрылды.

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тілінің табиғатын терең зерттеп, араб тілінің негізінде жаңа қазақ алфавитін құрды.

Мұсылмандық оқу жүйесінде, заман талабына сай, ескі қадыми оқудан жаңа мұсылманша оқу жәдиттікке көшу еді. Түрік тілдес халықтарының арасында бұл тұрғыдағы «жәдиттік» оқу жүйесін заман талабына сай қолдану оны жүзеге асыру кең қолданыстар тапты. Осы негізде, қазақтар арасында «жәдиттік» оқуды жүзеге асырушысы және оның көш басында-А.Байтұрсынұлы тұрды.

Есімі шартарапқа танымал академик А.Н.Кононов былай деп көрсетті: «А.Байтұрсынұлы полностью сформулировал казахский алфавит, заложил основы фонетики, морфологии, синтаксиса казахского языка, написал первые учебники, явился автором глубоких исследований в области казахской литературы и культуры в целом».

Кононов Ахаң есімі айтылмайтын кездің өзінде тюркология саласындағы ұлы реформатор деп атады[1,2].

А. Байтұрсынұлы- қазақ алфавитінің тұңғыш реформаторы, осы жетілген жазу үлгісімен еліне тұңғыш әліппе сыйлаған, қазақ тіл білімі мен әдебиеттің негізін салушы ғалым, таза қазақ емлесімен шыққан тұңғыш газеті «Қазақтың»(1913-1918) бас жазушысы. Абайдан кейінгі саяси әлеуметтік тақырыпты ту көтерген көрнекті ақын, аудармашы, публицист журналист, ірі қоғам қайраткер, ағартушы ұстаз.

1926 жылы 26 ақпан мен 6 наурыз аралығында Баку шаһарында өткен тұңғыш түркологиялық съезде А.Байтұрсынұлының араб алфавиті негізіндегі жаңа жазудың артықшылығын дәлелдеп, латынға көшуге қарсы шыққандағы бір себебі – бұл жазудың Қазақстанда іс жүзінде қолданыс тауып, жаппай сауатсыздықты жоюдағы атқарған нақтылы қызметі болатын.

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ тілінің фонетикалық, грамматикалық, синтаксистік, орфографиялық құрылымын зерттеп, танытқан ірі лингвист-ғалым. Осының негізінде ғалым тіл мен әдебиетті, әлеуметтік мәселелерді, заң мен шаруа жайын (мал шаруашылығы, егін егу), мәдениет пен тарихты қазақ болмысына тірек ете отырып ұлт санасын, тілін, ділін, ғылымын, өнерін әлемдік өркениетке сай түбірінен жаңартуға атсалысты.

Ғылымды қалыптастыруды керек еткен қажеттілік, мұқтаждықтан ке- леді дегенге келетін болсақ, ондай қажеттіліктер мен мұқтаждықтар санап болмастай көп еді. Солардың ең алдыңғы қатарда тұрғандары-халқымыздың санасын көтеру, ел ішін жайлап алған сауатсыздықты жойып, халықты өнер, білімге ілгері кеткен мәдениетті елдердің қатарына қосу сияқты ағартушылықтар болатын. Мұның солай екенін сол дәуірде қазақ даласына ұрандай болып тараған «Оян, қазақ», «Қамауда жаның, айдауда малың, аш көзіңді оянып», «Қараңғы қазақ көгіне, өрмелеп шығып күн болам» деген жалынды сөздер мен үндеулерден де байқауға болады. Мұндай өркенді ниет- мақсатқа оқусыз, білімсіз жетуге болмайтыны белгілі. Ал оқу үшін, білім үшін қазақтарға өзіндік ұлттық жазуы, оқу құралдары, ұлттық мектептер болуы

қажет. Ахаң ісіне кіріскенде бұлардың кейбіреуі тіпті болмады. Осы жақтарды бар ету қажеттігі Ахаңды ең алдымен тіл мәселелерімен айналысуға, оны оқу пәні дәрежесіне дейін көтеруге мәжбүр етті. Өйткені тіл барлық істің бастамасы екенін, онсыз ешқандай ғылым, білім дегендердің болуы мүмкін еместігін Ахаң жақсы біледі.

Ахаң- қазақ тіл білімінің ана тілімізде зерттелуіне даңғыл жол ашып, туған тіліміздің теориялық тұрғыдан тұғырлы тұжырылымдауының негізін қалаушы, өзінен кейінгілерге жөн-жоба көрсетуші ғұлама ғалым деуге болады. Қандай да бір ғылым саласы болмасын өмір сұранысынан, заман талабынан туады да, дәуірінің қажеттілігін, уақыт алға тартқан тапсырысты орындауға қызмет етеді. Сондықтан белгілі бір кезеңде ұлы ғалымдардың алдына қойылар мақсат өмірмен өзектес болуымен ерекшеленеді. Әр заман өзінің көкейкесті мәселесін алға тартады. Осы себептен де әр дәуір ғалымы бір-бірінен өзіндік мақсат-мүддесі, арқау еткен мәселесі мен зерттеуде қолданған амал-тәсілдері арқылы ерекшеленеді.

Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тілінің табиғатын, құрылымын танып-танытудағы қызметі енді мектепте қазақ тілін пән ретінде үйрететін оқулықтар жазумен ұласады. Осы тұста оның атақты «Тіл – құрал» атты үш бөлімнен тұратын, үш шағын кітап болып жарияланған оқулықтар жазылды. «Тіл-құрал» тек мектеп оқулықтарының басы емес, қазақ тілін ана тілімізде танудың басы болды, қазіргі қазақ тілі атты ғылым саласының, іргетасы болып қаланды. Жалпы қазақ тіл білімін қалыптастырып, зерттеп, танып-білу тарихымызда Ахмет Байтұрсынұлының «Оқу құралы» мен «Тіл құралдарының» орны айрықша.

Ахаң өмірінің алғашқы қадамдарын бала оқытудан бастайды. Ол елдің санасын көтеруден бұрын сауатын ашу қажет екеніне мектепте сабақ бере жүріп әбден көзін жеткізеді. Сауаташар «Әліп-би» мен тіл үйретер «Тіл құралын» жазу үшін графика және қазақ тілінің дыбыстық жүйесін дұрыстап алу қажеттігін сезінеді.

А.Байтұрсынұлының еңбек жолына үңілсеңіз, оның ылғи да бір жүйелі мақсат көздеп отырғанын байқайсыз. Басты да әуелігі мақсаты-қазақ баласының сауатын ашу болса, соны іске асыру үшін алдымен «Оқу құралын», «Әліпбиді» жазады. Тілді тереңірек түсіндіріп баяндау үшін «Тіл құралын» түзеді. Ал «Тіл жұмсарын алсаңыз, өзінің аты көрсетіп тұрғандай, онда ана тілін дұрыс қолданып, дұрыс тұтынудың жолдарын қарастырады. Осылай мәселеге жүйелі келудің нәтижесінде сауат ашу барысы әлдеқайда шапшаң, анағұрлым жедел де жүйелі жүргізілгені мәлім.

Бар болғаны үш-төрт-ақ сыныптың білім бар бұл адамның өмір бойы қуғын-сүргінде (патша үкіметінің де, Кеңес үкіметінің де кезінде) жүріп ұлт мәдениеті тарихында ешуақытта өшпейтін, өлмейтін осыншама үлгі тастап кетуі таңқаларлық құбылыс.

Ахаңның тіл біліміне қатысты еңбектері туралы сөз бола қалған жағдайда бүгінгі тілші-ғалымдардың бір тобы қазақ тіл ғылымын Ахмет Байтұрсынұлынан бастау-оның тарихын тым қысқа қайыру деп білсе, екінші бір тобы Ахаң еңбектері тек бастауыш мектеп оқулығы шеңберінде ғана деген ойды кесе-көлденең тартады. Бұлардың түбірімен қате ой-тұжырымдар екендігі даусыз. Әрине, қазақ тілі туралы ой-пікірлердің Ахаңа дейін де айтылғаны, XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап олардың жүйелі сипат алғаны да рас, мұны ешкім де жоққа шығара алмайды. Бірақ ескере кетер бір жайт, сол еңбектердің барлығы да ана тілімізде емес, зерттеліп отырған тіл табиғатына жат тілдерде жазылғандығы. Сондықтан да олардың бірде-бірінде (Ильминский, Мелиоранский, т.б.) туған тіліміздің өзіне тән табиғаты түбегейлі ашылған жоқ және олар өзге тілде жазылғандықтан да қазақ халқының сауатын ашуға жолбасшы бола алмады. Ең бастысы, оларда қазақ тілінің дыбыстық, грамматикалық құрылымдары байырғы замандардан бері қарай бірден-бірге жалғасып келе жатқан үнді-европалық тіл білімінде орныққан дәстүрлі ұғымға, үлгіге негізделді, лингвистикалық терминдері де солардан алынды.

Әрине, қазақ грамматикасының сыры мен қырын танудағы оның алғашқы сүйеніші орыс лингвистикалық мектебінің ілім-білімі болғандығын жоққа шығаруға болмайды. Бірақ, ол, ә, дегенде-ақ, туыстығы жағынан ерекшеленетін түркі тілдерінің (оның ішінде қазақ тілінің) құрылымындағы орыс тілінен айрықшалайтын басты ерекшеліктерді тап басып тани алды. Ол қазақ тілін оқыту мен зерттеуде белгілі бір жүйелі мақсат ұстанған. Ол алдымен қазақша сауат аштыруды мұрат тұтып, бұл жолда тұңғыш әліппе —«Оқу құралды» жазды, одан соң қазақ тілінің фонетикасы мен грамматикалық құрылымын, ана тілінің төл заңдылықтарын талдап, пән ретінде оқытып, үйретуді жолға қойды, сөйтіп, үш бөлімнен тұратын «Тіл-құралды» дүниеге келтірді.

Ұлт мәдениеті мен ұлттық ғылым-білімімізде өзіндік болмыс-бітімімен оқшауланып, дара тұратын мұндай алыптардың өмірінің өзі, әсіресе кейінгі ұрпақ үшін таптырмайтын өнеге.

«Айқап» журналы мен «Қазақ» газеті бетінде көптен бері көтеріп келе жатқан жазу мәселесіне Ахаң ХХ жылдары жіті кіріседі, ол әу бастан-ақ араб графикасына бейіл береді. Оның мұнысынан кезінде «панисламдық», «арабшылдық» сарын іздеп сарсалғандар да болды. Сондықтан да ол, ең алдымен қазақ жазуын қалыптастырудың алғашқы нұсқаулары ретінде:

- 1) қазақ тілі дыбыстарына қажеті жоқ араб таңбаларын әліпбиден алып тастауды;
- 2) сөздің жіңішкелігін білдіретін «дәйекше» деген белгіні енгізуді;
- 3) қазақ тіліндегі *ы, е, и, о, ұ, у* дыбыстарының әрқайсысына жеке таңба белгілеуді ұсынады. Сөйтіп, 24 таңбадан тұратын, өзі «қазақ жазуы» деп, өзгелер «Байтұрсынов жазуы» деп аталатын қазақтың ұлттық графикасын тұрғызады. Осы жазуды үйрететін әліппе жазады.

Сондықтан да, қазақ тіл біліміне есімі ең жақыны-Ахмет Байтұрсынұлы, өйткені оның қазақ фонетикасы мен грамматикасы жайындағы оқулықтары осы ғылым саласының бастамасы, іргетасы деп батыл айта аламыз.

Қорыта айтқанда, қазақтың ұлттығы мен егемендігін бүгінгі таңда бүкіл дүниежүзі танып, мойындап отырған тұста ғасырдан ғасырға жеткен мәдени мол мұраларымыз ел игілігіне айналуға. ХХ ғасыр басында Ахмет Байтұрсынұлы «Қазақ» газетін ашып, ұлттық білім берудің негізгі ұстанымдары мен тұжырымдарын әлемдік контексте қарастырған әрі ғылыми тұрғыда негіздеген өміршең мақалаларын қалдырды.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. *Айтбайұлы Ө. Абай үлгісінің жалғасы дерсің Ахаңды. -Жас алаш. -1998. -29 қыркүйек.*
2. *Назарбаев Н. Ә. Тәуелсіздігіміздің бес жылы. Алматы, 1996.-25б.*
3. *Сыздық Р. А.Байтұрсынов және қазақ жазуы. Қазақстан жоғары мектебі. 1997. - №2.*
4. *Байтұрсынов А. Ақ жол: Олеңдер мен тәржімелер. Публ. мақалалар және әдеби зерттеулер. - Алматы: Жалын, 1994. - 464 б.*
5. *Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. -Алматы. -2003, I-том*

**Касымова Г.К.**

#### **АХМЕТ БАЙТУРСЫНУЛЫ И КАЗАХСКОЕ ЯЗЫКОЗНАНИЕ**

*Аннотация. В статье отражен вклад великого сына казахского народа, выдающегося педагога, ученого-лингвиста, литературоведа тюрколога, талантливого поэта-переводчика, общественного деятеля Ахмета Байтурсынова в образование казахского языка.*

ӨӘК 82

Құдайберген Т.И.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының студенті  
Ғылыми жетекші: профессор Сембиев Қ.З., «Bolashaq» академиясы, Қарағанды қ.  
[Toleubala\\_kudaibergen@mail.ru](mailto:Toleubala_kudaibergen@mail.ru)

#### **КІСІ ЕСІМДЕРІНІҢ СӨЗЖАСАМЫ**

*Аңдатпа. Мақалада кісі есімдерінің сөзжасамдық құрылымы қарастырылған. Кісі есімдерінің көпшілігі мәдени-тарихи өмір бейнесін айқындайтындығы нақты мысалдармен көрсетілді. Сонымен бірге кісі есімдерінің лексика-семантикалық топқа жіктелетіндігі айқындалды.*

Қазақ тілі сөздік құрамының бір бөлігі – кісі есімдері болып табылады. Ол өз арнасын жалпыхалықтық тіл қорынан алады да, тіліміздің ішкі заңына сәйкес дамиды. Сөйтіп, ол тілдегі сөздердің барлық саласынан жасалады. Қазақ есімдерінің басым тобы халқымыздың өткен заманнан бастап күні бүгінге дейінгі мәдени-тарихи өмір бейнесін анық көрсетеді.

Лексикалық тұрғыдан алғанда, олардың көне қабаты негізгі де ұйытқы тірек болып табылып, мынадай лексика-семантикалық топқа жіктеледі:

1. Төрт түлік малмен байланысты есімдер: *Қошқарбай, Ақбота, Текебай, Бұзаубақ, Аққозы, Ақлақ, Жылқыбай, Ботағөз, Құлынишақ, Қозыбай, Түйебай Қошқарбай, Бұқа, Тана* т.б.

2. Табиғат құбылысымен байланысты есімдер: *Боран, Таубай, Күнай, Айдай, Шолтан, Жаңбырбай, Дауыл, Желдібай, Айсұлу, Айжан, Күнбала, Күнжамал, Күнсұлу* т.б.

3. Аңдар мен үй хайуаны және құстарға байланысты есімдер: *Арыстан, Қабанбай, Бөкенбай, Күшікбай, Қасқырбай, Жолбарыс, Түлкібай, Бүркіт, Қаршыға, Қарлығаш, Лашын, Аққу, Қыран* т.б.

4. Асыл металдар мен қымбат зат атауына байланысты қойылған есімдер: *Алтын, Күміс, Гауһар, Маржан, Болат, Шойынбай, Асылтас, Асылзат, Алмас, Лағыл, Жібек, Торғын, Темірбек* т.б.

5. Өсімдік атауымен байланысты есімдер: *Райхан, Гүлжан, Балауса, Балдырған, Еңлікгүл, Бәйшешіе, Қызғалдақ, Раушан, Гүлнұр, Асылгүл, Нұргүл, Лалагүл* т.б.

6. Жеміс-жидек атауымен байланысты есімдер: *Мейіз, Жаңғақ, Алма, Өрік, Анар, Сарымсақ, Құлпынай, Қарақат, Шырын* т.б.

7. Туыстық атаумен байланысты есімдер: *Атабек, Атабай, Бабатай, Әкежан, Жиенбай, Нағашыбек, Туғанбай, Бөлебай, Немеребай* т.б.

8. Жер-су атынан қойылған есімдер: *Алтай, Алатау, Орал, Жайық, Дария, Еділ, Ертіс, Донедел, Жайық, Нұрабек, Сыр* т.б.

9. Үй жиһазы мен мүліктеріне байланысты қойылған есімдер: *Айнагүл, Табақбай, Шөмішбай, Балғабек, Шегебай, Шара, Қылышбек* т.б.

10. Түрлі тағам атына байланысты қойылған есімдер: *Айранбай, Сүттібай, Шырынбек, Шекер, Майлыбай, Секербек, Науат, Қант* т.б.

Қазақ халқында балаға ат қоюда ертеде белгілі дәрежеде ырым мен дәстүр ерекше орын алып отырған. Олардың кейбірін сөздің киелі күшімен де байланыстырып отырушылық – көне дәуірден бар құбылыс. Сол ескі заманда балаға көз тиюден немесе жын-шайтаннан сақтау мақсатымен елеусіз оғаш есімдер қойып отырған.

Есім берудегі кеңінен тараған дәстүрдің бірі сан есіммен байланысты болып келеді. Мысалы: *Бірбай, Сегізбай, Төртбай, Бесбай, Біржан, Жүзбай, Қырықбай, Мыңбай, Мыңжасар, Жүзжасар* т.б.

Балаға ат қоюдың себептері алуан түрлі тілек-мақсатпен байланысты болып келеді. Мәселен,

- бала дәулетті де бай, аukatты болсын деген;
- күшті де батыл, қырағы да сақ, ержүрек болсын деген;
- сұлу да көрікті, ажарлы да әдемі болсын деген;
- денсаулығы зор болып, ұзақ ғұмыр кешсін деген;
- ақылды да тапқыр болсын деген;
- бала мырза да жомарт болып өссін деген тілекпен атын қойған екен.

Тілімізде кеңінен тараған екі не үш сөзден құралған күрделі тұлғалы есімдердің көбірек кездесетіндері құрамында *бай, бек, би, хан, қожя, төре, сұлтан, зады, шах, мырза* т.б. Мысалы: *Жұмабай, Нариман, Асанқожя, Нұрсұлтан, Шахмардан, Нұрзады, Нұрлыбек* т.б.

Кейбір есімнің мән-мағынасы мен дыбыстық сипаты арқылы белгілі бір аймақ тұрғындарының тілдік ерекшелігін анықтауға болады. Мысалы, *Тәшкенбай, Сайрамбек, Бөгенбай, Нұрабек, Алмат, Сырбай* т.б.

Қазақ кісі есімдерінің жасалу жолына келер болсақ, негізінен екі түрлі тәсілмен жасалады:

Түбір сөздер арқылы (негізгі сөздер)

Күрделі сөздер арқылы

Мысалы, «Бағлан» деген кісі есімі түбір сөз арқылы жасалған. Мағынасы: 1) ерте туып, жетілген қозы; 2) жайнаған жас, жасөспірім.

«Бейбіт» – иран тілінен алынған сөз. Бұл да түбір арқылы жасалған. Білдіретін мағынасы: *бейбітшілік, татулық, тыныштық*. Бұл есімнің қазақша баламасы – *Тыныштық, Тынышбек, Тынышбай* болып та келе береді.

«Батырлан» – сөзі «батыр» түбіріне *-лан* қосымшасы қосылу арқылы жасалған. Мағынасы: *ержүректене түсу, өжеттену*.

Ал күрделі есімдер екі түбірдің бірігуі арқылы жасалады. Мысалы: *Ержұман, Баубек, Бейбітжан, Айжарқын* т.б.

«Баубек» деген кісі есімін түсіндірсек, бұл есім «баланың бауы берік болсын» дегеннен келіп шыққан. Яғни *Баубек* – өмір-жасы ұзақ, өмірлі болсын, табанды жігіт болсын дегенді білдіреді.

Тіл тарихын зерттеуде қашанда кірме сөздердің орны ерекше. Осы бағытта шығыс тілдерінің соның ішінде араб, иран кірме элементтерінің өзіндік орны бар. Бұл мәселеде шетелдік шығыстанушы ғалымдар мен түркологтер және өзіміздің отандық ғалымдардың еңбектерін атап өтуіміз керек.

Араб, иран тілдерінің әсері жайлы С.С.Майзельдің, С.Н.Ивановтың еңбектерін атауға болады. С.С.Майзель түрік тілінің көп ретте ескі осман тіліндегі кірме сөздерін қамтып, онда кірме сөздердің фонетикалық және морфологиялық құрылымы мен көмекші сөздер жайлы сөз етсе, С.Н.Иванов араб тіліндегі бұрыс көпше түрдің үлгілерін, олардың басқа сөз таптарымен байланысын сипаттап өтеді. Ең маңыздысы, оның еңбегінде қазіргі түрік тіліндегі араб сөздері қарастырылған.

Сондай-ақ қажетті тілдік деректер Құран Кәрімнің, қазақ тіліне енген араб есімдеріне бағышталған лексикографиялық еңбектер, атап айтқанда, қазақ тілінің түсіндірме сөздігінен, араб түсіндірме сөздігінен, екі тілді сөздіктерден (арабша-орысша, арабша-қазақша, қазақша-арабша сөздік, парсыша-орысша сөздіктен), қазақ тіліндегі кісі есімдері, араб тіліндегі кісі есімдері мен «Алланың 99 көркем есімін» көрсететін сөздіктен т.б. дереккөзден жиналды.

Қазақ кісі есімдері негізінен мағынасы айқын да анық, айшықты, айтуға жеңіл ықшам сөздерден қойылады. Ана тілі сөз байлығынан алынған есімдер әдетте тұрақты болады да, көп өзгеріске түспейді, дыбыстық құрамы аса бұзылмайды. Сондықтан да көп нұсқалы (вариантты) болмайды.

Ал оның есесіне шет тілдерден, әсіресе араб, парсы, монғол тілдерінен енген есімдер табиғатында құбылмалы, дыбыстық өзгеріске ұшырап, бірнеше нұсқада айтыла береді. Бұндай жайт алдымен сол есімді иемденуші адамды, көбінесе оқу ағарту ісі мен заң қызметкерлерін шатастырып әуре-сарсаңға салып, көптеген қиындық туғызады.

Бір адамның есімін кейбір заңды құжатта әртүрлі тұлғада кездесуі қате жазылудан немесе дұрыс айтпау салдарынан әртүрлі нұсқаға (вариантқа) ие болады. Мәселен, *Абдолла, Абдолда, Абдулда; Абайдылда, Абйыр, Абйур, Абыйыр, Абүйір; Абыхан, Абықан, Әбікен; Айтмағанбет, аймуханбет, Аймағанбет; Әбділда; Әбдісаттар, Әбсаттар; Ырзабек, Ризабек, Рзабек, Рызбек; Қадыр, Кәдір; Гүғайша, Гүлқайша, Күлқайша; Гүлташ, Күлтәш, Күлшиаш* т.б.

Күнделікті құжатта (туу туралы куәлік, төлқұжат т.б.) толтыруда АХАТ және төлқұжат бөлімі қызметкерлері көптеген қиыншылыққа кезігіп отырады. Міне, осындай мәселеде жәрдемші ретінде ондай жарыса қолданылатын нұсқалар «Қазақ есімдері» атты кітаптың есімдер тізбесінде толық берілген.

Бірақ та халықтың ауызекі сөйлеу тілдерінде мейлінше көп те, бай кездесетін ондай есім нұсқаларын түгелдей сарқып беру мүмкін емес. Өйткені бірнеше нұсқада айтылып жүрген есімнің біреуін негізгі нұсқа ретінде алудың өзі де қиын-ақ. Кейде сол бірнеше нұсқалы есімнің әрқайсысы өз алдында жеке есім бе, әлде бір есімнің дыбыстық өзгеріске түскен алуан түрі ме? – деген орынды сұрақ та туады.

Бұл мәселенің қиындығын ескере отырып, нұсқа (вариант) есімдердің көпшілігі дербес есім ретінде сөздікте көрсетілген. Өйткені бір есімнің әлденеше нұсқалы келуін немесе көп нұсқалы есімдердің біреуі ғана негізгісі екенін, олардың аражігін ажырату қазіргі таңда шешімін таппай отырған қиын мәселе.

Алайда кейбір республикада, әсіресе Балтық және Кавказ республикаларында, егер есімдер бір-бірінен шамалы ғана өзгеше болса, тіптен бір дыбыс арқылы ғана ерекшеленіп тұрса, оларды жеке, дербес есім санатына жатқызатын шартты ереже бар.

Ал орыс тілінде бұндай құбылыс заңсыз деп табылады. Мәселен, *Наталья, Екатерина – Катерина, Сава – Савва, Филип – Филипп* дербес есімдер санатына паспорттық ресми есімдер: *Георгий және Горгий немесе Мария, Марийа* немесе *Марина* тектес есімдер ғана жатады. Бірақ ондайлардың саны тым аз.

Ал біздің тілімізде орыс, араб, парсы тілдерінен енген көптеген есім бар. Мәселен: орыс тіліндегі *Максим* бізде *Мақсым, Александр – Ескендір, Мария – Мариям, Егор – Жагор*.

Әлбетте, тіліміздегі бұл есімдер орыс тілінен енген есімдердің нұсқасы болғанымен, бізде жеке есімдер. Мәселен, *Мұхаммедтен* біздің тілімізде *Махамбет, Мұқамет, Мәмбет; Ғалиден – Қали, Әли, Әлі, Алы; Ғайшадан – Қайша, Айшам; Фатимадан – Патима, Бәтима; Хасаннан – Хасен; Асан, Әсен, Хұсайын; Құсайын, Құсан, Құсен; Омар – Ғұмар, Құмар; Камал – Кемел, Камел; Әзім – Ғазым, Қазым* т.б. есімдер тарайды.

Сондай-ақ дыбыстық өзгерістің салдарынан пайда болған бірнеше нұсқалы есімдер бар. Бұларды бір есімнің түрлі тұлғада айтылған нұсқалары деп тану керек. Мысалы: *Сәбира –*

*Сабира, Набира – Нәбира, Ибраһим, Ибрагим, Ыбырай, Ыбырайым, Ыбыраш, Абілқайыр, Әбілхайыр, Әбілқайыр, Әбуталып, Әбутәліп; Ислам – Есләм, Слам, Ысламбек, Смайыл – Сымайыл, Ысмағұл; Бақия, Бақи, Бақыт* т.б. тіліміздің бір есімі нұсқалы яғни қосалқы есімдер де бар. Бұл тектес есімдер туған-туыс, жора-жолдас, отбасы арасында ғана айтылғаны ғана болмаса, дербес жеке есімдер қатарына жатпайды. Ондай қосалқы есімдер әрбір ұлт өкілінде, әрбір халық тарихында жиі кездесіп отырады.

Орыс есімдерін зерттеген ғалымдар ондай қосалқы есімдердің пайда болуы, шығу себебін нақтылы баяндап, мүмкіндігінше көрсетіп отырған. Ондай қосалқы есімдердің бірі христиан діні бойынша қойылып отырған. Ана тілі негізінде қойылып отырған халық атаған төл есімдер болған.

Сонымен, бір адам әрі христиан дініне байланысты қойылған есіммен аталып отырған. Түркі халықтары есімдері тарихынан да осындай жайтты байқау қиын емес. Мұсылман діні негізінде құраннан қойылған аттармен қатар әр адамның таза ана тілінде қойылған есімдері болған.

Есімдер де халықтың тіліндегі сөздер тәрізді өмір сүріп, ескіріп әрі жаңарып отырады. Ғасырлар үнін қарт шежіре сияқты келешек ұрпаққа жеткізіп отырады.

Қазақ есімдерінің арасында басқа тілдерден енген есімдер көп-ақ. Мысалы, ислам дінін қабылдаумен байланысты сәбилерге ат қоюдағы дәстүр де өзгерді.

Бірқатар есімдер араб тіліндегі кітаптар арқылы немесе дінді уағыздаушылар арқылы жетіп отырады. Иран тілінен де есімдер енген.

Кейінгі ғасырда, әсіресе XX ғасырдың екінші жартысынан бері қарай әлемдік унификациялану әсері қазақ есімдеріне де аз тимеді. Қазақ есімдерінің табиғатына жат еуропалану үдерісі тек алды. Орыс тіліндегі есімдер кеңестік дәуір орнағаннан басап ене бастады. Бұл есімдердің бәрі қазақ тіліне фонетикалық заңдылығына сай қабылданды. Бұл есімдерді енді арабша не еврейше деп айтсаң, сенімсіздеу. Қысқасы, Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, «қазақша шапан жауып, басына бөрік» кигізіліп қабылданады.

Профессор Т.Жанұзақов: «Қазақ халқының этникалық психологиясы мен этникалық әдеп нормасының дәстүрлі «классикалық» қасиетінің бірі жасы үлкенді құрметтеу және аға ұрпақ өкілі, қарттар мен егде адамдарға сый құрмет, ізет көрсту болып танылады. Қазақ антропонимикасы саласында қазақ халқының осы этнопсихологиялық қасиеті өзіндік пішіндегі айтылымға ие және ол аға-іні, үлкен-кіші, түріндегі қарым-қатынастың әлеуметтік жағдайында көрінеді: мұндай құрмет көрсету, сыйлауға -қа, -ке, -әке, -еке, -жан аффикстері қолданылады», - деп көрсетеді. Қазақ есімдері орыс тіліндегі еркелету, қысқарту мәнді -а, -ик қосымшасы арқылы айтылатын болды. Дәл осы сияқты қыздардың аттарынан байқауға да болады.

Құжат жазғанда орыс тілді қызметкерлердің қателігінен бе, әйтеуір өзгергені соншалықты – қай сөзден шыққанын аңғару қиын тектер (фамилия) пайда болған.

Тағы бір айта кетер жайт: қазақ бірінші кезекте ата-анасын сыйлап, «сіз» деп құрметтеген. Ал қазіргі кезде біз ата-анамызға «сіз» дейміз бе?..

Қазақта әкем, балам, ботам деп, сөзге -м деген тәуелдік жалғауды жалғап сөйлейді. Осының өзінде жақындату, өзіңе тарту сияқты ұлттық бір үлкен сипат жатыр. Ал біз орысшаның әсері ме, «папа келе жатыр» дейміз немесе «мама үйде ме?» деп сұраймыз. Мұндай қолданыс тілге жат.

Қазақ тілінің өзіне тән дыбыстары тілдің ұлттық бояуы, ішкі иммунитеті болып саналады. Тілдің иммунитеті азайған сайын қатынас құралы ретінде тілдің қызметі де әлсірей береді.

Балаларға бүгінгі жарқын өмір, бақытты дәуір талабына сай жарасымды да лайықты есім қою халық діттеп отырған мүдделі де маңызды мәселенің бірінен саналады. Ата-ана дүниеге келген перзентке мағынасы айқын әдемі де айшықты, сұлу есім беруді қалайды. Бірақ олар қай атты таңдауда, одан кейін оны жазуда қиналысқа ұшырап отырады.

Бұл өмірлік проблема болып табылады, сондықтан ол барлық уақытта да адамдарды толғанып келді, қазір де өзекті күйінде қалып отыр.

Осындай жарасты есім беруге ата-ана, олардың туған-туысын, жора-жолдасы ғана емес, жергілікті мәслихат депутаттары мен Азаматтық хал актілерін тіркеу (АХАТ) бөлімі де толық мүдделі. Адам есімі қоғам өмірінен, оны қоршаған ортамен тығыз байланысты.

Ал ұрпаққа жарасымды есім беру – ежелден келе жатқан, ізі суымаған жалпы халықтық игі дәстүр. Есімдер де халық тіліндегі сөздер сияқты өмір сүріп, ескіріп әрі жаңарып отырады. Олар да ғасырлар үнін қарт шежіре сияқты келешек ұрпаққа жеткізіп отырады. Қазіргі қазақ есімдері сан жағынан көп те мол болуымен қатар, құрамы мен құрылысы жағынан да әр алуан.

Өзінше бөлек, дәстүрлі қазақ есімдері де көп кездеседі. Ол жөнінде жазылған еңбектер қазақ тіл білімінде де аз емес.

Әйткенмен, кісі есімдері жөнінде жазылған еңбектердің ішіндегі халыққа ең қажеттісі де, керегі де – кісі аттары жайлы анықтама құрал. Осындай игі мақсатты орындау ниетімен тіл маманы Т.Жанұзақов 1968 жылы «Қандай есімді ұнатасыз?» атты қысқаша анықтама шығарды. Бұл анықтама жаңа туған нәрестеге ат таңдауда жақсы және әдемі есімдерді ұсынуымен қатар, қазақ есімдерінің дұрыс жазылуына да біраз түзету енгізген, бірақ бұл қазір көпшілік қолына түспейтін сирек дүниеге айналып кетті.

Соның салдарынан есімдер мен фамилияларды қатесіз дұрыс жазу АХАТ орындары мен ауылдық, аудандық мәслихаттарда, сондай-ақ мектептер мен баспасөз орындарында, жеке азаматтар тәжірибесінде айтарлықтай қиындық туғызып жүр. Сол себептен де Қазақстан Республикасы Ғылым академиясы А.Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтының ономастика бөліміне республикалық, аудандық АХАТ бөлімі есім фамилиялардың қате бұрмаланып жазылып жүрген жайлы хат жолдаса кейбір азамат өздері келіп құжатында қате жазылып кеткен есімі мен фамилиялардың дұрыс жазылуы жайлы анықтама алады.

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі 11.02.1996 ж. хатында Асылқан, Жанбота, сондай-ақ шешен тілінде Саидаили, Саид-Али тектес есімдерінің орыс тілінде жазылуы мен орысша айтылуында қаншалықты қиындық туғызатыны айтылады. Ақмола облысы АХАТ бөлімінің меңгерушісі өзінің хатында Ғабдол, Ғабдолла есімдерінен әке аттары мен фамилияларының жасалу заңдылығын анықтауды өтінеді. Мысалы: Алматы қаласы Алатау ауданының тұрғыны Төлегенов Мантай өз фамилиясы төлқұжатта орысша «Тюлегенов» болып қате жазылып жүргені жайлы жазады. Оның қазақша «Төлегенов» болып жазылатыны жайлы анықтама берілді. Сол ауданның тұрғындары Ұлбосын Құсалиева, Сағжан Каримбаев, Фаридә Исаева да есімдері мен фамилияларының орысша Убосин, Карбаев, Парида түрінде қате жазылып жүргені жайлы айтып, орысша дұрыс жазылуы жайлы анықтама сұрады, сол сияқты Зуйкова Татьяна Валентиновна хатында 1966 жылы туған ұлына Әлихан деп ат қойғанын, бірақ баланың туу туралы куәлігінде Али боп жазылып кеткенін айта келіп, төлқұжат алумен байланысты толық есімі Алихан боп жазылуы жайлы аудандық АХАТ бөліміне тапсыру үшін сұраған анықтамасы берілді.

Сөйтіп, дүниеге жаңа келген жас нәресте ата-аналары арқылы есім, әке атын және фамилия алып, қоғамның заңды мүшесі құқығына ие болады. Бұл деректің әлеуметтік және саяси зор мәні бар.

Қазіргі таңда жас нәрестелерге ат қоюда ата-анаға қиын болмас үшін қазақ есімдеріне байланысты кітаптар шығуда. Бұл кітаптардың тигізер пайдасы мол. Себебі ата-ана өзінің баласына жарқын да, сапалы, мәнді өмір сүрумен қатар, оған әдемі, жарқын есім сыйлайды.

Аталмыш жұмысты қысқаша қорытындылайтын болсақ, еңбекте қазақ кісі есімдерінің білдіретін мағыналары мен жасалу жолдарын тілдік жағынан қысқаша болсын талдап көрсеттік. Мәселен, көптеген есімнің дыбысталуы құлаққа жағымды, «әдемі» естілгенімен, олардың бірқатарының қай тілден алынғанын, қандай мағынаны білдіретіні кез келген адамды қызықтыратыны рас. Сондықтан да кісі есімдерінің шығу тәркінің, білдіретін мағынасын іздестіруді басты мақсат еттік. Алда осы тақырып бойынша зерттеу жұмысын ары қарай жалғастырсам деген ойдамыз.

#### ***Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:***

1. *Рустемов Л.З. Қазіргі қазақ тіліндегі араб-парсы кірме сөздері. – Алматы: Мектеп, 1982. – 159 б.*
2. *Жанұзақов Т., Есбаева К. Қазақ есімдері. – Алматы: Ғылым, 1978.*
3. *Жанұзақов Т. Қазақ есімдерінің тарихы. (Лингвистикалық және тарихи этнографиялық талдау). – Алматы: Ғылым, 1971. – 218 б.*
4. *Оңдасынов Н.Д. Араб текті қазақ есімдері. – Алматы: Рауан, 1992. – 179б.*
5. *Талжанов С. Араб тілінің әсері // Қазақстан мұғалімі. 26 маусым, № 26, 1969.*
6. *Рустемов Л.З. Қазіргі қазақ тіліндегі араб-парсы сөздері. – Алматы: Ғылым, 1982. – 159 б.*
7. *Есенәлиева Ж. Абай шығармаларындағы араб-парсы сөздерінің қолданылу ерекшелігі. – Алматы, 1993. – 139 б.*



**Құдайберген Т.И.**  
**СЛОВООБРАЗОВАНИЕ ИМЕН ЛЮДЕЙ**

*Аннотация.* В статье рассматривается словообразовательная структура имен существительных. На конкретных примерах было показано, что большинство имен людей определяют картину культурно-исторической жизни. При этом установлено, что имена лиц классифицируются на лексико-семантические группы.

ӘОК 82

Мағрұпжан Б.Ш.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының студенті  
Ғылыми жетекші: профессор Сембиев Қ.З., «Bolashaq» академиясы, Қарағанды қ.  
[bekashaka286@gmail.com](mailto:bekashaka286@gmail.com).

**ШЫҒАРМА АРҚАУЫ-ӨНЕРПАЗДАР ӨМІРІ (З.АҚЫШЕВТЫҢ «ЖАЯУ МҰСА»  
РОМАНЫНДАҒЫ ОБРАЗДАРДЫҢ РУХАНИ ЖЕТІЛУ ЭВОЛЮЦИЯСЫ**

*Аңдатпа.* Мақалада қазақтың өнер адамдары жайлы тарихи проза туындылары талданған. Иманжүсіп, Жаяу Мұса сияқты әнші, ақын, композиторлар бейнесін сомдаудағы жазушы шеберлігі қарастырылған.

М.Әуезовтің «Абай жолы» тарихи роман-дәуірнамасының танымал болуы, біріншіден, қазақты қазаққа танытуы, екіншіден қазақты әлем елдеріне танытуы, үшіншіден, ең кәсіби, заманауи роман талаптарына толықтай жауап беріп, оқырманға ғаламат рухани эстетикалық ләззат сыйлауы ғана емес, сонымен қатар, өзінен кейінгі әдеби үрдіске, әсіресе, роман жанрының өркендеп, дамуына айрықша әсер-ықпал етуінде деп білгеніміз абзал. «Абай жолы» өзге қаламгерлер үшін шеберлік мектебі болды, роман-дәуірнама қазақтың романшыларына:

- 1) нақты шындық пен көркемдік шындықтың ара қатынасына өз мәнінде назар аударуды;
- 2) образдарды даралап, характерді сомдауда алуан түрлі көркемдік тәсілдерді шеберлікпен пайдалана білуді;
- 3) қаһарманның ішкі жан дүниесіне ерекше ыждаһатпен үңілуді үйретті.

Осының нәтижесінде «Абай жолынан» кейінгі романдарда көркемдік тәсілдерге яғни рухани-эстетикалық өсудің эволюциялық жағына ден қою, психологиялық тараптағы терең иірімдерге жуық болу сияқты элементтер пайда болды. «Абай жолы» – ақын, композитор, аудармашы, дана, философ, зияткерлік өре-деңгейі аса жоғары Абай туралы романдесек, оның тікелей әсер-ықпалымен дүниеге келген романдарға С. Жүнісовтің «Ақан сері» роман-диалогиясы, Ә. Әбішевтің «Найзағай», З. Ақышевтың «Жаяу Мұса», «Иманжүсіп» романдары т.б. шығармалар жатады. Қосымша ретінде айтсақ, Ә. Әлімжановтың «Махамбеттің жебесі», Д. Әбішевтің «Ақын арманы», С. Сматаевтың Біржан сал жайлы «Дүние өтерінде шыр айналды» сияқты т.б. туындыларды айтуға болады. Осылардың ішінде С. Жүнісов, Ә. Әбішев, Д. Әбішев т.б. авторлардың жоғарыда көрсетілген шығармалары туралы біршама айтылды, жазылды. Ал, З.Ақышевтың қос романы жайлы жазылған дүниелер аздау. Себебі, сірә, ұзақ жыл педагог қызметін атқарып, зейнеткерлікке шыққан соң көкейіне түйгендерін ортаға сап, романдар жазған авторды мықты қаламгерлер қатарына жатқызбай, бәлендей назар аудармаудан болса керек. Рас, кәсіби жазушы боп, жасынан шығармашылықпен айналыспаған автордың романдарында көп реттерде көркемдік тәсілдердің аз да болса кемшіндеу түсіп жататынын айтпасақ болмайды, алайда Н. Добролюбовтың: «... исторический роман рождается тогда, когда народное сознание обращается к воспоминанию своей прошедшей жизни» деген қағидасына сүйенсек, З.Ақышевтың романдарының өз уақыты аясында аса бір ділгір, көкейкесті де өзекті мәселеге арналғанын баса айтуымыз қажет қой.

Асылы, Біржан да, Ақан да, Мәди де, Иманжүсіп пен Жаяу Мұса да қазақтың ұлттық руханиятында ерекше орны бар тұлғалар. Олар әншілік, композиторлық, ақындық өнерді шебер меңгеріп, ұштастырған бесаспап өнер иелері. Олардың шығармалары тек әдебиет тарихынан ғана емес, өнер, мәдениет тарихынан да сүбелі орын алады. Олардың шығармалары ауызша, ақындық дәстүр мен жазба әдебиеттің арасындағы алтын көпір екеніне ерекше ден қоюымыз керек. Және бір мәселе мынада. Бұлардың ешқайсы да сарай ақыны боп, мықтылар мен бай-

бағыландарды, халқына жаны ашымас безбүйректерді мадақтап жырға қосқан жоқ. Өз өңіріндегі жуандарды сынаса, сол арқылы отарлаушы жүйені сынағаны деп білуіміз керек.

Ендеше, бұндай ұлылар мен ірілерді отарлаушылар неге жақсы көрсін? Оларды патша заманында қудаланып, кеңес заманында аттары аталып, шығармалары кең көлемде айтылмады. Тұтас бір-екі буын бұлардың әншілік дарынына тәнті болса да, өздеріне қатысты нақты шынайы мәліметтерді біле қоймады. Міне, осы тұста тарихи, қоғамдық қажеттіліктерден туындап, жоғарыдағы романдар дүниеге келді. Осы жайттар З.Ақышев романдарын сөз еткенде басты назарда болуы шарт.

Автордың «Жаяу Мұса» шығармасы «аттыдан жаяу жүріп, кегін алған», ұзақ өмір сүрген, өнері шартарапқа мәлім болса да, жоқшылықтан көз ашпаған, алайда ешкімнің алдына барып, ештеңе сұрамаған, өр мінезді, әділетсіздікке төзбеген қайсар жан Мұса өміріне арналған. Оны соңына түсіп, жер аудартқан да, Мұса атын тізімнен өшіртіп, Жаяу атандырған да-Мұстапа. Мұстапа – сол тұста аға сұлтан болған, орыс оқу орнын бітірген, патша ұлықтарына жағып, «почетный гражданин России» деген атақ алған, екінші жағынан алғанда, өнерпаздар жандарға, өнерге, би-шешен, ақын, айтыскерлерге үлкен құрметпен қараған Мұса Шормановтың туған інісі. Тарихи деректерге сүйенсек, өресі төмен, тек алуды ғана білген, қарамағындағы елдің өзіне ұнамағандарының қаққанда-қанын, соққанда-сөлін алған адуын адам. Болыс болған. Ағасының бірде тілін алса, бірде алмаған. Аға сұлтан, полковник ағасының тежеп ұстағаны болмаса, Жаяу Мұсадай талай адамның обалына қалатын жан. Міне, әділетсіздікке төзбей, тілін тартпағаны үшін ол орасан зор зардап шекті. Айдауда болды. Қиянат көрді. Туыстары иеленіп отырған жерінен айырылып, қыс ішінде жаяу-жалпы босқынға ұшырады. Бәрін яғни қиянатты ұйымдастырушы – Мұстапа болыс. Оған ұнамайтыны – Жаяудың тым өр мінезі. Бұған да, өзгеге де жағымпазданбайтыны.

Романда көптеген кейіпкерлер бар. Шоқан, әкесі Шыңғыс, Құсайын, Шөкең, Тәттімбет, генерал Черняев, Сапар, Кәрім саудагер Жақып, Халима т.б. Бұлардың барлығы бір эпизодтарда көбірек көрінсе, бірінде түсіп қалады. Автор Жаяу Мұсаны, әнші Жарылғапбердіні, Шоқанды, Шөкең атанған әділ болысты, Сапарды, Айтжанды, Жаяудың достарын, адвокат Рубановты, Арапты рухани, адамгершілік жетілу эволюциясы тұрғысынан шебер суреттеген. Енді мына жайтқа назар аударайық. Бір ғана тартыс яғни асқынған шиеленіс кезінде қоғамдық, тарихи, әлеуметтік және саяси жағдайлар орын алды сол өңірде, ол жағдайлар біздің заманымызға жетті. Алайда дәл сол кезеңде жеңіске жетіп, мерейі үстем болғандықтан, дегендері жүзеге асса да, ешқандай сол оқиғаға қатысқан, тілектес болған ешкімнің есімі тарихта оң бағамен қалған жоқ. Тек Жаяу Мұсаның ғана есімі қалды. Өлмес әні, «Ақсиса» қалды. Міне, романның рухани, адамгершілік сипаттарды өз кейіпкерлерінің бойына сіңіру жолындағы ұтымды еңбегі осында деп білуіміз керек. «Жаяу Мұса» романының тағылымдық сипаты да осы идеядан көрінеді. Академик С.Қарабаев, профессор М.Хамзин т.б. авторлар роман жайлы азды-көпті пікірлерін білдірген. Біз тек соның яғни романның бір қырына ғана тоқталуды мақсат тұттық.

***Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:***

- 1. Добролюбов Н. Полн. соб. Сочин. Т.І.М., 1934, С.528*
- 2. Ақышев З. Жаяу Мұса А., 2011.*
- 3. Қирабаев С. Шындық пен шығарма. А., 1981*
- 4. Хамзин М. Қазақ прозасындағы сал-серілер бейнесі. А., 2016.*

**Мағрұпжан Б.Ш.**

**В ОСНОВЕ ПРОИЗВЕДЕНИЯ-ХУДОЖЕСТВЕННАЯ ЖИЗНЬ ЭВОЛЮЦИЯ ДУХОВНОЙ ЗРЕЛОСТИ ОБРАЗОВ В РОМАНЕ З. АКИШЕВА «ЖАЯУ МУСЫ»**

*Аннотация. В статье проанализирована казахская историческая проза о людях искусства. Рассмотрены вопросы писательского мастерства в создании образов Иманжусипа. Жаяу Мусы как выдающихся композиторов, акынов и певцев.*

Махтбекова Н.А.  
«Қазақ тілі мен әдебиет» білім беру бағдарламасының студенті  
Ғылыми жетекші: Исмаилова Р.Н.  
«Bolashaq» академиясы, Қарағанды, Қазақстан Республикасы  
[raihan-a@mail.ru](mailto:raihan-a@mail.ru)

### **ЖОББМ-ТЕ АҚЫН-ЖЫРАУЛАР ПОЭЗИЯСЫН ОҚЫТУ**

*Аңдатпа. Мақалада жыраулық поэзияның өзектілігі сөз етілген. Жыраулар поэзиясын оқыту арқылы ұлы адамдардың өмірін өнеге ете отырып, оқушы бойындағы адамгершілік, ақылдылық, тапқырлық, татулық қасиеттерін қалыптастыру жолдары көрсетілген.*

Жыраулар – сөз өнерінің ілкі авторлары, ақындыққа жол ашқан асыл сөз шеберлері, халықтың шешендікпен ұштасқан ойлы- сырлы толғау, арнау, термелер мен эпостық жырлардың бастау бұлақтары.

Қазақ халқының ғасырлар бойы жасаған рухани мәдениетінің маңызды бір саласы ақын-жыраулардың жарыққа шығарған философиялық өнегеге толы өлең-жырлары болып саналады. Бұлар қазақ мәдениеті мен әдебиетінің аса маңызды мұралары.

XV ғасырда қалыптасқан саяси-тарихи жағдайлар қазақ халқының ұлттық мемлекет болып құрылуына ықпал етті. XV ғасырдың басында моңғол шапқыншылығынан кейін Керей мен Жәнібек сұлтандар 1465-1466 жылдары қол астындағы қазақ ру-тайпалармен Әбілқайыр хандығынан бөлініп шығып, Шығыс Дешті Қыпшақтан Түркістан алқаптарына және Қаратау бөктерінен Жетісудың басты бөлігі-Шу мен Талас өзендерінің аумағына көшіп барды. Осы кезеңнен бастап қазақ ру-тайпалары жеке ұлт болып қалыптасып, қазақ хандығын құрды[1,24].

Осы кезеңнен бастап, қазақ халқының төл әдебиеті мен тілі қалыптаса бастады. XV-XVIII ғасырларда қазақ аңыз әдебиетінің асыл мұраларын дүниеге әкелген халық арасынан шыққан ақындар мен жыраулар болды. Ақындар мен жыраулар теңдесіз суырып-салмалық өлең шығарудың асқан шеберлері болды. Осы кезеңде қазақ халқының төл әдеби мұрасы қалыптасып, әдебиет ел мүддесін, жұрт мақсатын алдыңғы орынға қойды. Әсіресе, жыраулар поэзиясы өзіндік түр тауып, ұлттық сипатта қалыптасты. Қазақ елінің ұлттық болмысын, ерекшелігін көрсететін, тарихын, салт-санасын, дәстүрлі таңбалайтын ұлы туындылар дүниеге келді. Ақын-жыраулар қазақ хандығының қалыптасуына, дамып нығаюына үлкен үлес қосты. Олар ел басқарған хандардың ақылшысы болды, ел билеу ісіне араласып, маңызды шаралардың ұйытқысы да болды, хан мен сұлтандардың ел үшін атқарған игі істерін дәріптеумен қатар, теріс әрекеттерін де тілдеріне тиек етті[2,15].

Жыраулық өнер дала «абызы» өз заманының терең оймен-Асан Қайғыдан басталып, Қазтуған, Шалкиіз, Доспамбет, Үмбетей, Ақтамберді, Тәжіқара, Бұқар Жыраулармен жалғасады. Олар шығарған әдебиет үлгілері – заман, қоғам, өмір туралы ойлы, сирек толғаулар, ақыл-өсиет түріндегі шешендік сөздер, дидактикалық терминдер, сондай-ақ елді жеңіске бастаған батырлардың ерекше дәріптеген дастандар.

Ақын-жыраулар поэзиясының өзекті тақырыбы-туған елі, оған деген сүйіспеншілігі, елдің бірлігі, бүтіндігі, тұтастығы. Олар өз заманындағы нағыз халық жанашырлары болды. Жыр шығарып, толғау айтқан өнер иелері болып қана қоймай, жаугершілік заман болып, ел басына күн туған кезеңдерде атқа қонып, жауға аттанған батыр, қолбасшы болды.

Ақын-жыраулар өз толғауларында өмір, достық, адамгершілік, тіршілік тойынан да сыр шерткен. Олардың толғауларында әлеуметтік өмірдің әр алуан көріністері мен заман жағдайын сипаттайтындай ой-болжамдарға, философиялық тұжырымдарға мән беріледі.

Олар заман, заманның кері кетпеуі мен дамуы неден деген сұраққа үнемі жауап іздеген. Өйткені халықтың ой-арманы, тілек-мүддесі осы сұрақтан бастау алады. Ақын-жыраулар поэзияда қоғамның қыры мен сыры, оның құпиясы адамдардың іс-әрекетімен байланыста жырланады. Адам қоғамнан тыс өмір сүре алмайды, сондықтан заман сырын түсіну мен құпиясын ашу әр дәуірде орын алғандығын көруге болады.

Ақын-жыраулар поэзиясын ЖОББМ-те оқытқанда жырау мен ақынның ұқсастығы мен ерекшеліктерін, толғаудың жанрлық ерекшелігін, олардың тақырыбы мен идеясын, композициясын, тілін, көркемдігін ескеру керек. Оқушының ақыл-ойын қозғап, ұмытылмастай етіп ақын-жырау тұлғасын түсіндіру үшін олардың кім екенін оқушының өзі ойланып, қорытынды жасауына мүмкіндік беру керек. Мысалы, толғау жанрының ерекшелігін,

жыраудың толғауды үлкен бір толғаныстан соң, әлдебір іс-әрекетті қорытындылауға, белгілі бір, мінез-құлыққа баға беруге, әлдебір даулы мәселенің шешімін айтарда философиялық салыстырулар арқылы суырыпсалмалық өнерін пайдаланып түйдектелген ерекше көркем туындысы дүниеге танысу үшін бірнеше шағын толғауды оқытып, талдау жасалу керек.

Жақсының жақсылығы сол болар-жаманменен бас қосып, сөйлемекке ар етер;

Жаманның жамандығы сол болар-сөйлесе дәйім бетін қара етер;

Бір жақсыға басын қосып сөз айтсаң,

Сол жақсы жамандығын, жақсылыққа жыр етер;

Бір жаманға басын қосып сөз айтсаң

Сол жаман сырын сақтамай,

Әрдайым дұшпаныңа әр ісінді қор етер.

Оқушыларға бұл толғауды айтқанда жырау қандай күйді басынан кешуі мүмкін?-деген сұрақ қою керек. Оқушылардың болжамы төмендегідей болуы мүмкін.

- Орынды сөз сөйлей алмайтын, мәнсіз мағынасыз сөз сөйлеп, өзін де, өзгені де ұятқа қалдыратын жанға күйініп отырған сияқты;

- Өсекшіге күйініп шығарған болуы мүмкін;

- Өзіне лайық жолдас таппай, бос күлкі, бос сөз қуған жігіттерге ілескен баласына күйінген;

- Өзі туралы ғайбат сөз айтқан жолдасына ренжіген ел басшысына тоқтау айтқан;

- Жақсы адам мен жаман адамның айырмашылығы неде екенін айтып беруін сұраған көпшілікке берген жауабы.

Мұғалім осы болжамдарды бір ортаға тоғыстырып, бұл толғаудың философиялық толғау екенін ұйқасқа құралған шығарма екеніне тоқталуы керек.

Толғауды оқудан өткізіп, мазмұнын меңгергеннен кейін толғауды шығарған жырау кім екендігіне қорытынды пікір жинасуға тиіс. Осыдан талдаудан кейін толғауға мынадай мінездеме беріледі:

- Жырау –шешімін таба алмаған сұрақтың жауабын таба алатын ақылды адам;

- Ел ішіндегі даулы мәселеге төрелік айтатын би болған, қоғамда белгілі дәрежеде мемлекет ісіне араласатын қайраткер болған;

- Сөздерін тоқпақтап, ұйымдастырып сөйлейтін шешен болған;

- Өз жағдайын емес, үнемі ел мәселесін сөз ететін ел басқарушыларының қасындағы ақылшысы болған,

-Тиек қою дұрысын, әділеттілікті айтатын турашыл адам болған.

Жыраулар толғаулары –ауызекі тарихи өнер түрі, оларды оқытудың қиындығы бұл жанрдың өз ішіне көптеген өнер түрі, оларды оқытудың қиындығы бұл жанрдың өз ішіне көптеген өнер түрін сіңіріп жіберген күрделі табиғатында. Философиялық тереңдігі мен араға ғасырлар салынған таным, тіл, тұрмыстық өзгешеліктер сақталған шағын өлеңді оқушының түсінуі оңай емес. Көбіне жыраулар туралы, оның өмірбаяны, шығармалардың жариялануы аттары, көтерген тақырыптары туралы жазылған дайын талдауларды мұғалім өзі ауызша айтып береді, оқушы соны қайталайды. Ешбір эмоциясыз, сұрқай мәлімет оқушының қызығушылығын туғызбайды. Оқушыларға оқулықтағы дайын мәліметті қайталапқыза бергеннен де еш нәтижеге жете алмаймыз. Оқушының ақыл-ойына қозғау салу үшін бола жадында еш ұмытылмайтындай ел аузында жүрген аңыз, әңгімелерден сабақты бастау керек. Мысалы: Асан қайғы туралы Астрахань қаласын салғызған Жәнібек ханның тойына бармағандығы туралы аңызды айтып, немесе өздеріне оқытып, Асан бейнесіне азғана талдау жасау қажет. Асан жырау туралы «Көшпенділер» романынан үзінділерді оқыту керек. Асан қайғы аңыз кейіпкері ме, тарихи тұлға ма? Шағын пікірсайыс жасау керек. Осыдан кейін барып оның толғаулары оқытылса, оқушылардың Асан айтқан сөзге қызығушылығы оянады.

Доспамбет жырауды өткенде, оның қамшысын әкелуге барғанда, жасырынған жаудың мергенінің оғына кез болып, сол жарадан қаза болғанын айтып, сол ауыр жарадан өлгелі жатқанда айтқан толғауы қазір Бекболсын Тілеухановтың орындауында көпшілікке танымал болғанын айтып, сол толғауды тыңдату қажет. Сонда Доспамбет жырау туралы өмірбаяндық мәліметті толғаудың мазмұнын түсіну арқылы оқушылардың өздері таниды, өздері білім алады. Басқа да толғауларын оқуға қызығады.

Осы сияқты түрлі тапсырмалар беру оқушы ойына қозғау салады, толғауда айтылған ойды түсінуге ұмтылдырады. Толғауларды мәнерлеп оқу кезінде, міндетті түрде күйдің орнында оқу керек. Ол оқушылардың эмоционалды қабылдауына үлкен көмегі тиеді.

Ақын-жыраулардың шығармаларын оқыту кезінде олардың тіліне түсінік жүргізу керек. Ол үшін оқушылардың өздеріне зерттей оқыту әдісін пайдаланып тапсырмалар берген дұрыс. Нәтижесінде оқушылар төмендегідей бірнеше тапсырмаларды қатар орындайды:

- мәтінді сын тұрғысынан пайымдап оқиды;
- әрбір сөзді түсінген-түсінбегеніне өзіне баға беріп оқиды;
- толғау мәтініндегі сөздердің мағынасын тануға ұмытылады;
- түсінбеген сөздерді сөздіктен қарап, ізденіп оқиды;
- тіл байлығын дамытады.

Осындай жұмыстар арқылы оқушылар көптеген көнерген сөздердің мағынасын білетін болады, жер,су атауларын таниды, тарихи тұлғалар жайлы көп мәлімет алады. Сонымен қатар, әр ақын-жырауға цитаталық мінездеме жаздыру, түрлі шығарма түрлерін (толғау, сыр толғау, эссе т.б) жаздыру тиімді.

Қорыта айтқанда, түрлі тиімді әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, жыраулар поэзиясын дұрыс пайдалану арқылы оқушыда ұлттық сәнге қалыптастыру, өз елінің тарихын, әдебиетін терең білуге қызықтыру-басты мақсат. Қазіргі компьютер мен ұялы телефонға үніліп, ұлттық құндылықтарымыз ұмытыла басталған кезеңде ақын-жыраулар поэзиясын зерттей оқыту арқылы ұлтымыздың өзгеше болмысын, қасиетін танытуға, сол арқылы ұлтының бойындағы әр рухты танытып, ұлтын сүйетін азамат тәрбиелеуге мүмкіндігі мол.

#### ***Пайдаланған әдебиеттер тізімі:***

1. Қазақ әдебиетінің тарихы III том Алматы «Ғылым» 2000ж.
2. Мағауин М. Ғасырлар бедері. Алматы, 1991ж.
3. Тілепов.Ж. Елім деп еңіреген ерлер жыры.Алматы «Білім» 1995ж.
4. Сүйінішәлиев Х. «VIII- XVIII ғасырлардағы қазақ әдебиеті»,Алматы «Мектеп» 1989.
5. Қалиев С., К.Аюбай. «Қазақтың тәлімдік ойлар антологиясы» -Алматы, 2007.
6. Құрманбаева Г.С., Дүйсебаев С. Әдебиет сабақтарының үлгілері. А., 1994.
7. Бітібаева Қ. Әдебиет сабағының түрлері мен үлгілері. А., 1994.

**Махтбекова Н.А.**

#### **ПРЕПОДАВАНИЕ ПОЭЗИИ АКЫН-ЖЫРАУ В СОШ**

**Аннотация.** В статье освещается актуальность поэтической поэзии. Показаны пути формирования у учащихся нравственных, умственных, миролюбивых качеств, прививая жизнь великих людей через обучение поэзии жырау.

ӨӘК 82

Рахимбекова Р.Н.

«Қазақ тілі мен әдебиет» білім беру бағдарламасының студенті

Ғылыми жетекші: профессор Хамзин М.Х.

«Bolashaq» академиясы, Қарағанды қаласы, Қазақстан Республикасы

[rrahimbekova24@gmail.com](mailto:rrahimbekova24@gmail.com)

#### **М.МАҒАУИН РОМАНДАРЫ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ СИПАТ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

**Аңдатпа.** Мақалада көрнекті жазушы М.Мағауин шығармаларындағы ұлттық ерекшеліктер жан-жақты қарастырылған. Еңбек авторы жазушы шығармаларындағы типологиялық байланысты ұтымды көрсете алған.

Егер ұлттық руханиятымыздың арғы-тегі тарихына үңілсек,бір жайтты пайым етегінен өткізеріміз анық: ол-ұлттын сүйген, сол ұлты үшін көрген азабы мен қиянатын елемей, еш қайыспай көтере білген қаламгер ғана ел-жұртының ыстық ықыласына бөленетіндігі. Егер осынау қарапайым қағидаға сүйенсек, «Аласапыран» «Көк Мұнар», «Көкбалақ», «Сары қазақ», «Шақан шері» романдарын жазған (біз бұл жерде жазушының әңгіме, повестерін, басқа да танымдық дүниелерін атап отырған жоқпыз), бертіндегі уақыт аясында «Жармақ» атты романды шығарған М.Мағауинды сондай санатқа жатқызар едік. Қазақта жазушы көп, алайда шын талант көп емес. Өзінің «Мен» атты мемуарлық романында егжей-тегжейлі жазғандарына қарап отырсаң, адам-қоғам атты қос тағанға үңілетінің анық. Мемуарлық шығармада, әрине,

субъективтік пікірлердің болатыны анық. Алайда субъективизм басым ба деп нақты шындыққа үңілсек, тарихи, қоғамдық жайттардың сол уақыт аясында орын алғанын, автордың ауа жайылып, қиял жетегінде кетпегеніне көзіміз жетеді, екіншіден, мемуарлық романда ұлт мүддесіне қиянат көрсеткендер сонау тоқсаныншы жылдарда жарияланған осы романда ақын, неге авторға өтірік жазыпсың деген?

Бұның бәрін айтып жатқанымыз М.Мағауиннің ұлтшылдық қасиетін айту, сол қасиеттің арқасында қазақ әдебиетінің тарихын XV ғасырдан бастау керектігін дәлелдеген диссертация қорғауын еске алу, тұжырымдай айтсақ, оның бүкіл шығармаларына арқау болған ұлттық болмыс сипаттарын саралау еді.

Сөз жоқ, қаламгерге даңқ әкелген, Мемлекеттік сыйлыққа ие еткен Халық жазушысы деген атақты алғызған шоқтығы биік шығарма. «Аласапыран» романы. Ал,біз роман жайлы біршама зерттеу еңбектері жарық көргендіктен, бәлендей еңбектерге арқау бола қоймаған романдарын сөз етпекпіз.

«Көк мұнар» - әлеуметтік роман. Ұлт тарихын, руханиятын зерттеу, сол салада еңбек еткен ғалымдар еңбегін көрсетуге арналған. Бас кейіпкер-аспирант жігіт Едіге. Ғылыми жетекшісі - егде профессор. Өте мықты ғұлама. Абырой, беделі ерекше. Әрине, ол кісінің аспиранты тек Едіге ғана емес. Көп шәкірттері бар. Әйгілі ғалымды пайдаланып қалғысы келеді, өтірік күледі, жағымпазданады. Сөйтіп, ғылыми атақ, дәрежеге жеткісі келеді. Ал, жетісімен, қарт профессорды ұмытатыны анық. Едіге олардың санатына жатпайды. Ол –тарихи роман жазуды ойластырып жүрген жігіт. Романның көркемдік шешімі назар аудартады. Неге қазақ дос-түрінде жоқ әдетпен Едіге еш кінәсі жоқ Гүлшаттан кегін алды? Неге сонау КСРО-ға жататын, мәңгі-бақи қар құрсауында болатын қиыр Сыр өлкесіне кетіп қалды? Бас қаһарманның онан кейінгі еміс-еміс тағдыры жайлы роман эпилогында сараң ғана ақпарат берілген. Демек бұл жерде Едігені сөгу, кінәлап,құстаналау ғана емес,ең бастысы:осы жайтқа кім кінәлі, енді не істеу керек деген сауалдарға жауап іздеген жөн. Дұрыс жауап тапсақ, Мағауиннің қаламгерлік әлеміне енгеніміз, ұлтжандық сипаттарына үңілгеніміз болып шығады. Ал, таратып, саралауға тырысайық.

Едіге неге түңілді? Оған не болды? Қажет десеңіз, атақты ғалымның ең сүйікті шәкіртіне өзі жатушы еді ғой, енді табан астында не боп қалды? Айдаладағы Сібірге кету, періштедей пәк Гүлшаттың сұлу тәніне ғана емес, мөп-мөлдір жан әлеміне ынтық бола тұра, онан қол үзіп, кетіп отыру бір сәтте ғана қабылданған шешім бе? Мына қаһарманның өзі жеңіл мінезді, ойсыз, ұшып қонған біреу болғаны ма? Жоқ олай емес сияқты. Едігені қамықтырып, түңілдірген жайт:

- қазақтың асыл мұрасының, бай тарихының әлдебір алаяқтарға ғылыми атақ дәреже үшін ғана керек болғандығы екен;

- профессордың тым көңілшектігі екен,әліпті таяқ деп білмейтін талай миғұлаға ренжісе де, қатаң шараға бара алмайтындығы екен. Сірә, жылмыс алаяқ, небір аяр, мүддесін ұлт мүддесінен жоғары қоятындардың жымысқы әрекеттеріне қарсы тұра алмағандықтан болса керек.

- жылмың, суайт небір айлакерлерге ғұлама профессор емес тіпті жап-жас аспирант Едіге де қарсы тұра алмайды екен.

Міне, сізге сол тұстағы кеңестік қоғамның сиқы, міне, тоталитарлық тәртіп майдай жағып, өтірік, жалған болса да ғылыми дәрежеге жетуді көздеп,ол үшін неден болса да тайынбайтын «ұлт зиялыларының» шынайы бет-бейнесі осындай екен!

Асылы, біреуді ренжіту, ұру, соғу қолыңнан келсе,төмен ұстау, тіпті құл ретінде ұстауға болатын шығар, алайда оның тәнін құлдықта ұстап, қорлық жасасаң да, санасын, ойын, рухын құлдықта ұстай алмайтының анық. Едігені қамықтырып, болашақ тарихи романын да аяқтатпай, аспирантураны аяқтамай жатып-ақ кандидаттық диссертациясын тәмамдауға жуықтаған азаматты түңілдірген сол тұстағы сұрқия қоғам екен. Адамдар бойындағы бойкүйезділік екен,енжарлық пен салғырттық екен,ештеңеге селт етпейтін мінез екен.Шіркін-ай, шыңғырған шындықты ол қаншама жерден ащы болса да, тайсалмай бетке айтатын азаматтар қайда кеткен? Неге ұлтыңның ғасырлар бойы жасаған мұрасы, баға жетпес асылы жеке бастың қанжығасына байланып кетпек? Сол алаяқтардың шын ғалымға қарағанда, шынайы оқымыстыларға қарағанда жолдары неге болды аз?

Қаһарманның ішкі дүниесі, азаматтық сыңары.кісілік келбеті, жалпы роман жанға жайлы А. Байтұрсынов, Ә. Бөкейхановтан бастап, Р. Нұрғали, Ш. Өлеукенов, З. Ахметов, М. Атымов, С. Ашимханова, М. Хамзин, Қ. Алпысбаев, т.б. авторлары біршама зерттеулер жазды, монографиялар әзірлеп, кандидаттық, докторлық, диссертациялар қорғады. Шығатын қорытынды біреу: дәуір шындығын, қоғам келбетін, уақыт талабын тек қана үлкен ауқымда

роман ғана кескіндей алады екен. Ал, сюжет тартымдылығы, көркемдік, шеберлік қырлары автор дүниетанымынан алшақ тұрмайды екен. Дүниетанымы ұлтшылдық сипатта қалыптасқан қаламгер ғана тоталитарлық тәртіп тұсында көкейіне келген ойды тұспал, емеурін, ишаратпен білдірсе, тәуелсіздік таңы атысымен қаламгер шыңғырған шындықты тайсалмай айта бастады.

Егер М. Мағауинді қазіргі кезеңдегі ірі қаламгерлердің бірі десек, оның ұлттық болмыс сипаттарын мөлдірете көрсеткен шығармасы – “Сары қазақ” романы. Ақиқатын айтайық, тәуелсіздік қарсаңында жазылған роман т.б. жанрдағы шығармалар ішінде қазақты бұғауда ұстап, ой-сана, ақынын тұншықтыруға тырысқан қаныпезер кеңестік жүйені лағнет, қарғысты ашық айтқан роман осы болатын. Шын мәніндегі ұлтшыл жан ғана осындай жанкештілікке бара алады. Романның бас кейіпкерінің өзі тарихи тамыры Қазақстаннан бастау алған азамат. Ресейінде қуғын-сүргін көрген. Қашқан Тұтқыннан құтылған. Қазақтың даласына кеп, шын жанашырларды тапқан алапат зобалаңнан құтылу үшін Бетпақдалаға кеткен. Бәрібір қан уыстаған жүйеден құтыла алмапты. Ұсталды. Атылды. Алайда көкейіндегісін айтып кетті. Қанды қасапты жасаған, қанға тоймаған тоталитарлық тәртіпке лағнет айтып, өмірден армансыз өтті.

Міне, М. Мағауин романдарындағы ұлттық болмыс сипаттарын саралағанда айтпақ ойымыздың бір парасы осындай еді.

#### ***Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:***

1. Нұрғали Р. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. Астана, 2004
2. Елеукенов Ш. Замандас парасаты. Алматы, 1969
3. Ахметов З. Роман-эпопея М.Ауэзова. Алматы, 1997
4. Атымұмов М. Қазақ романдарының поэтикасы. Алматы, 1975
5. Ашимханова С. Мир Габита Мусрепова. Алматы, 1999
6. Хамзин М. Қазіргі қазақ романы. Қарағанды, 2001
7. Алпысбаев Қ. Тарихи шығарма: таным және көркемдік. Алматы, 1999

#### **Рахимбекова Р.Н.**

#### **РОМАНЫ М.МАГАУИНА И ОСОБЕННОСТИ НАЦИОНАЛЬНОГО ХАРАКТЕРА**

**Аннотация.** В статье всесторонне рассматриваются национальные особенности в произведениях известного писателя М.Магауина. Автор статьи успешно раскрыла основную суть типологической связи произведения писателя.

ӨӘК 82

Серік Б.А.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының студенті  
Ғылыми жетекші: Исмаилова Р.Н., «Bolashaq» академиясы, Қарағанды қ.  
[serik.bayan.98@mail.ru](mailto:serik.bayan.98@mail.ru)

#### **МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ЖҮЙЕСІ**

**Аңдатпа.** Еңбекте Мұқағали шығармаларындағы ұлттық айшықтар кең ауқымда, алдыңғы толқындармен ұштастырыла, кейінгі буындармен сабақтастырыла, ұлттық идея мен идеология негізінде, өмірмен өзектестіріле қарастырылады.

Мұқағали Мақатаев – ешқашан ортаймайтын, ешқашан сөнбейтін мол қазына қалдырған ақын. Ақынның «Саржайлау», «Сөнбейді, әже, шырағын», «Кел, еркем, Алатауыңа» өлеңдеріне сазгер Н.Тілендиев ән шығарған. Ақын тұрмыс тауқыметін тарта жүріп, эпербақан сынға ұшырағанда да “Ақынның ақындығы атақта емес, арда ғана” деген байламды берік ұстап, шен-шекпенге де, лауазым-атаққа да қызықпаған. Ақынның қаламынан “Қарлығашым, келдің бе?”, “Дариға жүрек”, “Аққулар ұйықтағанда”, “Шуағым менің”, “Өмір-дастан” т.б. жыр жинақтары туған. Қырық бес жасында қайтыс болған соң, Мұқағалидың екінші өмірі – өлмес ғұмыры басталды. Ақынның артында қалған мол мұрасы: “Соғады жүрек”, “Шолпан”, “Жырлайды жүрек”, “Өмір-өзен” т.б. жыр кітаптары, “Қош, махаббат!” атты прозалық кітабы оқырманның қолдан-қолға түспей, іздеп жүріп оқитын шығармаларына айналды. М.Мақатаевтың поэма, дастандары суреткердің дүниетаным кеңдігін, білім-парасатын, ұлттық әдебиеттің тынысын әлемдік әдеби ізденістер, адамзаттық тебіреністер арнасымен тоғыстыра алуымен бірге, ақын

шығармаларының тақырыптық-көркемдік кеңістігін барынша кеңейтті. Поэзия - сөз өнері. Поэзия арқылы қаламгер әлеуметтік, қоғамдық құбылыстарды бейнелеп көрсете алады. Оны жанды көрініске айналдыра алады. Ол айналамыздағы дүниені, өмірді танып-білудің күшті құралы, біздің қоғамдық ой-санамыздың, көркемдік-эстетикалық сезіміміздің үлкен өнімді саласы. Сөз қолдану шеберлігі, көркемдік шеберлік дегеніміз – өмір құбылыстарын танып-білу, ұғып-түсіну қабілетімен көркем ой-сезім қуаттылығымен терең тамырланып, қабысып жататындығында. Поэзияда тек тіл, сөз ғана емес, ой да көркем, бейнелі. Өлең тіліне көркем дік қуат дарытатын, сипат, өң беретін сол ой-сезім тереңдігі, өткірлігі, әсер-лілігі. Өлеңге, өлеңмен жазылған шығармадағы әрбір суретке, әрбір сөзге поэзиялық сәулет, поэзиялық нәр, көрік беретін нәрсе – ақындық ой-сезімнің таңдауы, талғауы, көркемділігі. Ғасырлар қойнауынан тартқан бай тарихы, сан-салалы дәстүрі, алуан стильдік тармағы бар әдебиеттің даму жолына тыңнан соқпақ қосу – кез келген қаламгердің қолынан келе бермейтіні белгілі. Әр ақын сөз өнеріне айтарлықтай жаңалық алып келе бермеуі мүмкін.

Поэзиядағы көркемдік жүйенің жасалу және қалыптасу сипаты бүгінгі әдебиеттану ғылымындағы ерекше назар аударатын тиіс мәселенің бірі. Қашанда өмір шындығын көркем түйіндеп суреттеу, яғни тарихи-қоғамдық болмысты сол болған қалпында жалаң баяндап қана қоймай, көркемдік үлгіде ләззат аларлық дәрежеде жеткізе көрсету аса мәнді де маңызды.

Мұқағали тілге шебер ақын. Оның өлеңдерінің тілі жеңіл, көңілге қонымды, әрі қарапайым. Мұқағали қолданған сөздер мен сөз тіркестерінің мағыналары, қызметтері бір-бірімен жымдасып, біртұтас күйге енеді. Мүмкін сондықтан болар, ақынның өлеңдері өздерінің көркемділігімен, бейнелілігімен, мағына дәлдігімен және эстетикалық жағынан әсерлілігімен ерекшеленіп тұрады.

Мысалға, оның мына бір шумағына көңіл аударалық:

Қарасаздың шыбығын жел тербеген,  
Жел тербеген шыбықты мен тербегем.  
Ойласамшы сол шыбық терек болып,  
Өзегімді бір кезде өртер деген

Ақынның, ақын ғана емес, жалпы қолына қалам ұстаған қаламгерлердің барлығының ең басты құралы – сөз және сол сөздердің мағыналары. Сөздер стильдік бояуы бар және стильдік бояуы жоқ қарапайым сөздер болып, ал олардың мағыналары тура және ауыспалы мағына болып бөлінетіндігі көп-шілікке аян. Мұқағали сөздердің осы ерекшеліктерін кеңінен пайдаланған. Әрине, сөздердің өзіндік ерекшеліктерін ғана пайдалану ақын үшін аздық етеді. Сондықтан ол тілде бар метафора, метонимия, синекдоха, эпитет, теңеу, перифраз сияқты т.б. көріктеу құралдарын пайдалану арқылы, сөз тұлғаларын, сөз мағыналарын құбылту арқылы айтпақ болған ойын анық, айқын, дәл жеткізіп қана қоймаған, сонымен бірге оны бейнелі, көркем етіп жеткізе алған.

Мұқағалидің тіл шеберлігі туралы сөз еткенде ақынның бейнелі сөздері мен айшықты сөз тіркестеріне соқпай кетуге болмайды. Ол қандай сөздерді қолданса да, оларды қандай сөздермен тіркестірсе де, оған белгілі бір мағыналық, стильдік, көркемдік, эстетикалық жүк арқалатады. Сөз тұлғаларының мағыналарын құбылтып қолданады: не олардың мағынасын кеңейтеді, не тарылтады. Сөзді бірде тура мағынада қолданады, бірде ауыспалы мағынада қолданады. Сөйтіп әр сөзге мағыналық, поэтикалық қызмет атқар-тады. Айталық, қызыл сөзі гүл сөзімен тір-кескенде ол тура мағынада қолданылса, ол сөз сөзімен тіркескенде (қызыл сөз – жылтыр, бос сөз) ауыспалы, бейнелі мағынада қолданып, тыңдаушылардың сезіміне күшті әсер етіп тұрады. Мұқағали шығармаларында жиі кездесетін жүрек, көк, тәтті, шапақ, көктем, күз сияқты толып жатқан басқа сөздер де дәл эстетикалық осындай қызмет атқарады.

Мұқағали айтпақ болған ойын әсерлі етіп жеткізу мақсатында сөз-символдарға да көп барады. Ақын үшін тау – биіктіктің, дала – кеңдіктің, көктем – жастықтың, күз – егделіктің символы. Осы мақсатта ақын жансыз заттарға жанды заттардың қасиеттерін, қимыл-қозғалыстарын беру арқылы (мұны әдеби тілде кейіптеу деп атайды) оларға жан бітіреді. Сөйтіп ойды естен кетпестей етіп бейнелеп береді. Мысалы, ақынның «Тау бір аңыз» деп аталатын өлеңінің мына бір екі шумағын оқып көрелік:

Тау – бір аңыз,  
Тау – дастан  
Таусылмаған әу бастан.  
Токтап қалған керуен,  
Бір-бірімен жалғасқан.



Мәселен «Соғады жүрек», «Шолпан», «Жырлайды жүрек», «Өмір-өзен» тағы басқа да жыр кітаптары, «Қош, махаббат!» атты прозалық кітабы оқырманның қолдан-қолға түспей, іздеп жүріп оқитын шығармаларына айналды. Өмірді сүюдің ғажайып үлгісін көрсеткен ақын Мұқағали Жан азасы (реквием) поэмасында өмір туралы гимн туғызды. Оның «Аққулар ұйықтағанда» поэмасында ел наным-сенімін қастерлеу, сұлулық үндестігін жыр етсе, «Райымбек, Райымбек!» дастанында ел тарихын, ел басына қатер төнгенде қолына ту алып, жауына қарсы аттанған Райымбек Хангелдіұлының ерлігін суреттейді. Лирикадағы басты образ – лирикалық қаһарман. Бұл образдың түп негізі - ақынның өзі болғанмен лирикалық кейіпкер – жинақталған, дараланған, яғни толық мағынадағы әдеби бейне санатына көтерілген, ақынның ғана емес, оның замандастары атынан сөйлеу хақына ие болған тұлға, яғни ақын мен оқырман, өлең мен оқырман проблемасына белгілі дәрежеде, сол лирикалық қаһарман мен оқырман арасындағы қарым-қатынас тұрғысынан қараймыз.

Мақатаев адам мен заман, туған халқының тағдыры мен тарихы зерделей зерттеп, тереңнен толғап жазуға өлеңін де өзін де қатар бағыштаған ақиық ақынның туған халқының мұңын мұңдап, жоғын жоқтау жолында өз жыр күмбезін - өмірлік ескерткішін өз қолынан орнатып кеткен ұлы перзентіміз, ұлы ақынымыз екені уақыт сынынан өткен тарихи шындық. Халқының бостандығы жолында басын бәйгеге тіккен боздақтардың кесек тұлғалы образдарын өрнектей отырып, ақын Райымбек сынды халық барының ел алдындағы азаматтық борышын адал арындауының ұлтымыз үшін қаншалықты мәртебе екенін еске салады. Сөйтіп, ерлік дастанында елдің нағыз халықтың мақтанышы марапатталып, оның жас ұрпақтың өмірінде жалғасын табуын диттеген арман – тілегін айдай әлемге айғақтап тұр. М.Мақатаев поэзиясы жұмыр жердің барлық мәселесіне араласқан, кең, ауқымды тақырыпты қамтиды. Оның туған жер, адамдар тағдыры, өмір мен өлім, ана мен бала, ақын мен ақындық, соғыс тауқыметі т.б. тақырыптағы лирикасы қайталанбас ұлттық сипатта, ұлттық зермен кестеленген. Поэзия өнер мүлкі ретінде қыр-сыры мол жан-сезімнен тыс поэзия болмайды. Оның ішінде лирика тікелей сезімдік туынды екені мәлім. Алайда әр ақынның сол сезімді поэзияға өзек етуіндегі эстетикалық арсеналдары түрліше. Негізгі объект алдымен талант қырларында жатыр. Айту мәнері шабыт көзінде жатыр.

Көркемдік поэзия үшін жырдың сұлулығы, әсем нақышты сүйкімділігі, адам болмысын билер әсерлілігі. Жүйе бір қалыпқа түскен арна, тоғыз ағыстың тоғысуы. М.Мақатаев поэзиясының көркемдік жүйесі саралануын былайша тармақтауға болады.

М.Мақатаевтың лирикалық белгісі бір уақыт пен ортаның жемісі, сол орта мен уақыт перзентінің көңіл-күйі, жан тебірінісі. Оның бойындағы барша қасиет - қадірді нақты мезгіл рухы, дәуір мазмұны айқындамақ. Ендеше біздегі лирика – замандасымыздың рухани өмірінің, сезім әлемінің, ой дүниесінің көрікті сурет екені даусыз. Бір сөзбен тұжырымдар болсақ, аталмыш поэма – дәуірлік шығарма. Мақатаев жоңғар шапқыншылығы жөніндегі шығармасында қазақ қауымын осы тарихи шайқас – қилы кезеңнің жаңа қырын ашты. Туған халқының арман-мақсатын терең түсінген, толғай жазған, сөйтіп жанының жыршысы болған ақиық ақын М. Мақатаевтың екінші өмірі- мәңгілік ғұмыры енді басталып отыр. Өлмес өнері – өлеңімен жалпақ елінің жүрегіне жол тауып, бүкіл халықтың сүйіспеншілігіне бөленген ұлы перзентінің ұрпаққаұран болған жырларын елі де ешқашан есінен шығармасы анық. Бүкіл саналы өмірінде елінің болашағын жырлап өткен халқына деген махаббатын поэзия да ғана емес өмірде де, күресте де, үлкен азаматтықпен қорғай білген Мұқағалидың мұралары ешқашан өлмек емес және оны жаттап өту біздің парызымыз. Жылдар тізіліп өткен сайын сыршыл ақынның бейнесі тұлғалана, биіктей түседі. Бүгінде «Ғасыр ақыны» атанған Мұқағали жырлары жылдан-жылға, ғасырдан ғасырға жалғаса бермек дегіміз келеді.

#### ***Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:***

1. Мұқағали Мақатаевтың «Аққулар ұйықтағанда» шығармалар жинағы 1973
2. Мұқағали Мақатаевтың «Дарига жүрек» шығармалар жинағы 1972
3. Мұқағали Мақатаевтың «Шуағым менің» шығармалар жинағы 1975
4. Мұқағалидастан. Құрастырған А. Әбдіқалов - Алматы: Шартарап, 2001.
5. Мұқағалитану дәрістерінің бағдарламасы. // Қазақ тілі мен әдебиеті және “Ұлағат” жабық АҚ-ның ай сайын шығатын ғылыми-педагогикалық әдістемелік журналы. 2000
6. Мұқағали мұражайы. // “Қазақ тарихы”, 2006
7. Білмеймін сүйдім бе мен, сүймедім бе? // “Мұқағали”
8. Абай жаққан бір сәуле // “Мұқағали” 2006

Серік Б.А.

## ХУДОЖЕСТВЕННАЯ СИСТЕМА ПОЭЗИИ МУКАГАЛИ МАКАТАЕВА

*Аннотация. В произведении рассматривает национальные различия в творчестве Мукагали в широком масштабе, в сочетании с предыдущими волнами, связанными со следующими поколениями, на основе национальных идей и идеологий, актуальных для жизни.*

ӘОК 82.0

Төребаева А.О.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының студенті

Ғылыми жетекші: аға оқытушы Исмаилова Р.Н.

«Bolashaq» академиясы, Қарағанды қаласы, Қазақстан Республикасы

[torebaeva.assyl@mail.ru](mailto:torebaeva.assyl@mail.ru)

### ӘЛ ФАРАБИ ЖӘНЕ АБАЙ: РУХАНИ САБАҚТАСТЫҚ

*Аңдатпа. Мақалада ойшыл, кемеңгер әл Фарабидің ілімі мен бас ақын Абай атамыздың ғылыми мұраларының арасындағы байланыс қарастырылған. Ұлы ғұламалардың еңбектеріндегі адам, білім және тәрбие мәселелері нақты дәйектемелермен берілген.*

Әл Фараби де, Абай да өздері өмір сүрген кезеңнің озық ойлы оқымыстылары болған. Халық тағдырын бірінші орынға қойған олар ел-жұртын оқуға, білім – ғылымға, адамзат өркениетінің жетістіктеріне үлес қосуға шақырды және оны өз өмірлеріндегі басты мұратқа, парызға айналдырды. Сондай-ақ екеуі де - ең алдымен ұстаз, ағартушылар, олардың барлық философиялық ізденістері мен пайымдаулары адамзатты кемелдендіру мен дамытуға арналған. Әл Фараби адамдарды шынайы бақытқа жеткізудің жолдарын табуды мұрат етсе, Абай Құнанбайұлы толық кемел адам тәрбиелеп шығару жолдарын іздеп, сол жолда өнімді еңбек еткен.

Абай мен әл Фарабидің көздегені адамдардың рухани байлығы, әсемдіккеұмтылуы мен бақытқа қол жеткізулері еді. Бұл екі ойшылдың ең үлкен артықшылығы – олар өз шығармаларында гуманизм, ағарту және адамгершілік идеяларына негізделген әр мемлекеттің, қоғамның дамуына, жалпыадамзаттық маңызы бар идеяларға қатысты терең тұжырым жасады. Әл Фараби мен Абай әлемнің түрлі елдерінде ғылыми ойдың қалыптасуына үлкен үлес қосқан ойшылдар. Екеуі екі түрлі кезеңде өмір сүргенімен, олардың артына қалдырған мұраларында тығыз сабақтастық бар. Бұл жөнінде әл Фарабиді жан-жақты зерттеген ғалым А.Машани "Әл-Фараби және Абай" атты 1989 жылғы еңбегінде: "Әл-Фараби мен Абай арасын жақындастыру, оларды үндестіру, біздің халқымыздың мың жылдық рухани, мәдени-рухани дүниесін тірілту деген сөз. Демек бұл зор мақсатты халықтық іс деп білу керек. Ал, осы екі алып тұлғаны жеке-жеке тануда едәуір істер істелгені рас. Бірақ бұлардың арасын жалғастырып тұрған ғажайып нәзік, тамаша берік рухани жіпті біз әлі таба алмай жүрміз: бірақ оның барын сезсек те, оны "көруден" әлі шалғай жатырмыз", - дейді.

Енді екі ғұлама арасындағы сабақтастыққа тоқталсам. Өз заманының ақылы мен айбары, айтары арқылы аңызға айналған Абай алдымен ақын ретінде, одан әрі данышпан хәкім ретінде де ұлты мен ұрпағына бақыт жолын сілтеді. Өзінің көпке мәлім «Ғылым таппай мақтанба», «Интернатта оқып жүр», «Көзінен басқа ойы жоқ», «Жастықтың оты жалындап», «Әсемпаз болма әрнеге» өлеңдерін де ақынның таным-түсінігі әл Фараби ұстанымдарымен үндеседі. Абай ұстанымындағы бақытқа жету – ғылым, білім болып шыққан. Барлық ізгілік, игілік сонда екен. Оның бастауы жастықтан басталып, үздіксіз жалғасады. Осы тұрғыдан келгенде, бірден Абайдың «Жастықтың оты жалындап» атты 1891 жылы жазған өлеңі әл Фараби пікірлерімен үндеседі. Оған қоса бәрімізге белгілі Абай Құнанбайұлының "Әсемпаз болма әрнеге" деген өлеңі бар. Осы өлеңінде "сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та, бар қалан!" деген өлең жолдарымен ақын, келер ұрпақтың ел өміріндегі орнын ерекшелеп жеткізген. Дүниеге келген соң, әр адам сол дүниеден өз орнын табуы керектігін айтып кеткен. Ал әл Фараби бұл тұрғыда: "Әрбір адамның әлемде өз орны бар",-деген екен. Шынымен де, әрбіріміз өзімізге берілген қамышының сабындай ғана қысқа ғұмырымызда осы дүниедегі өз орнымызды тауып, алтыннан да қымбат уақытымызды барынша игі істерге жұмсауға тырысуымыз керек.

Әл Фарабидің ғылыми – философиялық еңбектерін байыптап қайта қарау барысында оның педагогика тарихындағы ұлы тұлғалардың бірі болғандығын көреміз. Ол – шығыс елдерінде тұңғыш сындарлы педагогикалық жүйе жасаған ағартушы – оқымысты. Жас ұрпақтың сана – сезімін қалыптастыру үшін үш нәрсенің ерекшелігін жүйелеп, дәйектеп алу шарт:

1. Баланың ішкі ынта-ықыласы, құмарлығы;
2. Ұстаздың шеберлігі, ар тазалығы;
3. Сабақ процесінің алатын орны.

Ал Абайдың пікірінше, «адам болу үшін оның бойынан үш түрлі фактор табылуы тиіс. Біріншіден, баланың шыққан тегі жақсы болуы керек, екіншіден, оның әлеуметтік жағдайы немесе қоршаған ортасы жағымды болуы шарт, үшіншіден, балаға адамгершілік тұрғысында тәрбие берілуі қажет» .

Әл Фараби де, Абай да – ең әуелі ұстаз, ағартушылар, олардың бүкіл философиялық ізденістері мен пайымдаулары адамды барынша кемелдендіру, дамыту мақсатына арналған. Әл Фараби адамдарды шынайы бақытқа жеткізу жолдарын табуды мұрат тұтса, Абай толық кемел адам тәрбиелеп шығару мақсатын көздеген.

Абай мен әл Фарабидің педагогикалық жүйелерінде тәрбие мен тәлім, білім мәселелері бірін-бірі толықтырушы, ажырамас, диалектикалық бірлікте және олар адамзат қауымдастығымен қабыстырыла қарастырылады. Әл Фарабидің айтуы бойынша, адам ғылым, философия, тәрбие арқылы кемелдікке жетеді. Ол шартты түрде адамды нағыз бақытқа, мұратқа бастайтын негізі құрал ретінде мінез-құлық, мораль және ақыл-ой, интеллектуалды тәрбие мәселелеріне шешуші мән береді. «Біз жақсы мінез - құлық пен ақыл-парасатқа ие болған кезде, олардың арқасында бақытқа жетеміз... Бұл екеуі бар кезде біздің өзіміз және іс-әрекеттеріміз үстем де кемел болады, осылардың арқасында біз шын мәнінде қастерлі, қайырымды, инабатты боламыз», - дейді ұлы ұстаз.

Ал ұлы Абай атамыз өзінің біршама өлеңдері мен отыз сегізінші сөзінде ұстаздарға ғылым негізін жоспарлы және жүйелі түрде жүргізуге, бала түсінігіне ұғымды, қызықты, тартымды етіп оқытуға, білімді өмір талабымен ұштастыра білуге кеңес берген:

«Ақырын жүріп, анық бас,  
Еңбегің кетпес далаға.  
Ұстаздық еткен жалықпас  
Үйретуден балаға...»,

«...Ғылым-білімді әуел бастан бала өзі ізденіп таппайды. Басында зорлықпен , яки алдауменен үйір қылу керек, үйрене келе өзі іздегендей болғанша. Қашан бір бала ғылым, білімді махаббатпенен көксерлік болса, сонда ғана оның аты адам болады...» Ия, бала тек мектепте ғана оқып қоя салмай ары қарай білім қуып, зиялылар қатарына қосылуы баланың ата-анасына тікелей қатысты. Осы орайда Абай атамыздың мына сөздері еріксіз еске түседі. «Балаларды оқытқан да жақсы, бірақ құлшылық қыларлық қана, түркі танырлық қана таза оқыса болады. Асап - ішімге малдың араздығына да әртүрлі пәлеге, ұрлық, зорлық, кулық, сұмдық секілді нәрселерге үйірлендіруге себеп болатұғын нәрсе. Мал тапса, қарын тояды. Онан соң, білім түгіл өнер керек екен. Соны үйренейін не балама үйретейін деп ойнына жақсы түседі. Орысша оқу керек, хикмет те, мал да, өнер де, ғылым да- бәрі орыста тұр. Зарарынан қашық болу, пайдасына ортақ болуға тілін, оқуын, ғылымын білмек керек. Оның себебі олар дүниенің тілін білді, мұндай болды. Сен оның тілін білсең, көкірек көзің ашылады. Орыстың ғылымы, өнері – дүниенің кілті , оны білгенге дүние арзанырақ түседі. Ләкин осы күнде ғылымның баласына үйреткен этиканы ол, ең алдымен, жақсылық пен жамандықты ажыратуға мүмкіндік беретін ғылым деп қарады.

Сондай-ақ, Әл Фараби «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарасы туралы трактат» деген еңбегінде «ақыл», «қайрат» және «жүрек» сияқты ұғымдарға тоқталып: «Жүрек – басты мүше, мұны тәннің ешқандай басқа мүшесі билемейді. Бұдан кейін ми келеді. Бұл да басты мүше, бірақ мұның үстемдігі бірінші емес», - деп жүрекке шешуші мән берсе, Абай «Әуелде бір суық мұз, ақыл, зерек» деген өлеңінде:

Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,

Сонда толық боласың елден бөлек, - деп сабақтастырып, жалғасын жеткізеді.

Ал енді екі ғұламаның тағы бір ұқсас жері, екеуінің қарапайымдылығында. Екеуі де "мен" деген сөзді айтпаған екен. Мәселен, әл Фараби өмір сүрген заманда, замандастарының бірі одан: "Дүниедегі ең ұлы адам Аристотель ме, болмаса сізді айтамыз ба?",- деп сұрапты деседі.

Сонда ғалым: "Егер мен Аристотель заманында дүниеге келсем, онда оның көп шәкірттерінің бірі болып қалар едім!",-депті. Ал Абай Құнанбайұлы өзінің "Көк тұман-алдындағы келер заман" атты өлеңінде:

Ақыл мен жан-мен өзім, тән-менікі,  
Мені" мен "менікінің" мағынасы-екі.  
Мен" өлмекке тағдыр жоқ әуел бастан,

Менікі" өлсе өлсін, оған бекі,- деп менмендіктен сақтану керектігін ескерткен. Шынымен менмендік – адам бойындағы ең жаман қасиеттің бірі. Ешкімде алда өзін не күтіп тұрғанын білмейді, сол үшін менмендіктен барынша аулақ болу қажет.

Қос ғұламаның көзқарастары әлем құрылысын тану үшін, оны іздеп табу үшін саналы ой керектігі және әр затқа есім беріп, есебін айыру керек деген ұстанымдары да бір арнада тоғысады. Өзінді танысаң сен адам деген атқа лайық боласың, ал егер өзінді танымасаң қандай да бір жануардың қатарындасың деген. Мәселен, әл Фараби:

Ақли көзбен қарасаң,  
Дүние ғажап, сен-есім,  
Жаһли көзбен қарасаң,

Дүние қоқыс, сен-мешін",-десе Абай да дүниені әл Фарабише түсінген. Дүние ғажап, онда әркімнің, әр заттың өзіне тиесілі орны бар деген. Сен соны іздеп, өз орныңды анықтап тап дейді:

Әсемпаз болма әрнеге,  
Өнерпаз болсаң, арқалан.  
Сен де — бір кірпіш, дүниеге  
Кетігін тап та, бар қалан!

Әл Фарабидің пікірінше, адамның кемелденуіне ең басты ықпал етуші күш – білім. Ал Абай білім-ғылымға үйренбекке талаптанушыларға қойылатын шарттарға арналған отыз екінші сөзінде әл Фарабидің бұл өсиетін жаңғыртып, былай дейді: «Егер дін көңілің өзге нәрседе болса, білім-ғылымды бірақ соған себеп қана қылмақ үшін үйренсең, ондай білімге көңіліңнің мейірімі асырап алған шешенің мейірімі секілді болады...Екінші – ғылымды үйренгенде, ақиқат, мақсатпен білмек үшін үйренбек керек...».Ұлы бабаларымыздың бұл ой тұжырымдары ғасырлар бойы өмір шындығынан туған қағидаға айналды. Қазіргі заманда жас ұрпаққа білім мен ғылымды үйретіп қана қоймай, бойына сіңіру аса маңызды дүние.

Ендігі кезекте, әл Фарабидің ғылыми – философиялық еңбектеріне қайта көз жүгіртетін болсақ, оның педагогика тарихындағы ұлы тұлғалардың бірі болғандығын байқауға болады. Ғалымның пікірінше жас ұрпақтың сана – сезімін қалыптастыру үшін үш нәрсенің ерекшелігін жүйелеп, анықтап алу шарт. Алдымен баланың ішкі ынта-ықыласы, құмарлығы, одан кейін ұстаздың шеберлігі, ар тазалығы, үшіншісі сабақ процесінің алатын орны. Ал Абайдың пікірінше, « адам болу үшін оның бойынан үш түрлі фактор табылуы тиіс. Біріншіден, баланың шыққан тегі жақсы болуы керек, екіншіден, оның әлеуметтік жағдайы немесе қоршаған ортасы жағымды болуы шарт, үшіншіден, балаға адамгершілік тұрғысында тәрбие берілуі қажет».

Фараби «Ізгі қала тұрғындарының көзқарастары туралы трактат» атты еңбегінде адамның өзін танымақтығы жөнінде айтылатын ойларын «өсімдік жаны», «хайуан жаны», «адам жаны» деп жүйелейді. Адам жанына (интеллект), оның ішкі және сыртқы сезім мүшелеріне (хауас) талдау бергенде жүрекке үнемі шешуші мән беріп, ерекше даралай көрсетіп отырады. Бұл жөнінде Фараби мен Абайдың ой қорытулары сабақтас, өзара іліктес келеді. Фараби «Жүрек - басты мүше, мұны тәннің ешқандай басқа мүшесі билемейді. Бұдан кейін ми келеді. Бұл да басты мүше, бірақ, мұның үстемдігі бірінші емес», - деп, жүрекке шешуші мән бере қараса, Абай да: «Сен үшеуіңнің басыңды қоспақ менің ісім депті. Бірақ, сонда билеуші жүрек болса жарайды» деген тұжырымға келеді. Бұдан екі ұлы ойшылдың да жүрек жөніндегі танымдарының негізі бір екені, тек баяндау түрі басқаша берілгені көрінеді. Ақын Фараби ұйғарысындай жүрекке шешуші мән-мағына берумен қатар, оны ізгілік, рақым, шапағат атаулының шығар көзі, тұрар мекені деп біледі. Ойшыл-ақын көп көңіл бөлген мораль философиясы да осы танымға негізделген. Абай туындыларының өн бойына таралып отыратын адамгершілік, имандылық ойларының бәрі де осы көзқараспен ұштасады.

Сондай-ақ әл Фараби өзінің «Интеллект (сөзінің) мағынасы жайында» деп аталатын зерттеуінде адамның ақыл-парасат мүмкіндігіне жан-жақты талдау жасай келе, оны «потенциалды интеллект», «актуалды интеллект», «жүре келе дарыған интеллект», «әрекетшіл интеллект» сияқты философиялық категорияларға бөліп-бөліп талдайды. ӘлФараби «жүре келе

дарыған интеллект» туралы айта келіп, адам туғаннан ақылды, білімді болып тумайтынын, интеллектің өзі жүре кел, естіп, көріп барып қана дамитынын ескертеді.

Әл Фарабидің интеллект жөніндегі осы философиялық ой-тұжырымын араға тоғыз ғасырдай уақыт салып, қазақ қауымының жаңа тарихи жағдайында Абай Құнанбайұлы зор білгірлікпен жалғастыра түскен сияқты. Абай өзінің «Он тоғызыншы сөзінде»: «Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды-дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады. Естілердің сөзін естіп жүрген кісі өзі де есті болады. Сол естілерден естіп, білген жақсы нәрселерді ескерсе, жаман дегеннен сақтанса, сонда іске жарайды, сонда адам десе болады», – деп жазады. Сондай-ақ, ӘлФарабидің ғылым-білімді меңгерудегі интеллект рөлі жайындағы философиялық тұжырымын Абай өзінің «Он тоғызыншы сөзінде» мейлінше айқындай түскен. Абай өз ойын: «ғылым-білімді әуел бастан бала өзі ізденіп таппайды. Басында зорлықпен яки алдаумен үйір қылу керек, үйрене келе өзі іздегендей болғанша. Қашан бір бала ғылым, білімді махаббатпен көксерлік болса, сонда ғана оның аты адам болады», – деп тұжырымдайды. ӘлФараби өзінің жоғарыда аталған еңбегінде «жан қуаты» жөнінде қолданған ұғымдар мен термин сөздер сол қалпында Абай қара сөздерінде (7,17,27,38,43-сөздер) қайталануы кездейсоқ құбылыс емес, ӘлФараби: «Ақыл-парасат күші – адамның ойлауына, пайымдауына, ғылым мен өнерді ұғынуына және жақсы қылық пен жаман қылықты айыруына көмектесетін күш» деп көрсетеді.

Абай атамыздың қара сөздерінде Фараби ойлары көрініс табатын тағы көптеген тұстары бар. Бұл қара сөздер философиялық ойға құрылған трактаттар деп айтсақ та қате емес секілді. Бұған дәлел ретінде, тізбектеп атап көрсетсем:

Біріншіден, Абай жан, ой, дін, ынсап, ләззат, ақыл, түйсік, ғылым, білім, құмарлық, еңбек, талап, ұят, ар, намыс, махаббат, қайрат, ашу-ыза, қуат, т.б. философиялық категорияларды қағаз бетіне түсіріп, мән-мағынасын айқындап көрсеткен. Сол себепті, қара сөздерін даусыз философиялық трактат деп айта аламыз.

Екіншіден, философиялық трактат деп айтқанымызға дәлел ретінде: Абай Фарабиден кейін, арада мың жыл өткен соң қазақ топырағында екінші болып Сократ, Платон, Аристотель еңбектерін терең үңіле оқып, ой-тұжырымын жасай білген.

Үшіншіден, осы еңбектің жалпы жазылу, баяндау, таңдау, дәлелдеу стиліне ой жіберіп қарасаңыз, әлемге әйгілі философтар Монтеннің, Ларош-Фуконың, Ибн-Синаның стиліне өте ұқсас. Қарапайым тілмен әңгімелеу, баяндау, түсіндіру тәсілімен жазылған. Бірақ терең ой, тартымды тенеу, тағылымды сөздер оқырманды қызықтырып отырады. Бұл да шығарманың философиялық еңбек екеніне бұлтартпас дәлел.

Төртіншіден – Абайдың осы шығармасы неге қазірге дейін қате тақырып қойылып жазылып келді? Меніңше, ақынның бұл философиялық еңбегі аяқталмаған, автор өзі ойлаған тақырыпты жазып үлгермеген. Ал кейінгілер, әсіресе алғаш «Қара сөз» деп жазуға өресі жетпеген деп қорытады ойын Ә. Дастанұлы.

Абай мен әл Фарабидың тоғысатын бір жолы: адамдық өмірдің негізгі мақсаты шындық іздеу, шындық табу болса, оларды рухани түрде қосқан осы жол екенін көреміз.

Ұлы бабаларымыздың ғылым-білім, тәлім-тәрбие, әдептілік белгілері, әділ әкім, т.б. туралы еңбектері, өсиет-уағыздары күні бүгінгі дейін өзінің құндылығын жойған жоқ. Ежелден бастап әлі күнге дейін білім, тәрбие мәселелері сөз болғанда Абай мен әл Фараби есімдері қатар аталады. Әл Фараби мен Абайдың қыры мен сырын, теңіздей мол дүниесін қазіргі заман тұрғысынан бай мұраларын жан-жақты зерттеп, оны бүкіл әлемге таныту бүгінгі біздің және келешек ұрпақтардың абыройлы міндеті деп санаймын.

#### ***Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:***

1. Б.Ысқақов. *Сөнбес жұлдыздар*. - Алматы: «Қазақстан», 1989.
2. А.Көбесов. *Әл-Фараби*. - Алматы: «Қазақстан», 1971.
3. М.Мырзахметов. *Абайтану тарихы*. – Алматы, «Ана тілі», 1994.
4. Б.Әбдікәрімұлы, Қ.А.Сарбасова. *Фараби педагогикасы*. - Қарағанды, 2008.
5. А.Ю.Балтабаева. *Шығыс мұсылман философиясы*. - Түркістан, 2007.

**Төребаева А.О.**

## **АЛЬ-ФАРАБИ И АБАЙ: ДУХОВНАЯ ПРЕЕМСТВЕННОСТЬ**

*Аннотация. В статье рассматривается связь между учением мыслителя, мудреца Аль Фараби и научным наследием казахского поэта Абая. Вопросы человека, образования и воспитания в трудах великих ученых изложены в четкой последовательности.*

ОӘК 82

Файзуллаева З.Ж.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының студенті  
Ғылыми жетекші: профессор Хамзин М.Х., «Bolashaq» академиясы Қарағанды қ.  
[faizullazuxra@mail.ru](mailto:faizullazuxra@mail.ru)

### **ҚАҒАРМАННЫҢ РУХАНИ ТҮРҒЫДАН ЖЕТІЛУІНІҢ НЕГІЗГІ СИПАТТАРЫ (Ә.Тарази шығармалары бойынша)**

*Аңдатпа. Мақалада жазушы Ә.Тарази прозасындағы бас қағармандардың рухани жетілу мәселесі талданған. Прозалық шығармалардағы жазушы стилінің өзіндік сипаттары мен ерекшеліктері жақсы қарастырылғаны байқалады.*

Адамзат баласы жаратылғанан бері өнерді яғни рухани игіліктерді жасаушылар алдында аса ірі міндеттер болды, өнер алдағы уақытта бола бермек. Ол міндет – адам баласының рухани тұрғыдан жетілуін, дамуын, өркендеуін бейнелеу. Бүкіл дүние жүзі халықтарының көркем өнер туындыларына ден қойсаңыз, бірде-бірінің адамды яғни оқырманды теріс жолға бастап, теріс қылықты, қиянатты, өктемдік пен үстемдікті насихаттағанын көрмейсіз. Бұл- мәселенің бірінші жағы болса, екінші жағына төмендегі ақиқат жатады: егер барша адам баласы бір әке мен шешеден әу басында тарағаны рас болса, жер бетіндегі адамзаттың да бір-ақ әдебиеті бар: ол- әлем әдебиеті. Ал, мысал ретінде алсақ, ағылшын, орыс, қазақ, араб, эстон т.б халықтардың ұлттық әдебиеті сол әлем әдебиетінің жеке-жеке салалары, бейнелеп айтсақ, Ертістің мұхитқа құятыны сияқты, әр ұлт пен халықтың әдебиеті де әлем әдебиеті деген ұлы да арнасы шүйгіндікке барын қосылады. Тағы да қайталайық, әр әдебиетте ұлттық ерекшелік, сипат болатыны анық, -ол сонысымен де дараланып тұрмақ және әлем әдебиетін нәрлендіріп, әр тарапты етіп тұрмақ, алайда аса маңызды деген проблемалардан бойын аулақ сала алмайтыны ақиқат. Ол- адамның (өмірдегі және өнердегі) рухани тұрғыдан биік болуын кескіндеу.

Егер мәселеге осы тұрғыдан келсек, өткен ғасырдың алпысыншы жылдары әдебиетке келген серпінді топтың ірі өкілдерінің бірі деп қазірдегі қабырғасы қазақ әдебиетіндегі қаламгер Әкім Таразиді атар едік те, оны танымал суреткер деңгейіне көтерген шығармаларына «Құйрықты жұлдыз», «Үлкен ауыл», «Асу-асу», «Қиян-соқпақ», «Басынан Қаратаудың...» повесть, әңгімелері мен «Бұлтқа салған ұясын», «Тасжарған», «Кен» романдарын жатқызар едік. Мұндағы іргелі туындыларға жататын «Бұлтқа салған ұясын» мен «Тасжарған» романдары. Аттары түрлі болғанымен, бір-ақ шығарма.

Егер француз Бюффонның: «Стиль – адам» деген қағидасына сүйенсек, нақты өмірдегі кірпияз, мәдениетті, ұсақтыққа бармайтын жазушы Ә.Таразидің бүкіл шығармаларына ортақ недей сипаттар бар деген сауалға жауап іздесек, онда:

- қаламгердің барлық шығармаларында рухани биіктікті, адалдық пен адамгершілікті, пәк тазалық пен саф сұлулықты жырлап алдыңғы шепке осыларды қасиет деп, кие деп, баға жетпейтін құндылық деп шығарғанын бірден байқар едік;

- суреткердің адам бойындағы кіршіксіз пәк, таза, мөлдір, асыл қасиеттерге негізделген мінезбен пиғылды, болмыс пен бітімді, кескінмен келбетті насихаттай отырып, сондай жандарды өз кейіпкерлері арқылы бейнелеуі дер едік;

Жазушы мұраты негізгі міндеттерге арқау болғандықтан, оның қаламынан туған, шынайы көркем бейне дәрежесіне көтерілген Аспанбай, Омар, Райгүл, Ұлмекендер (әрине, адам-періште емес, пенде, біз атап отырған кейіпкерлерде пенде болғандықтан, қыруар кемістік бар, бірақ олар салыстырмалы тұрғыдан алғанда, басқа кейіпкерлерден ақ бойы озық тұр) тек жазушы шығармашылығына ғана қосылған ірі бейнелер емес, сонымен қатар, қазақ әдебиетіндегі образдар галереясына қосылған тың қағармандар.

Жазушының «Тасжарғандағы» басты кейіпкер ретінде алған қаһарманы – Омар. Жұрт ресми түрде Омар Балапанович деп атайды. Бір қаланың басшысы. Қалалық партия комитетінің бюро мүшесі. Қала ғана емес, облыс республика бойынша ірі бедел иесі. Оның басшылығы тұсында қала көркейген, тұрғындардың әлеуметтік әл-ауқаты жақсарған. Омар – кеңес күзеткен, басшының креслосына мықтап жабысқан, шенқұмар, аласа, ниет, пиғылы ұсақ, шенеунік емес, ірі тұлға. Мәдениеті мен зияткерлік өре-деңгейі өте жоғары, іші де, сырты да сұлу, өзгеге тек қайырым жасауға бейім тұратын жігіт. Келбетті, көрікті. Парасатты жан. Былайша қарағанда, ешкімге титтей қиянат жасамаған, керісінше, тек қана жақсылық жасаған осынау азаматтың басына қиындық жағдай тап болғанда, неге бірде-бір адам араша түсуге жарамады? Неге кеше ғана оның шарапатын, көргендердің кейбіреуі көмектеспек түгілі, оған тас лақтырушы, жамандық ойлаушы боп шыға келді? Демек, бұл жерде қаламгер идеясы ешуақытта да бір-бірімен ыраға келмейтін, мәңгі-бақи бір-бірімен айқасып өтетін жақсылық пен жамандық ұғымдарының шарпуынан туындап тұр.

Адам-пенде. Оларда да кемшілік бар. Үлгілі отбасының бас иесі бола тұра, оның Ұлмекенді көрісімен бірден ынтық болуын, өте сұлу, тартымды әрі мәдениетті келіншекпен адам кейінгі уақытта да байланыстары үзілмеуін, екеуінің қарым-қатынасының аса берік, таза, ұлы махаббатқа ұласуын немен түсіндіреміз? Моральдық тұрғыдан алғанда, кеңес дәуірінің заңына сүйенсек, Омарды тек сол қылығы үшін ғана қызметінен босатып, парт билетін тартып алуға болады ғой. Ендеше, неге ондай әрекетке барды? Жалпы осынау азаматтың Ұлмекенге қатысты байланысын кінәлау керек пе? Асқан сұлу әйелге деген оның құмарлығы тек нәпсіқұмарлықтан ғана туындап тұр ма? Адам мен адамның, ер адам мен әйел адамның арасындағы байланыс тек қана ләззатқа, құмардан шығуға, тоятқа ғана негізделгені ме? Омардың қылығына баға беруден жазушы бойын аулақ алған. Мүмкін, Ұлмекенге ынтықтық Омардың өмірдегі сұлулыққа деген ынтықтығымен ұштасып, түйісіп тұрған шығар?! Бұл сауалдардың жауабын қаламгер оқырманның еншісіне қалдырған. Яғни оқырман ойлануы керек, толғануы керек, күнгейі мен көлеңкесі, үміті мен күдігі қабаттасып жататын мына Өмір атты ұлы керуен- көштің аса күрделі екендігіне, сол өмір аясында ғұмыр кешетін адам атты пенденің аса жұмбақ, аса тылсым жайы бар ерекше жаратынды екендігіне пайым мен қарап, ден қою керек.

Романда болмысындағы рухани, адамгершілік қасиеттері жағынан аса асқақ тұрған бейне – Аспанбай. Дүниедегі бар ізгілік, адамгерілік, рухани биіктік ұғымдарын болмысына сіңірген осынау қарапайым ғана жан- мына фәни жалғандағы жақсылық ұғымының символ. Ол-Талғаттай тұлға. Талғаттай таза. Ол жамандық деген ұғымды мүлде түсінбейді. Неге адамдар жақсылыққа ғана емес, жамадыққа өш деймі. Жақсылық пен Зұлымдықтың күресінде неге көп реттерде Зұлымдықтың мерейі үстем боп шығады? Өзі жақсылық деп аталса, өз игіліктің ұйытқысы болса, ол неге әлсіз? Аспанбайды толғандыратын осы жайыттар. Жалпы сонау алпысыншы жылдары әдебиет атты киелі әлемге кеп, бүгінде өзінің прозалық, драмалық шығармалары және аудармаларымен танымал болған, ірі суреткер Ә.Таразидің бір ғана романын [1] қысқаша талдау барысында осындай толғамдар жасадық дегіміз келеді. Жалпы, Ә.Тарази туралы біраз зерттеу дүниелері, атап айтқанда, Р.Нұрғали [2], Т.Тоқбергенов [3], Сәшімбаев [4], Қ. Жұмаділов [5], М. Хамзин [6], т.б. авторлар пікірлерін берген.

Асылы, бір жайт басты назарда болуы шарт: ол- талантты жазушының шығармасына уақыт ұғымы алысында түрлі буын өкілдерінің өз бағасын беретіндігі. Біз де аталыш шағын дүниеде сондай мақсатты көздедік.

#### ***Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:***

1. Тарази Ә. *Тасжарған. А., 1980*
2. Нұрғали А. *Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. Көп томдық шығармалар жинағы. Т.У. Астана: Фолиант, 2006*
3. Тоқбергенов С. *Тоғыз тарау. А., 1989*
4. Әшімбаев С. *Талантқа тағзым. А., 1982*
5. Жұмаділов Қ. *Қалың елім, қазағым. А., 2000.*
6. Хамзин М. *Қазіргі қазақ романы. Қарағанды, 2003*

**Файзуллаева З.Ж.**

## **ОСНОВНЫЕ ХАРАКТЕРИСТИКИ ДУХОВНОГО РАЗВИТИЯ ГЕРОЯ**

*Аннотация.* В статье проанализированы вопросы духовного развития главных персонажей в прозе писателя А.Тарази. Автором определен и достаточно рассмотрены своеобразие стилистических особенностей писателя.

УДК 811.161.1

Хайруллина А.Ф.

Магистрант, БГПУ им. М. Акмуллы

Научный руководитель д.ф.н., профессор Насипов И.С.

город Уфа, Республика Башкортостан,

[hai.alfija@mail.ru](mailto:hai.alfija@mail.ru)

## **ТРАНСФОРМАЦИЯ ЯЗЫКА В РУССКОЯЗЫЧНЫХ СМИ ПОД ВЛИЯНИЕМ ИНТЕРНЕТ-КОММУНИКАЦИЙ**

*Аннотация.* В статье рассматриваются процессы трансформации языка в русскоязычных средствах массовой информации в условиях активного влияния Интернет-коммуникаций, плюсы и минусы данной трансформации.

Русский язык, имеющий тысячелетнюю историю, за последнее десятилетие претерпел серьезные изменения. Развитие информационных технологий и социально-политические изменения могут повлиять на развитие и функционирование русского языка. С одной стороны, он переживает очередной этап естественного развития, с другой – снижается уровень речевой культуры и грамотности школьников, студентов и взрослых[7].

Язык журналистики в силу своей специфики является предметом постоянного научного исследования лингвистов, историков, культурологов, социологов и психологов. Он отражает политическую, экономическую и духовную жизнь социума. Изучая газетные и журнальные тексты, можно составить четкое представление о времени и эпохе. Язык СМИ динамичен, он находится в постоянном развитии[9].

Усиление влияния разговорного языка на литературный, смена речевого этикета в современных СМИ, масштабы влияния разговорного языка, адекватность используемых разговорных включений коммуникативному стандарту конкретной ситуации общения – круг этих вопросов ставит еще более общую проблему как следует оценивать происходящую эволюцию речевого стандарта в языке СМИ. Идет ли речь о кризисе современной речевой культуры или о закономерно обусловленной тенденции, имеющей свою реальную историческую перспективу?

Активное обогащение языка СМИ элементами разговорной речи носит многоуровневый, масштабный и экспансивный характер. Разговорные элементы интенсивно проникали в язык средств массовой информации, в том числе в заголовках, которые на протяжении более семидесяти лет отличались сдержанным официальным способом подачи информации с правильным выбором средств.

По мнению лингвистов, изучающих язык средств массовой информации, в доперестроечное время использование таких элементов, как жаргон и разговорный язык в газетных информационных материалах был исключением[10].

Сегодня очевидным фактом является то, что даже официальный текст можно написать с использованием элементов разговорной речи.

Актуальность исследования данной темы определяется следующими факторами: изменчивостью стилистической нормы, которая в силу собственной подвижности не успевает зафиксироваться в нормативах сводах правил, словарях учебниках; масштабностью языковых изменений, произошедших в СМИ; необходимостью исследования наплыва жаргонизмов, просторечной лексики, заимствований и варваризмов; отсутствием четко очерченных критериев оценки новых тенденций в написании газетных текстов; значение слова находится в постоянной динамике.

Одна из актуальных проблем современных русскоязычных СМИ – воздействие социальных сетей. Социальные сети – это феномен информационного общества, его атрибут.



Понятию «сетевое общество» по своему содержанию во многом тождественно понятие «информационное общество», отражающее «зачастую идентичные или близкие феномены», имеющие дело «с коммуникационными эффектами, которые можно считать одновременно сетевыми»[8].

Общение в социальных сетях приводит к либерализации норм литературного языка.

Устно-письменная форма коммуникации предполагает физическую непредставленность адресанта и адресата с сохранением элемента анонимности, оперирование «никами», многослойное «Я», когда личная страничка является как бы своеобразным двойником человека в виртуальном мире. Соблюдение норм языка становится не только не обязательным, но даже и предосудительным. Человек, употребляющий в неофициальном общении *здравствуйте* вместо *здрасти*, *конечно – конеин*, *сейчас – щас*, *сегодня – седня*, *компьютер – комп*, *что – че*, *может – мож* и т.д. или использующий в разговорной речи фразы с полной структурой, воспринимается как или высокомерный собеседник, или плохо владеющий разговорным языком.

Рассмотрим трансформацию языка и речи СМИ под влиянием Интернета с точки зрения его произвольности и непреднамеренности. Это с одной стороны случайные ошибки и опечатки, а с другой – заведомая вульгаризация. Многие авторы сообщений, ориентируясь на получателя, могут сознательно отклоняться от нормы. Наиболее распространены лексические, орфографические и стилевые отклонения.

А ведь языковая норма обусловлена исторически как совокупность общеупотребительных языковых средств, а также правил их отбора и использования.

Языковые изменения происходят как на лексическом, так и на синтаксическом уровнях. В отличие от устного высказывания, письменный текст требует больших затрат времени, поэтому в зависимости от темпа общения появляются различные сокращения, разговорные слова и формы слов. Появляются также новые слова и новые значения существующих слов, происходит изменение ассоциативных связей. Многие слова, свойственные интернет-коммуникации, подверглись переосмыслению, например, такие как *профиль*, *дневник*, *аватар*, *комментарий*, *платформа*, *мусор*, *обои* и др. Наблюдаемая интернетизация лексики приводит к пополнению лексического состава русского языка сленгом: *апдейтить* «обновлять что-либо», *банить* «вводить запрет на какие-либо действия», *дэботать* «работать», *мейкануть* «сделать что-либо», *Лук* «почтовая программа Outlook», *клава*, *клавка* «клавиатура», *жук*, *баг* «вирус» и т.д.[6].

В синтаксисе наблюдаются неполные предложения, расчленение текста, связанного с интонацией, на несколько независимых от пунктуации объектов, так как синтаксис речи и письма сильно отличается. Интернет-общение способствует развитию привычки «диагонального» чтения, в результате чего общий смысл улавливается, а усвоение синтаксической структуры не происходит. Отсюда возросшее число ошибок при согласовании. В дальнейшем такие изменения могут привести к утрате конструкций с косвенной речью, упрощению синтаксической системы и сложных конструкций в целом [2].

Вместе с тем следует отметить, что применяются новые средства выразительности, такие как гиперссылки, мультимедийные вставки, использование прописных букв, растягивание слов, вложенное цитирование, картинки и т.д.

Таким образом, язык, свойственный сетевому обществу, с точки зрения своей произвольности и непроизвольности – это совокупность заимствований, жаргона, вульгаризма, сленга, переосмысленных терминов в области компьютерных технологий, сокращений и разговорной лексики.

В условиях устно-письменного интернет-общения русский язык приобретает новые формы и средства выражения, но при этом утрачивает старые. Языковые средства разговорной речи проникают даже в язык публицистики и науки. Наблюдаемые тенденции развития русского языка заставляют задуматься, и становится очевидной необходимость его защиты.

В современном обществе СМИ оказывают влияние на менталитет и стиль восприятия мира людьми и характер современной культуры. Язык СМИ – одна из основных форм языкового существования. Именно анализ текстов массовой коммуникации позволяет сделать выводы о лингвистической компетентности носителей языка и о тенденциях развития литературных языков, которые наблюдаются в этот период.

Обладая высоким престижем и самыми современными средствами распространения, язык СМИ выполняет в «информационном обществе» роль своеобразной модели национального языка, он активно воздействует на литературную норму, языковые вкусы и предпочтения.

С одной стороны, язык массовой коммуникации по-своему обогащает литературный язык, насыщая его оценочными оборотами, формируя отточенную, нередко афористическую речь. С другой стороны, нельзя не видеть негативной роли языка некоторых СМИ, изобилующего многообразными отступлениями от нормы, наводняющего речь жаргонизмами и иноязычными словами [3].

Именно в СМИ происходят активные процессы изменения языковой нормы русского языка. К общим чертам, характерным для языка массовой коммуникации в современном обществе, можно отнести количественное и качественное усложнение конкретных сфер речевой коммуникации; социокультурное разнообразие норм речевого поведения отдельных социальных групп, свойственное современной речевой коммуникации, которое находит отражение в языковой действительности масс-медиа; демократизацию публицистического стиля и расширение нормативных границ языка массовой коммуникации; «американизацию» языка СМИ; следование речевой моде; сознательный отход от литературно-языковой нормы. В связи с этим особенно остро встает вопрос о формировании высокой информационно-языковой культуры в обществе, о сохранении языковых традиций и культуры речи [4].

Язык СМИ играет важную роль как в распространении русского языка, так и в повышении грамотности населения. Невозможно отрицать уважительное отношение к русскому языку в СМИ, но в то же время в газетах мы часто наблюдаем большое количество ошибок, а на экранах телевизоров часто звучит далеко не образцовый русский язык. Фонетические изменения ярко характеризуют речь в эфире и на экране. Повысился темп речи. Усилилась звуковая редукция, то есть количественное и качественное изменение безударных звуков. Пришли в электронные СМИ такие фонетические явления, которые ранее характеризовали только те или иные диалекты, а не публичную, не литературную речь. При произнесении слов и фраз «выбрасываются» звуки и целые слоги [7].

В речи электронных СМИ многочисленны отклонения от акцентной схемы русского слова, а также русской литературной интонации. В интонационных манерах СМИ прослеживается стандарт английской и англо-американской речи. В современной речевой практике также имеют место грамматические и лексико-грамматические изменения. Под влиянием социально-политических факторов изменилось морфологическое значение числа у ряда слов социально-политического обихода, с соответствующим изменением предметного содержания. Слова типа партия, банк, бюджет, правительство, практически не употреблявшиеся ранее во множественном числе, ныне перешли к обычному числовому распределению [5].

Высокий уровень речевой культуры – неотъемлемая черта современного человека, не следует допускать ошибок в произношении, в употреблении форм слов, в построении предложений, однако добиться этого достаточно сложно в нынешней ситуации, когда СМИ, оказывающие значительное влияние на культуру речи общества, столь далеки от норм.

В СМИ, к сожалению, нередко встречаются нарушения языковой нормы. Так, к лексико-стилистическим погрешностям относится незнание особенностей лексической сочетаемости слов в русском языке. Например: *Ухудшается уровень жизни народа*. Правильно: *Снижается уровень жизни народа*. Неверно составлено и предложение: *Чтобы улучшить криминогенную обстановку в городе, правоохранительные органы работают в усиленном режиме (криминогенный «способствующий совершению преступления»)*. Правильно: *Чтобы изменить криминогенную обстановку в городе* или *Чтобы улучшить общую обстановку в городе*. Наблюдается тенденция к ослаблению падежных функций. Например, случаи неправильного выбора падежа: *подтвердил о своем намерении, стратегия об уничтожении*. Правильно: *подтвердил свое намерение, стратегия уничтожения*.

Предлоги *благодаря, вопреки, согласно* требуют после себя имени существительного или местоимения в дательном падеже. Однако наблюдаются неоднократные нарушения этой нормы в СМИ. Например, *Согласно указа президента мероприятие переносится на более поздние сроки...* Правильно: *согласно указу*. *Вопреки предостережения ребенок пошел к воде...* Правильно: *вопреки предостережению*. Подобная ситуация складывается в результате незнания элементарных правил грамматики.

Самое большое количество речевых погрешностей встречается при употреблении имени числительного. В приведенных далее примерах ошибки объясняются именно незнанием

особенностей склонения слов этой части речи: *Вчера еще в области было около триста камер.* Правильно: *около трехсот.* *Операции будут проводиться пятидесятью процентами акций холдинга.* Правильно: *с пятьюдесятью процентами.* *Более восьмисот тысяч пенсионеров могут жить теперь достойно.* Правильно: *более восьмисот тысяч пенсионеров.*

Несклонение или неполное склонение сложных и составных числительных является нарушением литературной нормы. В спонтанной речи редко правильно склоняется числительное *полтора*: *В течении полтора суток город опустел.* Правильно: *полтора суток.* Встречаются ошибки и в выборе падежной формы составного числительного, оканчивающегося *надва, три, четыре* в сочетании с одушевленным существительным. В таких конструкциях независимо от категории одушевленности винительный падеж сохраняет форму именительного, например, *Всего за этот месяц в госпиталь доставили тридцать два раненых* (анетридцать двух раненых). Не соответствует литературной норме и такое предложение: *Строительство комплекса должно быть завершено к двум тысячам третьему году.* Правильно: *...к две тысячи третьему году*, так как в составном порядковом числительном склоняется только последнее слово. Нередки ошибки и такого рода: *Правительство обещает выплатить пенсии к пятому ноябрю.* Правильно: *к пятому ноября.*

